ССРС ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ
КАЗАХСКИЙ ФИЛИАЛ АКАДЕМИИ НАУК СССР

Орысша-қазақша әскери сөздік

Русско-казахский военный словарь

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАСПАСЫ
КазОГИЗ
Алма-Ата—1942

Түзетулер

Беті	Жолы	Басылғаны	Дұрысы
63	сол жақ төм. 1	метериалдан	материалдан
148	сол жақ жоғ. 17	бұтылау	бұрғылау
151	сол жақ төм. 14	табылы	дабылы
158	сол жақ төм. 8	жаю	шаю
169	сол жақ төм. 19	отын	орын
199	сол жақ жоғ. 5	шышқылы	қышқылы
200	оң жақ төм. 13	түйрау	түйреу

Зак. 228.

СССР Ғылымдар Академиясының Қазақ Филиалы
Казахский Филиал Академии Наук СССР

Құрастырғандар: *Мұсабаев Ғ., Цунвазо Ю., Адайханов К.*
Редакциясын басқарған: *С. Аманжолов*

Орысша-қазақша әскери сөздік

Русско-казахский военный словарь

Составители: *Г. Мусабаев, Ю. Цунвазо, К. Адайханов*
Под редакцией: *С. Аманжолова*

Қазақтың
Біріккен Мемлекеттік Баспасы
КазОГИЗ
Алма-Ата—1942

Бұл әскери сөздік Герман фашизмінің Совет Союзына кенеттен жасаған шабуылына қарсы Отан соғысы болып жатқан кезде жасалды.

Сөздіктің мақсаты: 1. Әскерге шақырылған я шақырылуға тиісті жастардың алдын ала әзірленуіне, әскер қатарында жүріп-ақ түсініксіз сөздерін ана тілінде түсінуіне жәрдем беру; 2. жалпы соғыс өнерін үйренетін, әскерден тыс үйренушілерге және 3. мектеп оқушыларының әскери өнерді тез түсініп кетуіне көмекші болу.

Сөздікте соғыс жағдайында қажет деген сөздер мен командалық сөздер берілді. Мұнда командалық сөздер аударылмай, тек қана түсінік берілді, бүйткен себебіміз: команданы орыс тілінде тез түсіндіру. Жеке сөздерге термин алынып, жақша ішінде түсінік берілді.

Сөздіктің жасалуы үстінде ешбір кедергісіз тиісті консультация берген подполковник И. Ф. Ясафов, подполковник Б. Н. Дьячков, лейтенант Б. С. Норкин және сөздікті қарап шығып, біраз кемшіліктерін көрсеткен капитан Т. Мергенов, аға лейтенант Т. Құтжанов жолдастарға ҚФАНның тіл сектор коллективі алғыс айтады.

Бұл сөздік туралы пікірлеріңізді мына адреске жіберуіңізді сұраймыз:

Адрес: Алма-Ата, Казахский Филиал Академии Наук СССР, ИЯЛИ.

СӨЗДІКПЕН ПАЙДАЛАНУ РЕТІ.

Сөздікпен пайдаланғанда, мыналарды ескеру керек:

1. Сөздік қатаң алфавиттік тәртіппен тізілді. Екі я үш сөзден құралып бір реестр болған сөздер де алфавит ретімен тізілді.

2. Бір ұғым беретін күрделі сөздердің анықтауыш арқылы құралғандарының анықталатын сөзі бұрын берілді. Мысалы: «артиллерийский полк» деген сөзді «полк» деген сөзден іздеу керек, үйткені олар мына түрде берілді: «полк артиллерийский».

3. Алынған сөздің қазақ тілінде бірнеше синонимы болса, олар түгел берілді.

4. Орыс тілінде бір сөздің бірнеше мағнасы болса, сөздікте оның әскери мағнасы ғана берілді.

5. Сөздіктегі терминдердің қайсы біреулері басқа сөзбен қабаттаса келгенде, жақша ашып, түсінік берілмегендері де бар, үйткені ол сөздерге басқа жерде (алфавит бойынша) түсінік берілген.

Қысқартылған сөздер:

м — метр.
мм — миллиметр.
мыс. — мысалы.
см — сантиметр.

Абордáж — абордаж (теңіз соғысында — жау кемесіне жақын келіп, бортқа-бортты тигізіп, айқасып тұрып соғысу, шабуыл жасау).

Абордáжный — абордажды, *абордаж* деген сөзді қара.

Абордúровать — абордаждау.

Авангáрд — авангард (әскердің алдыңғы қатардағы тобы).

Авангард главных сил — негізгі күштің алдыңғы қатардағы тобы.

Авангард стратегический — стратегиялық авангард (аса маңызды, стратегия үшін керекті жағдайда бөлінген әскери топ).

Аванпóрт—аванпорт (гаваньның алдыңғы жақтағы кеме тоқтауға керекті бөлімі).

Аванпóст — аванпост (әскердің алдындағы қарауыл отряді, сондай отрядтың тұрған жері).

Аванпóстный — аванпостық.

Авантю́ра — авантюра (жеңісті, табысты болуына көзі жетпей, ойланбай істеушілік).

Авантюрúзм — авантюризм (артының не боларын білмей істей бастаушылық, оңай олжа іздеп соқтығушылық).

Авантюрúст — авантюрист (авантюризмді жақтаушы).

Авантюристúческий — авантюристік (оңай олжашылдық).

Авантю́рный — авантюралы, *авантюра* деген сөзді қара.

Авáрия — авария (кеменің, аэропланның, поездың я басқа машинаның апатқа ұшырауы, қыйрауы).

Авиабáза (авиационная база) — авиабаза (авиация базасы).

Авиабóмба (авиационная бомба) — авиабомба (авиация арқылы жұмсалатын, аспаннан тасталатын бомба).

Авиагрáмма—авиаграмма (самолет дабылы арқылы берілетін хабар).

Авиадесáнт (авиационный десант)—авиадесант (жаудың тылын бүлдіру үшін, қыйрату үшін самолетпен түсірілетін адамдар).

Авиакрéйсер (авиационный крейсер) — авиакрейсер (үстіне самолет қондырып жүретін крейсер типтес кеме).

Авиалóдка — *гидросамолет* деген сөзді қара.

Авиамáтка — авиаматка (аэропланның теңізде қонуы, ұшуы үшін жасалған кеме).

Авиамáяк (авиационный маяк)— авиамаяк (аэропландарды адастырмау үшін биікке орнатқан жарық шамдары бар белгі).

Авианóсец — авианосец (теңізде аэропландарды тасып, сақтап, ұшырып қондыруға лайықтанған кеме).

Авиапáрк (авиационный парк)— авиапарк (авиация паркы).

Авиапо́лк (авиационный полк)— авиаполк (авиациядан құралған полк).

Авиапо́чта — авиапочта (самолет арқылы жеткізілетін почта).

Авиаприце́л (авиационный прицел)—авиаприцел (авиация көздеуіші).

Авиапулемё́т (авиационный пулемет) — авиапулемет (самолетке орнатылған, әуеде жүріп атуға қолайланған пулемет).

Авиа́ция — авиация (ұшқыш аппараттар арқылы әуеде ұшу).

Авиация армейская — армия авиациясы.

Авиация артиллерийская — артиллериялық авиация.

Авиация береговая — жаға авиациясы (теңіз жағасын бақылайтын, қорғайтын авиация).

Авиация бомбардировочная — бомбалау авиациясы (жауға қарсы күресте жаудың армиясын, зеңбіректерін, қару-жарақ складын, тылын қыйратуға, бүлдіруге арналған авиация).

Авиация военная — соғыс авиациясы (соғысқа арналған, бейімделген, әуеде жүріп соғысу үшін жасалған авиация).

Авиация истребительная —жойғыш авиация (жаудың бомбалау авиациясын қыйратуға арналған, тез көтеріліп, биік және шапшаң ұшатын самолеттер).

Авиация морская — теңіз авиациясы (теңіз үстінде жауынгерлік қызмет атқаруға арналған самолеттер).

Авиация наблюдения — бақылау авиациясы.

Авиация разведывательная — шолғыншы авиация (әуе-соғыс күшіне керекті мәліметтерді жеткізіп тұратын, барлап алдынала біліп жүретін самолеттер).

Авиация санитарная — санитарлық авиация (соғыс кезінде жаралы адамдарды тасуға, оларға жәрдем көрсетуге бөлінген бірнеше самолет, болмаса авиаотряд).

Авиация сопровождения — нөкерлік авиация.

Авиация судовая — *авиация морская* деген сөзді қара.

Авиация сухопутная —құрылық авиация.

Авиация штурмовая — штурмалау авиациясы.

Авиаэскадри́лья (авиационная эскадрилья) — авиаэскадрилья (бірнеше соғыс самолеты отрядтарының тобы).

Авиэтка—авиетка (моторының қуаты аз, кішкене жеңіл самолет).

Авиоба́за—*авиабаза* деген сөзді қара.

Авиодеса́нт — *авиадесант* деген сөзді қара.

Авиопо́чта — *авиапочта* деген сөзді қара.

Авра́л — аврал (теңіз кемелерінде — барлық қызметшілерді палубаға жұмысқа шақыру, дабыл).

Авто́бу́с — автобус (кісі тасыйтын көп орынды автомобиль).

Авто́бу́сный — автобустық.

Автодрези́на — автодрезина (теміржол рельсымен өздігінен жүретін машина).

Автожи́р — автожир (самолет сыяқты ұшатын, тік қонатын аппарат).

Автоко́лонна (автомобильная колонна) — автоколонна (әскердің қару-жарағын, азық-түлігін және өздерін тасыйтын автомобильдер).

Автоколонна санитарная — санитарлық автоколонна (соғыс кезінде дәрігерлік жәрдем жеткізуге арналған бір топ автомобиль).

Авто́л — автол (машиналарды майлауға керекті мұнайдан істелген май).

Автома́т — автомат (ішкі механизмінің әсерімен өздігінен іс істейтін аппарат).

Автомати́ческий — автоматты (ішкі механизмдерімен өздігінен істейтін).

Автомоби́ли депо — *автомобили специальные* деген сөзді қара.

Автомобили повышенной проходимости — кез келген жердің қайсысымен болса да жүре алатын автомобильдер.

Автомобили специальные — арнаулы автомобильдер (ауруларды тасуға, өртке, мастерскойға, қар тазалауға, прожекторге, депо жұмысына, сұйық зат тасуға т. б. арналған автомобильдер).

Автомоби́ль — автомобиль (өзінің механикалық қозғалтқыш күшімен жүретін машина).

Автомобиль броневой — бронялы автомобиль.

Автомобиль военный — соғыс автомобилі (соғыс жұмысына бейімделген автомобиль, бұлар жауынгерлік, транспорттық, арнаулы болып үшке бөлінеді, олар сыртқы құрылысына қарай бронялы, бронясыз болады).

Автомобиль грузовой — жүк автомобилі.

Автомобиль гусеничный — жыланбауыр автомобиль (екі жақ дөңгелектеріне екі бөлек жалпақ шынжыр кигізілген автомобиль).

Автомобиль связи — қатнас автомобилі.

Автомобиль трехосный — үш білікті автомобиль.

Автомобиль шестиколесный — алты дөңгелекті автомобиль.

Автоно́мность подводных лодок — сүңгуір қайықтардың автономдығы (сүңгуір қайықтардың ұзақ уақытқа өздігінен жүріп тапсырылған міндетті орындауға жарамды, жарамсыздығын көрсететін тактикалық қасиеті).

Автоперево́зка — автомобильмен тасу.

Автопило́т — автопилот (самолетті автомат түрде басқаруға көмектесетін прибор).

Автопо́езд — автопоезд (көбінесе, заводта қолданылатын жүк тасуға арналған тіркемелі автомобиль).

Автоса́ни — автошана (қарда жеңіл жұмысқа қолданылатын автомобиль сыяқты дөңгелегіне шаңғы қойылған моторлы машина).

Автоцисте́рна химическая — химиялық автоцистерна (уландыратын газды һаваға я көшеге шашатын машина).

Агент — агент (тапсырған белгілі жұмысты ашық болмаса құпия жүріп, істейтін адам).
Агитация — агитация (үгіт).
Агитпункт (агитационный пункт) — агитпункт (агитация пункты, агитация жұмысын жүргізетін орын).
Агрегат — агрегат (бірнеше машинадан құралған күрделі машина).
Агрессивный — агрессиялық (жаулап алушылық).
Агрессия — агрессия (біреудің жерін, елін жаулап басып алу, шабуыл жасау).
Агрессор — агрессор (біреудің жеріне, еліне шабуыл жасаушы, басып алушы).
Адамс — адамс (мина дәрісі, оның составы: селитра — 54 процент, күкірт — 20 процент, түсті күкірт — 13 процент, су — 10 процент, пикрин қышқылы (кислота) — 1 процент, сынап тотығы — 0,5 процент, вольфрам қышқылы (кислота) — 0,5 процент болады).
Адамсит — адамсит (адамның тыныс мүшесіне түтін болып әсер ететін уландырғыш газ, тұтанғанда оның түрі — қошқыл сары, немесе қарақоңыр түтін сияқты болады).
Администрация военная — әскери администрация (әскери күштің құрылысы туралы фән).
Адмирал — адмирал (теңіз флоты қызметіндегі ең жоғарғы атақ).
Адмирал армейский — армия адмиралы.
Адмирал бригадный — бригада адмиралы.
Адмирал корпусный — корпус адмиралы.
Адмиралтейский — адмиралтейлік.
Адмиралтейство — адмиралтейство (әскери теңіз-флотын басқаратын орын).
Адмиральский—адмиралдық.
Адресат — адресат (почта жіберілген адам).
Адресный — адрес (тік).
Адресовать — адреске жіберу.
Адъютант — адъютант (әскери бөлім начальнигінің тапсырмасын орындайтын болмаса, штаб қызметін істейтін адам).
Адъютантский — адъютант (тық).
Азбука Морзе — Морзе азбукасы (телеграфта қолданылатын әліппе).
Азимут— азимут: 1) көздеушінің тұрған жері мен көздеген жері арасындағы бұрыш; 2) терістік пен көздеген жерінің ара бұрышы.
Азимут цели — нысана азимуты.
Азот — азот (һауа составына кіретін түссіз газ).
Академия — академия (кейбір жоғары дәрежелі мектептердің аты).
Академия моторизации и механизации — моторизация және механизация академиясы.
Академия военно-воздушная — әскери-әуе академиясы (әуе соғысы техникасын оқытатын академия).
Академия общевойсковая — жалпы әскери академия.
Академия транспортная —

транспорт академиясы (соғыс транспорт мамандарын даярлайтын академия).

Акваторий минный — миналы акватор (терендігі 25 — 32 м суы бар орынды талғап алып түрлі мина құралын сынайтын жер).

Акклиматизационный — акклиматизациялы.

Акклиматизация — акклиматизация (климатқа бейімделу).

Акклиматизировать — акклиматизациялау (жаңа климатқа дағдыландыру, үйрету).

Акклиматизироваться — *акклиматизация* деген сөзді қара.

Аккумулятор — аккумулятор (электрленген я электр шығаратын аспап).

Аккумуляторный — аккумуляторлық, аккумуляторлы.

Акробатика воздушная — әуе акробатикасы (қыйын қыймылдарды самолетпен әуеде істеу).

Алидада — алидада (топографиялық съемканы айыратын аспап).

Аллюр — аллюр (аттың жүріс мөлшері: аяң, желіс, шабыс т. б.).

Алмаз — алмаз (өте қатты, түссіз мөлдір, қымбат тас).

Алмазный — алмаз (ды), алмастық.

Альпинист — альпинист (тауға шығу өнерін білетін адам).

Алюминий — алюминий (күміс түсті жеңіл металл).

Алюминиевый — алюминнен жасалған.

Амальгама — амальгама (басқа металмен қосылған сынап).

Амбразура — амбразура (атыс құралының аузын сыртқа шығарарлықтай етіп істелген қамалдағы тесік).

Амнистировать — амнистия беру.

Амнистия — амнистия (қылмыс жазасын бүтіндей я шамалап кешу, не зерттеу кезінде қысқартып үкмет орнының шығарған қаулы-қарары).

Амнистированный — амнистияланған.

Амортизация — амортизация: 1) документ күшінің жойылуы; 2) автомобильде, аэропландарда жүргенде, тоқтағанда болатын тынышсыздықты жұмсарту.

Амортизировать — амортизациялау.

Ампер — ампер (электр тогі күшінің өлшемі).

Амперметр — амперметр (электр тогінің күшін өлшейтін құрал).

Амперметр карманный — қалта амперметрі (батарея тогінің күшін өлшейтін, сағат сияқты механизмі бар, қалтаға салып жүретін аспап).

Амперметр — переключатель — амперметр — ауыстырғыш (авиация двигателінің жағу системасын бақылайтын аспап).

Ампула стеклянная — шыны ампула (жандырғыш бутылканың ішіне салынып, лақтырып жібергенде түскен жерде бутылкамен бірге жарылып, басқа сүйықтыққа қосылғанда жандыратын жекеленген сүйықтық).

Амуниция — амуниция (әскер керек-жарағы, кийм-кешегі).

Амуниция конская — ат амунициясы (ат тұрман т. б.).

Амфибия — амфибия (суда, құрыда қонып ұшуға, жүруге қолайланған аппарат).

Анализ — анализ (бір нәрсені талқылау я талдап тексеру, зерттеу).

Анализировать — анализдеу (істі, затты талдап тексеру).

Анализироваться — анализдену, талдану.

Ангар — ангар: 1) әуе кемесін сақтайтын, қоятын сарай сияқты жабық үлкен орын; 2) судағы аңгар (белгілі ашық орын).

Андшпуг — андшпуг (кемеде ауыр нәрсені көтергенде бір нәрсенің тесік жеріне салып бұрауға жұмсалатын ағаш, темір).

Анемометр — анемометр (жер бетіндегі желдің күшін, бағытын білетін аспап).

Анкета — анкета (әдейі арналған форма бойынша мәлімет жазылатын қағаз).

Аннексия — аннексия (бір елді бүтіндей, я жартылай басқа бір елге қосу).

Аннулировать — жою, құрту теріске шығару, іске аспайды деп жарыялау).

Аннуляция — аннуляция (жою, жоғалту, іске асырмау).

Антабка — антабка (винтовканың, пулеметтің бау өткізетін тесігі)

Антенна — антенна (радио толқынын ұстау үшін мачтаға іліп қойған сым).

Антенна внутренняя — ішкі антенна.

Антенна наружная — сыртқы антенна.

Антенна передатчика — передатчик антеннасы.

Антенна приемная — қабылдау антенна.

Антенны самолетные — самолеттер антеннасы.

Антиклиналь — антиклиналь (жердің қыртысы айналып барып көтерілген жері).

Антиципация — антиципация (алдын-ала істеп қою, бір ғамалдың я құбылыстың мезгілінен бұрын болуы).

Антрацит — антрацит (сапалы көмір).

Анфилада — анфилада (дұшпанның бүтін линиясының өн бойына оқ ату).

Аппарат — аппарат (бір іске қолайланған құрал).

Аппарат вызывной — шақыру аппараты.

Аппарат диспетчерский — диспетчерлік аппарат.

Аппарат звукоулавливающий — дыбыс ұстағыш аппарат.

Аппарат кислородный — ішіне кислород толтырған аспап.

Аппарат летательный — ұшқыш аппарат.

Аппарат минный — мина аппараты.

Аппарат подслушивания — тыңдау аппараты.

Аппарат телеграфный — телеграф аппараты.

Аппарат торпедный — торпеда аппараты.

Аппарат торпедный кормовой — артқы торпеда аппараты (торпеданы жіберу үшін кеменің артқы жағына орнатылған аппарат).

Аппарат торпедный носовой — тұмсықтағы торпеда аппараты (торпеда жіберу үшін кеменің алдыңғы жағына орнатылған аппарат).

Аппарат торпедный подводный — су астынан торпеда жіберетін аппарат.
Аппарат фильтрующий — сүзгіш аппарат.
Аптéка — аптек (дәрі-дәрмек жасайтын, сақтайтын, беріп тұратын орын).
Аптéкарь — аптекарь (аптекте істеуші).
Арби́тр — арбитр (келе би, қазы).
Арéна — майдан.
Арео́метр — ареометр (сұйық заттың қоюлығын я күшін өлшейтін аспап).
Арéст — арест (тұтқын).
Арестова́ть — арестке алу.
Ариерга́рд — *арьергард* деген сөзді қара.
Армату́ра — арматура (бір аппараттың я машинаның ұсақ-түйек аспаптары).
Армéец — әскер (армияда қызмет етуші).
Армéйский — армия (лық), армияның.
А́рмия — армия: 1) бір мемлекеттің құрғақтағы барлық әскері; 2) соғыс кезінде стратегиялық мақсатпен, құралдары басқа-басқа әртүрлі әскер бөлімдерінің біріккен түрі; 3) артықша саналған гвардиядан бөлек кәдімгі жаяу әскер бөлімі.
Армия вербовочная — еркімен алынған армия.
Армия вторжения — басып кіретін армия (дұшпанның күшін біліп, соған төтеп бергендей басып алу мақсатына құрылған армия).
Армия действующая — әрекеттегі армия.
Армия кадровая — кадрдегі армия.
Армия моторизированная — моторланған армия.
Армия народная — халық армиясы.
Армия постоянная — *армия регулярная* деген сөзді қара.
Армия регулярная — тұрақты армия.
Армия территориальная — жергілікті армия.
Арсена́л — арсенал: 1) әскер құралының дүкені, склады; 2) әскер құралын жасайтын орын; 3) ескі әскери құралдар тұратын музей.
Арсена́л корабельный — корабль арсеналы (кемеде — артиллерия мен қолға ұстайтын құралдардың запасы, бөлімдері тұратын орын: осы күнде—корабль артиллериясының қоймасы делінеді).
Артéрия — артерия, күретамыр.
Артиллери́ст — артиллерист. (артиллерияда істеуші).
Артиллéрия — артиллерия: 1) барлық жабдығы түгел зеңбірек (ірі атыс құралдары); 2) ірі зеңбіректермен соғысушы әскер бөлімі; 3) зеңбіректер жөніндегі ғылым.
Артиллерия армейская — армия артиллериясы.
Артиллерия батальонная — батальон артиллериясы.
Артиллерия береговая — жаға артиллериясы (су жағасына орнатылған артиллерия).
Артиллерия возимая — тасымал артиллерия.
Артиллерия вьючная — артпалы артиллерия.
Артиллерия главная — басты, негізгі артиллерия.
Артиллерия горная — тау артиллериясы.

Артиллерия да́льнего действия — алыстан ататын артиллерия.
Артиллерия дальнобойная — алыстан тиетін артиллерия, алыс ататын артиллерия.
Артиллерия дивизионная — дивизион артиллериясы.
Артиллерия зенитная — зениттік артиллерия (самолетті ататын артиллерия).
Артиллерия корпусная — корпус артиллериясы.
Артиллерия легкая — жеңіл артиллерия.
Артиллерия малокалиберная — кіші калибрлі артиллерия.
Артиллерия морская — теңіз артиллериясы.
Артиллерия моторизированная — моторланған артиллерия.
Артиллерия осадная — қамау артиллериясы.
Артиллерия противотанковая — танк бұзғыш артиллерия.
Артиллерия самоходная — *артиллерия моторизированная* деген сөзді қара.
Артиллерия траншейная — траншея артиллериясы.
Артиллерия тяжелая — ауыр артиллерия.
Арьерга́рд — арьергард (жорыққа шыққан әскер шегінгенде шегінушілерді қорғап артта жүретін топ).
Астроно́мия мореходная — теңіз астрономиясы (судағы кеменің қай жерде жүргендігін күнге, жұлдыздарға қарап айыратын ғылым).
Ата́ка — атака (шабуыл).
Атака воздушная — әуе атакасы, әуе шабуылы.
Ата́ка газовая — газ атакасы (газбен шабуыл жасау).
Атака групповая — группалы атака (әуеде болады).
Атака кавалерийская — кавалерия атакасы (аттылар атакасы).
Атака конная — *атака кавалерийская* деген сөзді қара.
Атака лобовая — бетпе-бет атака.
Атака ложная — жалған атака (атака жасаған болып, негізгі күшке басқа жағынан шабуыл жасату).
Атака минная — мина атакасы.
Атака подводных лодок — сүңгуір қайықтар атакасы.
Атака танковая—танк атакасы.
Атака торпедная — торпедті атака.
Атака фланговая — фланг атакасы (жаудың екі жақ шетінен, я бір жағынан түретию, шабуыл жасау).
Атака фронтальная — жаппай атака.
Атака штыковая — штык атакасы.
Атако́ванный — атакаланған, шабуыл жасалған.
Атакова́ть —атакалау, шабуылдау.
Атташе́ — атташе (шет ел дипломатия уәкілдігіне кіретін әскери уәкілдік).
Аттеста́т — аттестат (әскерлік атағын беру жөнінде, қызметтен босағаны жөнінде қолына берілетін қағаз).
Аттеста́ция — аттестация (білім дәрежесін айыру).
Аттесто́ванный — аттестат берілген, аттестациядан өткен.
Аттестова́ть — аттестат беру, аттестациядан өткізу, куәлендіру, сыннан өткізу.
Аэрогра́фия — аэрография (жер бетіне жақын һауаның әуе

кемесі жүруіне қолайлығын тексеретін ғылым).

Аэродина́мика — аэродинамика (қозғалыстан туатын жел күшін, жел екпінін тексеретін ғылым).

Аэродро́м — аэродром (самолеттің тұратын, ұшып шығатын, қонатын жері).

Аэродром запасный — запас аэродром (негізгі аэродромға қосалқы жасалған орын).

Аэродром морской — теңіз аэродромы.

Аэродром основной — негізгі аэродром.

Аэродром передовой — алдыңғы аэродром.

Аэродром пловучий — жүзіп жүретін аэродром.

Аэродром полевой — жорық аэродромы.

Аэродром промежуточный — аралық аэродром.

Аэродром рабочий — жай аэродром.

Аэронавига́ция — аэронавигация (жер, карта, радио және басқа аспаптар арқылы әуе кемесін жүргізу жөніндегі ғылым).

Аэрона́вт — аэронавт (әуеде жүзгіш).

Аэропла́н — аэроплан.

Аэропо́рт — аэропорт (бүкіл керек-жарағы сай үлкен аэродром).

Аэропо́чта — аэропочта (әуе арқылы тасылатын почта).

Аэроса́ни — аэросани (қарда жүруге лайықталған табаны шаңғы сияқты самолеттің винтімен жүретін шана).

Аэроста́т — аэростат (ішіне газ толтырылған һауадан жеңіл ұшқыш аппарат).

Аэростат заграждения — қоршау аэростаты.

Аэростат наблюдения — бақылау аэростаты.

Аэростат неуправляемый — басқарылмайтын аэростат.

Аэростат привязной — байламалы аэростат.

Аэростат управляемый — басқарылатын аэростат.

Аэроста́тика — аэростатика (газдың тепе-теңдігі туралы ғылым).

Аэрофотогра́фия — аэрофотография (аэропланда отырып сурет салу ғылымы).

Аэрофотосъё́мка — аэрофотосъемка (аэропланда отырып фотографияға салып алу).

Ба́ба — баба (аспалы балға, тығындалған заттарды тегістеп отыратын ауыр гір).

Баго́р — багор (ұзын үшкір ілмекті темір таяқ).

Ба́за — база (әскери құрал-саймандар, запас бөлімдер, жанар майлар тұратын орын).

База артиллерийская — 1) артиллерия базасы; 2) бақылау пункті мен орудия арасындағы жер.

База береговая — жаға базасы (жаға күштері я болмаса құрал-саймандары, жанар майлары тұратын орын).

База военно-морская — *база морская* деген сөзді қара.

База вспомогательная — жәрдемші база.

База короткая — қысқа база (артиллерия оғының нысанаға жетуін бұрыш өлшеуі арқылы білу).

База минная — миналық база (минаның өзі, бөліктері, ке-

рек аспаптары тұратын база).
База морская — теңіз базасы (теңіз соғыс күштерінің тұратын орны).
База операционная — операциялық база.
База основная — негізгі база.
База пловучая — жүзіп жүретін база.
База подводных лодок — сүңгуір қайықтар базасы.
База снабжения — жабдықтау базасы.
База сухопутная — құрылық база (құрылықта жүретін армияға керекті соғыс қару-жарақтар, запас бөліктер сақталатын орын).
Бак — бак: 1) сұйық зат құюға арналған жабық темір ыдыс; 2) корабль мен шлюпка палубасының алдыңғы жағы.
Бак бензиновый — бензин багы (бензин құюға арналған жабық ыдыс).
Бак дополнительный — қосымша бак.
Бак запасной — запас бак, артық бак.
Бакбо́рт — бакборт (кеменің артынан қарағанда сол жағы).
Ба́кен — бакен (судың саяздығын көрсету үшін якорьге байлап қойылған бак сиякты көрсеткіш).
Бакте́рия — бактерия (микроскоп арқылы ғана көзге көрінетін микроб).
Балла́ст — балласт: 1) кеменің суға бату тереңдігін сақтауға, кемені тоқтатуға керекті жүк; 2) аэростаттың жоғары ұшуын реттеуге керекті құм толтырылған қап; 3) теміржол табанын бекітуге салынатын ұсақ тас, қыйыршық.
Балласти́ровать — балластау (теміржолдың табанына ұсақ тас, құм төсеу).
Балли́стика — баллистика (артиллерия снарядының ұшуы туралы ғылым).
Балло́н — баллон: 1) газды, қышқылтымдарды сақтайтын доңгелекше сауыт; 2) аэростаттың газ өтпейтін қабығы.
Баллон газовый — газдық баллон.
Ба́нда — банда: 1) тонаушылар, баспашылар, хулигандар тобы; 2) революцияға қарсы қаруланған жауыздар тобы.
Банди́т — бандит (бандаға қосылушы, бандаға қатнасып іс істеуші кісі).
Банди́тизм — бандитизм (бандашылық).
Ба́нник — банник (қару тазартатын аспап).
Бараба́н — барабан.
Бараба́нщик — барабанщик, барабан соғушы.
Бара́к — барак.
Ба́ржа — баржа (моторсыз кеме).
Ба́рка — барка (баржаның кішісі).
Баро́гра́ф — барограф (атмосфераның қысуын жазып тұратын аспап).
Баро́ме́тр — барометр (һауа райын көрсететін аспап).
Баррика́да — баррикада (көше ұрысында әртүрлі заттардан үйілген қорған).
Баррикади́ровать — баррикада жасау, қорған жасау.
Барье́р — барьер (ат ойынына керекті, қолдан жасаған, ат секіретін кедергі).

Бассейн — бассейн: 1) қолдан жасалған үлкен су; 2) теңізі, көлі, өзендері бар жер; 3) айналасынан төмен түскен тау жыныстары бар жер.

Бастион — бастион (5 бұрышты қамал сияқты бекініс; кішірек форт).

Батальон — батальон (пехотаның (жаяу әскердің) бірнеше ротасынан құралған әскер бөлімі (полктың бір бөлімі).

Батальон восстановления—қайта қалпына келтіру батальоны.

Батальон гвардейский — гвардия батальоны.

Батальон горный — тау батальоны.

Батальон железнодорожный — теміржол батальоны.

Батальон запасный — запастағы батальон.

Батальон инженерный — инженерлік батальон.

Батальон истребительный — жойғыш батальоны.

Батальон маскировочный — бүркеніш батальоны.

Батальон минный — мина батальоны.

Батальон морской — теңіз батальоны.

Батальон отдельный — жеке батальон (әкімшілік-шаруашылық жағынан полкпен тең батальон).

Батальон передовой — алдағы батальон.

Батальон пехотный — жаяу батальон.

Батальон пограничный — шекара батальоны.

Батальон понтонный — понтон батальоны (саздан, батпақтардан, судан, өзендерден әскерді өткізетін батальон).

Батальон пулеметный — пулемет батальоны.

Батальон санитарный — санитарлық батальон.

Батальон саперный — саперлық батальон (инженерлерден, техниктерден құралған батальон).

Батальон связи — қатнас батальоны.

Батальон таможенных войск — тамождық әскер батальоны (шетке шығатын, келетін товарларды тексеріп тұратын батальон).

Батальон танковый — танк батальоны.

Батальон транспортный — транспорт батальоны.

Батальон тяжелых танков — ауыр танктер батальоны.

Батальон учебный — үйреніс батальоны.

Батальон химический — химия батальоны.

Батальон штурмовой — штурмалау батальоны.

Батарея — батарея: 1) артиллерияның 3 — 4 зеңбіректен құралған бөлімшесі; 2) артиллерияның бірнеше взводтан құралған тактикалық единицасы; 3) бірнеше аккумулятордың қосындысы.

Батарея береговая — жағадағы батарея (теңіз жағаларына орнатылған батарея).

Батарея броневая — бронялы батарея.

Батарея вьючная — артпалы батарея (бөліп атқа артып жүретін батарея).

Батарея газометная — газ батареясы (газ ататын, газбен құралданған батарея).

Батарея гаубичная — гаубица батареясы.
Батарея горная — тау батареясы (таулы жердегі атысқа лайықталған, алып жүруге қолайлы батарея).
Батарея зенитная — зениттік батарея.
Батарея инструментальной разведки — құралды шолғын батареясы (шолу ісіне қажетті түрлі құралмен қаруланған батарея).
Батарея кинжальная — кинжал батареясы (жауға жақын тұрып ататын батарея).
Батарея конная — атты батарея.
Батарея конная противотанковая — танк жойғыш атты батарея.
Батарея ложная — жалған батарея.
Батарея мортирная — мортиралы батарея (қысқа стволды батарея).
Батарея минометная — миномет батареясы (мина қоятын, ататын батарея).
Батарея огнеметная — от ату батареясы (жақын жерге от түсіретін от шашатын батарея).
Батарея подрывная — қыйрату батареясы.
Батарея полковая — полк батареясы.
Батарея противотанковая — танк жойғыш батарея.
Батарея пушечная — зеңбірек батареясы.
Батарея светометрическая — жарық өлшегіш батарея.
Батарея сопровождения — нөкер батареясы.
Батарея топографическая — топографиялық батарея.
Ба́шня — мұнара (соғыс кемесінде, танкіде атыс құралын орнататын дөңгелекше келген броняланған мұнарашық.
Башня броневая — бронялы мұнара.
Башня вращающаяся — айналмалы мұнара.
Башня двухорудийная — екі орудиялы мұнара (кеменің үстіне орнатылған екі зеңбіректі мұнара).
Башня танка — танк мұнарасы.
Бди́тельность — қырағылық.
Бди́тельный — қырағы.
Бег — жүгіру; қашу.
Бег с препятствиями — кедергілерден өте жүгіру.
Бега́ — жарыс, шабыс.
Бе́гать — *бежать* деген сөзді қара.
Бе́гство — қашу, қашушылық.
Бегство беспорядочное — бетбетімен қашу.
Бегу́н — жүйрік.
Бежа́ть — қашу, жүгіру.
Бе́женец — босқын.
Безвре́дный — зарарсыз.
Бездоро́жье — жолсыз, жолсыздық (жүретін жолы жоқтық).
Безопа́сный — хауыпсыз.
Безору́жный — құралсыз, қарусыз.
Безостано́вочно — тоқтаусыз.
Безрезульта́тность — нәтижесіздік.
Безрезульта́тный — нәтижесіз.
Безро́потно — қыңқылсыз, қарсылықсыз.
Бельё — көйлек-көншек.
Белье нижнее — ішкиім.
Бензи́н — бензин.
Бензинопрово́д — бензин проводы (бензин ағызатын труба).
Бензо́л — бензол (жарылатын

заттарға қосылатын ерекше иісті, жанғыш сұйық зат).
Бе́рег — жаға, кемер.
Берегово́й — су жағасындағы.
Беспе́чность — қамсыздық, аңқаулық, бейқамдық.
Беспе́чный — аңқау, ашықауыз.
Беспоко́ить — мазасын алу, тыныштық бермеу.
Беспоко́иться — тынышсыздану.
Беспоря́док — тәртіпсіз, тырым-тырақай.
Беспоща́дно — аяусыз.
Беспоща́дный — қайрымсыз, мейрімсіз.
Беспреры́вно — үздіксіз.
Беспреры́вный — үздіксіз.
Беспро́волочный — сымсыз.
Бесшу́мно — дыбыссыз.
Бесшумно снять часовых — часовойларды (күзетшілерді білдірмей жоқ қылу).
Бесшу́мность — дыбыссыздық.
Бето́н — бетон (цемент массасы мен құм, ұсақ тас араласқан, құрлысқа керекті зат).
Бетони́ровать — бетондау (бетон құйып тастау).
Бето́нный — бетонды, бетоннан жасалған.
Бето́нщик — бетоншы.
Бива́к — бивак (әскердің ашық даладағы демалыс я қоналқалық орны).
Бивуа́к — *бивак* деген сөзді қара.
Бидо́н — бидон (сұйық зат құюға керекті қаңылтыр ыдыс).
Биле́т — билет.
Биле́т военный — әскери билет.
Билет отпускной — демалыс билеті (ұзақ мерзімге берілетін демалыс билеті).
Бино́кль — дүрбі.
Бинокль полевой — жорық дүрбісі.
Бинт — бинт (денедегі жарахатты, сынған, жараланған жерді орайтын марлі (мата).
Бипла́н — биплан (қосқанатты аэроплан).
Би́тва — қырғын соғыс.
Бить — ұру, соққы беру, өлтіре соғу, қыру.
Бить врага — жауға соққы беру, жауды қыру, қырғын таптыру.
Бить отбой — тойтарыс беру, жаудың шабуылын тоқтату, бетін қайтару.
Бить в цель—нысанаға тигізу.
Бить тревогу — дабыл қағу.
Би́ться — 1) соғысу, атысу; 2) соғу, ұру.
Благода́рность — алғыс.
Благонадёжность — сенімділік.
Благонадёжный — сенімді.
Благоустро́енный — өңделген, түзелген, ретке, тәртіпке келтірілген.
Бли́зкий — жақын.
Бли́зость — жақындық.
Блинда́ж — блиндаж (оқтан сақтану үшін окоптың үстіне қойылған қалқа).
Блинди́ровать — блиндаждау, қалқа жасау.
Блок — блок: 1) жоғары жерге орнатылған дөңгелекке арқан орау арқылы зат көтеретін жай машина; 2) бір заттардың қосындысы, тобы; 3) саяси жік.
Блока́да — блокада (жауды теңізге, құрыға жібермес үшін, басқамен байланысын үзу үшін жан-жағынан әскермен қамау).
Блокга́уз — блокгауз (соғыс кезінде, жалпы жорықта жүргенде, соғыс құралда-

рын далада жасырын қойып атыс жасайтын орын).
Блокированный — блокадаланған.
Блокировать — блокада жасау (жан-жағын қамап алып, басқаға араластырмау).
Блокироваться — блокада да қалу, қамалу.
Блокировка — блокировка (теміржолдың бос екенін, не бос емес екенін көрсететін сигнал).
Бобина — бобина (электр аспаптарында және машиналарында — сым оралған үйрек (катушка).
Богатство — барлық, молдық, байлық.
Богатый — мол, көп.
Богатырь — батыр.
Боевое крещение — соғысқа тұңғыш қатысу.
Боевой — жауынгер.
Боек — боек (шүріппе).
Боек ударника — ударниктің боегі (патрондағы пистонды соғатын шүріппе).
Боеприпасы — *припасы боевые* деген сөзді қара.
Боеспособность — жауынгерлік.
Боеспособный — жауынгер.
Боец — әскер (басқа елдерде — солдат).
Бой — соғыс, ұрыс.
Бой авангардный — авангардтық ұрыс, соғыс (майданның алдыңғы қатарындағы соғыс).
Бой артиллерийский — артиллерия ұрысы.
Бой в зимних условиях — қысқы жағдайдағы ұрыс.
Бой в конном строю — атты ұрыс.
Бой воздушный — әуе ұрысы.
Бой в пешем строю — жаяу ұрыс.
Бой встречный — қарсы ұрыс екі жақ жүріп келіп қарсы соғысып қалу).
Бой главных сил — негізгі әскер күшінің ұрысы.
Бой групповой — группа ұрысы.
Бой за выигрыш времени — уақыт ұту ұрысы.
Бой за населенный пункт — ел тұрған жер үшін ұрыс.
Бой за переправу — өткел үшін ұрыс.
Бой комбинированный — құрамалы ұрыс (самолеттердің, артиллерияның, танктердің, пехотаның (жаяу әскердің), атты әскердің біріне бірі жәрдемдескен ұрысы).
Бой морской — теңіз ұрысы.
Бой наземный — жердегі ұрыс.
Бой наступательный — шабуылды ұрыс.
Бой ночной — түнгі ұрыс.
Бой оборонительный — қорғану ұрысы.
Бой общевойсковой — әскердің барлық түрі қатысқан ұрыс.
Бой одиночный — жекелеген ұрыс.
Бой отступательный — шегіністі ұрыс.
Бой пограничный — шекара ұрысы.
Бой решительный — шешуші ұрыс.
Бой рукопашный — аралас ұрыс (екі жақтың әскерлері араласып кетіп, қолма-қол соғысу).
Бой танковый — танк ұрысы.
Бой уличный — көше ұрысы.
Бой штыковой — штықтасқан ұрыс.
Бойкий — өткір, өжет.

Бойкость — өткірлік, өжеттік.
Бойница — бойница (қамалдың, зеңбіректің, құралдың аузын шығарып қоятын атуға керекті тесігі).
Бойня — қырғын.
Бок — жан.
Боковой — жанама, жаны, қабырғасы.
Бокс — бокс (спорттың жұдырықтасу түрі).
Боксёр — боксер (бокс ойынының маманы, қатысушысы).
Болотистый — батпақты, сазды.
Болото — батпақ.
Болт — болт (түп жағында қалпағы бар, ұшында бұрамалы гайкасы бар, механизмді ұстастыруға керекті темір).
Болт соединительный — қосу болты.
Больница — больница, ауруxана.
Больной — ауру, сырхат.
Большак — күре жал.
Больше — артық, көп, көбірек.
Большевик — большевик (коммунист партиясының мүшесі, сол партияның жолын қуаттап, соның мақсатына сай істі белсенді түрде атқарушы).
Большинство — көпшілік.
Бомба — бомба (жерде я әуеде жарылып атылып өртейтін, айналасын талқандайтын, ішінде оқ-дәрі бар жарылғыш зат).
Бомба авиационная — авиация бомбасы (самолеттен тастайтын бомба).
Бомба агитационная — (агитбомба) — агитация бомбасы (ішіне үгіт-насыйқат кітаптары, листовкалар толтырылған, жерге түспей-ақ жарылатын бомба).
Бомба бризантная — жарылатын бомба.
Бомба бронебойная — броня тескіш бомба.
Бомба глубинная — сүңгуір қайықты жоятын, суға тереңдеп батып жарылатын бомба.
Бомба зажигательная — өртегіш бомба.
Бомба замедленного действия — кешеуілдеп жарылатын бомба.
Бомба мгновенного действия — тиісімен жарылатын бомба.
Бомба осветительная — жарықтандыратын бомба.
Бомба осколочная — бытырап атылатын уатылмалы бомба.
Бомба фосфорная — фосфорлы бомба.
Бомба фугасная — фугасты бомба.
Бомба химическая — химиялық бомба.
Бомбардир — бомбардир (неміс армиясында қолданылатын, артиллерия солдатына берілген ат).
Бомбардировать — бомбалау, бомба тастау, бомба тастап қыйрату, жою.
Бомбардировка — бомбалау.
Бомбардировщик — бомбардировщик (бомбалайтын самолет).
Бомбардировщик дневной — күндізгі бомбардировщик.
Бомбардировщик легкий — жеңіл бомбардировщик.
Бомбардировщик ночной — түнгі бомбардировщик.
Бомбардировщик средний — орта бомбардировщик.
Бомбардировщик тяжелый — ауыр бомбардировщик.

Бомбёжка — *бомбить* деген сөзді қара.
Бомби́ть — бомбалау.
Бомби́ст — бомбист (бомбалаушы адам, бомбашы).
Бомбово́з — *бомбардировщик* деген сөзді қара.
Бомбодержа́тель — бомба ұстағыш (самолетке бомба салғанда қысып тұратын аспап).
Бомбомёт — бомбомет (бомбаны тастауға керекті құрал).
Бомбомет траншейный — траншея бомбометі (төбесінен бомбаны тік түсіретін құрал).
Бомбоме́тчик — бомбометчик (бомба тастағыш).
Боре́ц — балуан.
Борт — борт (кеменің үсті, қабырғасы, жақтауы).
Борт левый — солжақ борт.
Борт надводный — су үстіндегі борт.
Борт правый — оң жақтағы борт.
Бортово́й — борттық.
Борьба́ — соғыс, күрес.
Борьба с подводными лодками — сүңгуір қайықпен күрес.
Бот — бот (бір мачталы кеме).
Боти́нки — ботинка.
Ботинки горные — тау ботинкасы.
Бо́цман — боцман (Совет соғыс кемесінде—кіші командир, шет ел кемесінде — кіші унтер-офицер).
Бо́чка — бочка (жоғары пилотаж фигурасы).
Бра́ндер — брандер: 1) бұрын-миноносец жоқ кезде — жандыратын, жарылатын заттармен жаудың кемесін өртеуге жіберілетін кеме; 2) гаванға кіре берісте батыратын, жаудың көпірлерін өртейтін кеме.
Брать — алу.
Брать на абордаж—абордажға алу, айқасу.
Брать на себя — өз мойнына артып алу, өз міндетіне алу.
Брать направление по компасу — компас бойынша беттеу.
Брать оружие на плечо — мылтықты иыққа алу.
Брать прицел — көздеу.
Бра́унинг — браунинг (тез атылғыш тапаншаның бір түрі).
Бревно́ — бөрене.
Брезе́нт — брезент.
Брешь — тесік, жарық (қамалдың снаряд тескен жері).
Бриг — бриг (екі мачталы, екі желкенді кеме).
Брига́да — бригада (армияның бірнеше полктан, флоттың бірнеше соғыс кемесінен құралған бөлімі).
Бригади́р — бригадир (полковник пен генерал арасындағы әскери чин).
Брига́дный — бригадалық.
Бриганти́на — бригантина (жеңіл желкенді кеме).
Бриз — бриз (теңіздің самал желі).
Бригветвра́ч (бригадный ветеринарный врач) — бригада мал дәрігері.
Бригвоенюри́ст (бригадный военный юрист) — бригада соғыс юрисі.
Бригвра́ч (бригадный врач) — бригада дәрігері.
Бригинжене́р (бригадный инженер) — бригинженер (бригада инженері).
Бригинтенда́нт (бригадный ин-

тендант) — бригинтендант (әскери шаруашылық және әкімшілік составының әскери атағы).

Бри́тва — ұстара.

Брить — қыру, алу (шаш алу, сақал қыру).

Бри́тый — сақал-мұрты қырылған, шашы алынған.

Брод — 1) өткел (судың тайыз жері); 2) өткелден өту, кешу.

Брод конный — ат өткелі.

Брод пеший — жаяу өткел.

Бромацето́н — бромацетон (көзден жас ағызатын газдар тобына жататын уландырғыш газ).

Бронеба́шня — броня мұнара (бронямен қапталған мұнара).

Броневи́к — броневик: 1) зеңбірекпен, пулеметпен қаруланған бронялы автомобиль; 2) бронялы бөлімнің әскери қызметкері.

Бронебо́йный — броня бұзғыш.

Бронево́й — бронялы, бронямен қапталған.

Броневойска́ — бронялы әскер (бронепоезбен, броневикпен жабдықталған әскер).

Бронемаши́на — *броневик* деген сөзді қара.

Броненосе́ц— броненосец (сыртының бәрі оқ өтпейтін құрыш сауытпен қапталған, ататын құралы бар кеме).

Броненосец береговой обороны — жағаны қорғау броненосеці.

Броненосный — сауытпен қапталған.

Бронепо́езд — бронепоезд (сыртының бәрі бронялы, зеңбірекпен, пулеметпен жабдықталған соғыс поезі).

Бронеси́лы — бронялы күштер (бронямен қапталған танк, поезд, автомобиль сияқты құралдар).

Брони́рова́ние — *бронировать* деген сөзді қара.

Брони́рова́нный — бронялан-ған, бронямен қапталған.

Брони́рова́ть — бронялау (бронямен қаптау).

Бро́ня́ — броня: 1) металдан (құрыштан, темірден) істелген, оқтан сақтайтын сауыт; 2) автомобиль, поезд, кеме сияқты соғыс құралдарының үстіне жапқан құрыш сауыт.

Броса́ть — 1) қолмен лақтыру; 2) тастау, көздеп жіберіп қалу; 3) бір орыннан екінші орынға апарып тастау, түсіру; 4) тастап кету, қалдырып кетуі, айрылысу.

Бросать бомбы — бомба тастау.

Бросать в тюрьму — түрмеге жабу.

Бросать оружие— құралды тастау, бағыну (пленге алыну).

Бросать якорь — якорь тастау (кемені тоқтату үшін якорьді суға түсіру).

Броса́ться — 1) жабылу, ұмтылу (жауға жабыла ұмтылу, жабыла шабуыл жасау); 2) атылу, секіру (жоғарыдан төмен секіру).

Бросаться в атаку — шабуылға лап беру.

Бросаться в штыки — найзаласуға лап беру.

Бро́сить — *бросать* деген сөзді қара.

Бро́ситься — *бросаться* деген сөзді қара.

Бросо́к — шұғыл қимыл, шұғыл көзқарас.

Брусо́к — төрт қырлап жонылған бөрене.

Бру́ствер — бруствер: 1) жаудың оғынан сақтану үшін окоптың топрақпен өсірген алдыңғы жақтағы үйіндісі; 2) бронялы кемелердің құрыш қабырғасы.

Бры́згать — бүрку, шашырату, себу.

Брыка́ться — 1) тебу, тебілу, тепкілеу (ат); 2) тыпыршу, тепкілесу; 3) қарысу, қасару.

Брыкли́вая — тебеген, тынышсыз (ат).

Бряца́ние — шіңгірлеу, шыңғырлау, сыңғырлау, сылдырау (мылтық, құрал туралы).

Буй — буй (судың тайыз жерін көрсету үшін якорьға байлап қойған бочка яки басқа бір қалқып тұратын нәрсе).

Букси́р — буксир; 1) баржа, сал тағы басқаларды тартатын, сүйрейтін кеме; 2) буксирге байлап, сүйрейтін арқан.

Букси́ровать — басқаны тарту, сүйреу, басқаны жәрдемге алу, жәрдем беру.

Буксова́ние — батып қалу, тұрып қалу (машина дөңгелегі айналады, бірақ жылжуға дәрмені жоқ).

Буксова́ть — *буксование* деген сөзді қара.

Булава́ — 1) шоқпар; 2) жұмыр басты темір таяқ.

Була́т — булат (ең жақсы құрыш; сондай құрыштан жасалған қылыш, қанжар, балта т. б.).

Бунт — бунт, бүліншілік (өзбетімен шыққан қозғалыс).

Бунтова́ть — бунт шығару, бунт жасау.

Бунтовщи́к — бунтшы, бунт шығарушы.

Бура́в — бұрғы, тескіш.

Бури́ть — бұрғылау, тесу.

Бу́ря — алай-дүлей қатты жел, дауыл, боран.

Бусо́ль — бусоль (компасы бар орудияны (пулеметті) нысанаға бұратын құрал).

Буты́лка зажигательная — жандырғыш бутылка (дұшпанның танкасын, бронялі машинасын, транспортын, самолетін (аэродромда), складын және әскерін қыйрату үшін қолданылатын ішіне арнаулы сұйық зат толтырылып, жандыруға, өртеуге арналған 0,5—0,75 литрлік, лақтырылып тасталатын бутылка).

Бутылка зажигательная со смесью № 1 и № 3 — № 1, № 3 қоспалы жандырғыш бутылка (жандырғыш орнатылған, аузына дейін толтырылған, пробкамен, тығындалған арақ бутылкасы және басқа со сыяқты 0,5—0,75 литрлік дұшпанға лақтырылатын бутылка).

Бу́фер — буфер: 1) екі вагон арасындағы серппелі қалпақ темір; 2) артиллерияда болатын қалқан; 3) соғысқан екі ел арасында тұрушы басқа ел.

Бу́хта — бухта (теңізде кеме тұратын орын).

Бушпри́т — бушприт (кеменің тұмсығындағы сұлама ағаш).

Бы́стро — тез, шапшаң, жылдам.

Быстрота́ — шапшаңдық, жылдамдық, тездік.

Быстрота молниеносная — жай оғындай шапшаңдық.

Быстрохо́дный — шапшаң жүргіш.

Бы́стрый — тез, шапшаң, жылдам.

Быть вооруженным—қарулану.

Быть в состоянии — қалпында болу.

Быть мобилизованным — мобилизациялану.

Быть наготове — әзір тұру.

Быть оттесненным — қысып шығарылу.

Быть потесненным — қысылу, қысынды болу.

Быть примерным — үлгілі болу.

Быть присоединенным — қосылу, қосып жіберілу.

Быть раздробленным — бөлшектенген болу.

Бюллете́нь — бюллетень (қысқа әскери хабарлар жазылып тұратын журнал).

В атаку! — в атаку («атакаға!» деген команда).

В глубине леса — тоғайдың қалыңында, қақ ортасында.

В кулаке — жұдырықта.

В перевернутом положении — аударылған қалыпта.

В поводу — жетекте.

В положении наготове — әзірлік қалыпта (противогазды алдына қарай айналдырып, жібін беліне байлап, сумка қақпағын ашып жүру, тұру).

В походном положении — жорық қалпында (мыс. противогаздың қақпағын түймелеп, жібін ішіне салып, артына қарай айналдырып қою).

В походном порядке — жорықтағы тәрізді (әскерлердің теміржолмен (поезбен) жүрмей, жаяу я машинамен я басқа көлікпен жүруі).

В сомкнутом строю — тығыз стройда.

В сосредоточенном виде — түйілген, топталған түрде.

Ва́га — вага (ауыр заттарды көтеру үшін қолданылатын ұзын сырғауыл, рычаг).

Ваго́н — вагон.

Вагон агитационный—агитация вагоны (әскер арасында көпшілік агитация ісін жүргізуге арналған театр, киносы, кітаптары бар вагон).

Вагоне́тка — вагонетка (кішкене вагон).

Вагон-цистерна — вагон-цистерна (мұнай, бензин және басқа сұйық заттарды тасуға арналған бочка тәрізді вагон).

Ва́жный — маңызды.

Ва́куум — вакуум (бітеу ыдыстың ішіндегі өте сиреген һауа).

Вакци́на — вакцина (жұқпалы аурулардан сақтану үшін егілетін микроб).

Вале́к (пово́зки) — валек (атты жеккенде пастромканы ілетін келтек ағаш).

Вали́ть — 1) жығу, құлату, сұлату; 2) көміп тастау, үйіп тастау; 3) жабыла ұмтылу.

Вари́ть — 1) пісіру; 2) қайнату.

Ва́та — мақта.

Вата гигроскопическая — гигроскопия мақтасы (тазарған, майсызданған, суды тез жұтатын мақта).

Ватерли́ния — ватерлиния (кеменің суға батып тұратын жерін көрсететін кеме бортының белдеу сызығы).

Вахмистр — вахмистр (кавалерияның унтер-офицері (бұрынғы кездегі)).
Вахта—вахта: 1) флоттағы дежурстволық кезекті жұмыс; 2) кезектесушілер тобы.
Вбегать — жүгіріп кіру.
Вбежать — *вбегать* деген сөзді қара.
Вбивать — *вбить* деген сөзді қара.
Вбить — қағу, қағып кіргізу.
Вблизи — жақында, жақын жерде.
Вброд — кешу, аяқтап өту.
Вваливаться — *ввалиться* деген сөзді қара.
Ввалиться — құлау, құлап түсу (шұңқырға, орға).
Введение — *ввести, вводить* деген сөзді қара.
Введённый — енгізілген.
Вверх — жоғары, жоғары қарай.
Вверху — жоғарыда.
Ввести — *вводить* деген сөзді қара.
Ввинтить — бұрау, бұрап кіргізу.
Ввинченный — бұралған, бұрап кіргізілген.
Ввинчивать — *ввинтить* деген сөзді қара.
Ввод — *вводить* деген сөзді қара.
Вводить — кіргізу.
Ввысь — жоғары қарай.
Ввязаться в бой — соғысқа кіру, ұрысқа кіру.
Вглубь — 1) терең; 2) қалың жер, ортасы (тоғайлық).
Вглядеться — көзін қадау, тесіле қарау.
Вглядываться— *вглядеться* деген сөзді қара.
Вдавить — тығындау.
Вдавливать — *вдавить* деген сөзді қара.
Вдалеке — алыста.
Вдали — алыста.
Вдаль — алысқа.
Вдвигать — *вдвинуть* деген сөзді қара.
Вдвинуть — ішіне қарай кіргізу.
Вдвоём — екеулеп, екеуміз, екеуің, екеуі.
Вделать — бір нәрсені екінші нәрсенің ішіне кіргізу.
Вделывать — *вделать* деген сөзді қара.
Вдогонку — артынан қуа.
Вдоль — өн бойы.
Вдоль и поперек — барлық бағытта (ұзыннан, көлденеңінен).
Вдохнуть — демді ішке тарту, һауаны ішке тарту, дем алу.
Вдуматься — терең ойлау, ойға шому.
Вдумчиво — әбден ойланып.
Вдумываться — *вдуматься* деген сөзді қара.
Вдыхание — *вдохнуть* деген сөзді қара.
Вдыхать — *вдохнуть* деген сөзді қара.
Ведомость — ведомость.
Веер батарейный — батарея желпуіші (батареяны көп атқандықтан, стволы қызып кетпес үшін, салқындатқыш желпуіші).
Величина — шама.
Велосипед — велосипед.
Вентилятор — вентилятор (һауа тазартқыш, желдік).
Вентиляция — вентиляция (үй ішіндегі һауаны тазарту).
Верёвка — арқан.
Верньер — верньер (транспортирда, сызғышта, т. б. бөлік сызықтардың үлесін

анық айыруға керекті аспап).
Вероятно — мүмкін шығар.
Вероятность — мүмкіндік.
Вероятность попадания — тию мүмкіндігі.
Вероятный — мүмкін.
Вертикальный — тік.
Верфь — верфь (кеме жасайтын, ремонттайтын орын; кеме жасайтын завод).
Верховой — салт атты адам.
Верхом — салт.
Верхушка — шоқы басы (ағаштың).
Вершина — шоқы, таудың төбесі.
Вес — салмақ, кәдір.
Вес в боевом положении — соғыс жағдайындағы салмақ.
Вес в походном положении — жорық жағдайындағы салмақ.
Вес заряда — оқ салмағы.
Вес снаряда — снаряд салмағы.
Вес средний — орта салмақ.
Весло — ескек.
Вести — алып бару, жүргізу, бастап бару.
Вести бой — соғысу, соғыс жүргізу.
Вести в поводу — жетегінде жүргізу, ықпалында жүргізу.
Вестовой — хабаршы.
Весть — хабар.
Весь — барлық, бүкіл, түгел.
Весьма — өте.
Ветвистый — бұтақты.
Ветвь — бұтақ.
Ветврач (ветеринарный врач) — мал дәрігері.
Ветер — жел.
Ветер боковой — қырын жел.
Ветер восточный — шығыс желі.
Ветер встречный — қарсы жел.
Ветер западный — батыс желі.
Ветер северный — терістік жел.
Ветер южный — оң жел.
Ветеринар — ветеринар (мал дәрігері).
Ветеринария — ветеринария (мал ауруы жөніндегі ғылым).
Ветеринарный — ветеринарлы(қ).
Ветка — бұтақ.
Ветка *железнодорожная* — тармақ (теміржол тармағы).
Ветромер — ветромер (жел күшін өлшейтін аспап).
Веха — қазық, меже (жердің бөлігін білдіру үшін қойылған белгі).
Веха сигнальная — сигнал межесі.
Вещества отравляющие (ОВ) — уландыратын заттар.
Вещества взрывчатые (ВВ) — жарылатын заттар.
Вещества воспламеняющие — жалындайтын заттар.
Вещества дегазирующие — газсыздандыратын, газды жоятын заттар.
Вещества дымообразующие — түтіндендіретін заттар.
Вещества зажигательные — жандыратын, өртейтін заттар.
Вещества летучие — ұшпалы заттар.
Вещества химические — химиялық заттар.
Вещество — зат.
Вещь — зат, нәрсе.
Взаимодействие — бірлесу, қарым-қатыс.
Взаимозаменяемость — алмасу (бірімен бірі).
Взаимопомощь — қолғабыс.
Взбираться — өрмелеп шығу.
Взбунтоваться — бунт салу, әлек салу.

Взвешивание — салмақтау, өлшеу.

Взвод — взвод: 1) жайшылықта 3—4 отделениеден құралған әскери топ; 2) мылтық затворының кертікті ішкі доңгелегі.

Взвод курка — куроктың взводы (винтовкада шүріппенің кейінгі жағында тұратын куроктың взводы).

Взлезать — *взлезть* деген сөзді қара.

Взлезть — бір нәрсенің үстіне шығу.

Взлёт — ұшып жоғары шығу.

Взморье — теңіздің жағасы, теңіздің жағаға жақын жері.

Взнуздать — ауыздықтау, ауыздығын салу.

Взнуздывать — *взнуздать* деген сөзді қара.

Взобраться — *взбираться* деген сөзді қара.

Взорванный — жарып тасталған.

Взорвать — қыйрату, жару, бұзу.

Взорваться — жарылу.

Взрыв — жарылу.

Взрыватель — жарғыш.

Взрывать — *взорвать* деген сөзді қара.

Взрываться — *взорваться* деген сөзді қара.

Взрывной — жарғыш, жарылғыш.

Взрывчатый — жарғыш, жарылғыш,

Взыскание дисциплинарное — тәртіп жазасы.

Взятие — алу.

Взять (позицию) — алу (позицияны).

Взять на караул — қарауылға қондыру, алу.

Взять в вилку — екі жақтан бірдей қысу.

Ездовой орудийного передка— орудияның атын айдаушылар (атқа мініп отырады).
Ёмкость — сыйымдылық (іштілік).
Есть! — хұп!
Жа́дность — қомағайлық, ашқарақтық.
Жа́жда — 1) шөл, шөлдеу, сусау; 2) аса құмарлану, ұмтылу.
Жажда победы — жеңіс шөлі; жеңіске құмарту.
Жа́ждать — шөлдеу, сусау; аңсау; аса құмарлану.
Жа́ловаться — шағу, шағым беру; көрген кемшілігін айту.
Жалюзи́ — жалюзи (ағаш пластинкасынан істелген перде, шымылдық).
Жалюзи танка — танк жапқышы.
Жанда́рм — жандарм.
Жандарме́рия — жандармерия (саяси қорғау және тыңшылық ісін атқаратын полицей әскері).
Жезл — жезл (теміржолда поездар жүрісін тәртіптеп тұруға керекті автоматты аспаптан шығарып алатын келтек темір).
Жезл путевой — жол жезлі (теміржол станциясында, разъездарында составты

экеле жатқан машинистке жол беру белгісін беретін жезл).

Желатин — желатин (хайуан сүйектерінен, терілерінен жасалатын желім).

Желёзо — темір.

Железобетон — железобетон (темір мен бетон аралас жасалған қосынды құрылыс материалы).

Железоплавильный — темір ерітікіш.

Желтоватый — сарғылт.

Жёлтый — сары.

Желудок— асқазан (жұмыршақ қарын).

Жёсткий — қатты.

Жестокий — қатал, мейрімсіз.

Жесть — қалайы, қаңылтыр.

Живой — тірі, жанды.

Животное вьючное — жүк артатын мал.

Жидкий — сұйық.

Жидкость — сұйықтық.

Жидкость «КС» — сұйықтық «КС» (жандырғыш бутылкаға құйылатын сұйықтық, бұл таза, қоспа болып екіге бөлініп, екеуі де жанғанда, 800 — 1000° дейін қызу беретін 1, 2—2, 2—3 минутта жанып бітетін, өртегіш заттар).

Жизнь — өмір, тіршілік.

Жила — 1) тамыр, тарамыс, сіңір; 2) жүлге (жер қабатында).

Жиклёр — жиклер (автомобильде — карбюраттарға май жіберетін, металдан істелген жіңішке труба).

Жёлоб — астауша, ұзыншақ қуыс.

Жребий — жеребе, шектастау.

Журнал военных действий — әскери әрекет журналы.

Журнал наблюдений —бақылау журналы.

Журнал разведки — шолғыншы журналы.

Забастовать — забастовка жасау.

Забастовка — забастовка (шет елдерде — белгілі саяси тілектерін орындау мақсатымен жұмысшылардың бас қосып, бірлесіп жұмысты тоқтатуы).

Забинтовать — бинттеу (жараны, жараланған жерді бинтпен таңу).

Забить—лық толтыру (мысалы: құдықты, шұңқырды).

Заблудиться — адасу, адасып қалу.

Заболачивание — тоғайда не шабындықта саздың пайда болуы; өзенді, көлді саз өсімдіктерінің басып, қаптап кетуі.

Заболоченный — саз өсімдіктері басып, қаптап кеткен (көл, өзен).

Забор — дуал, аула.

Забота — қам.

Заботить — қам жегізу, ұқыптандыру.

Заботиться — қамын жеу, қам жасау.

Заботливый — ұқыпты, жыйнақты.

Забрать — тартып алу; жаулап алу, қолға түсіру; ұстап әкету, қамау.

Забраться — бір нәрсенің үстіне, басына, төбесіне шығу; бір нәрсенің астына тығылу; жасырынып, білдірмей кіру, өтіп кету, алыстап кету, ішіне кіріп кету (мысалы: тоғайдың).

Забрезжить — жылтырап, жарқырап көріну (от); бозара бастау (таң).

Забрести́ — бір жерге адасып кіру, кездейсоқ барып қалу, жолай соғу.

Забронирова́ться — бронямен қапталу, бронямен сақтану.

Зава́л — үйінді (кедергі болатын, бөгет болатын үйілген нәрселер).

Завали́ть — лық толтыру (шұңқырдың ішіне бір нәрселерді тастап, төгіп); бір нәрсені үйіп тастап бөгет жасау; көміп тастау.

Заве́рить — сендіру; куәләндіру.

Заверну́ть — орау; бұрылу; бұрап кіргізу.

Заверши́ть — аяқтау, бітіру.

Заве́са — шымылдық, бүркеніш.

Завеса дымовая — түтін бүркеніші (әскерлерді жаудан жасыратын бүркеніш түтін).

Завеса огневая — отты бүркеніш (жаудың шабуылынан сақтану үшін, зеңбірек, пулемет, артиллерия оғын хауыпты жерге жаудыру).

Завести́ — белгісіз жерге, таныс емес жерге алып келу; алып бару; адастыру; бір жерге алып барып тастау; бұрау, жүргізу.

Заве́т — өсиет.

Завеща́ть — өсиет ету, өсиет айту, өсиет қалдыру.

Завинти́ть — бұрап бекіту, түбіне дейін бұрап кіргізу.

Зави́сеть — тәуелді болу, біреудің ықпалында болу, қол астында болу; бой сұну, біреудің бағынуында болу; бір себепке, нәрсеге байланысты болу.

Завладе́ть — қолға алу, қолға түсіру, иелену.

Заво́д — завод (ірі өндіріс орны).

Завод авиационный — самолет жасап шығаратын завод.

Завод газовый — газ жасап шығаратын завод.

Завод оружейный — әртүрлі қару-жарақ жасап шығаратын завод.

Завод пороховой — оқ-дәрі жасап шығаратын завод.

Завоева́ние — жаулау (біреудің жерін жаулап алу, жеңіп алу; жаулап алынған, жеңіп алынған, соғысып алынған жер; жетістік, табыс).

Завоева́тель — жаулап алушы, біреудің жерін жаулап алушы, жеңіп алушы, соғысып алушы.

Завоева́ть — біреудің жерін жаулап алу, жеңіп алу, соғысып алу; жеңу, өзіне қаратып алу.

Заволо́чь — қоршап алу, қаптап алу (тұман, бұлт); сүйреп апару (бір нәрсені).

Заволо́чься — қапталу (тұманға, бұлтқа).

Завороти́ть — бұрылу; кіру, кіріп кету (қораға т. б.).

За́втракать — таңертеңгілік тамақты ішу.

Завяза́ть — байлау, түю.

Завязать перестрелку — атысу, бір-біріне оқ жаудыру, оқ жаудыра бастау.

Завя́зка боя — соғыстың басталуы, түйіні.

Завя́знуть — батып қалу, малтығып қалу.

Гага́тить — бөрене, шырпы, төсеп тегістеу (сазды, батпақ жолды).

Заглуша́ть — басу, естілмейтін қылу (дыбысты).

Загна́ть противника — жауды алысқа айдап салу, қуып жіберу.
За́говор — заговор: 1) белгілі бір саяси мақсатқа жету үшін, бірнеше адамның бірігіп жасырын келісімге келуі; 2) құпыя, жасырын келісім.
Заголубе́ть — көгілдірленіп көріне бастау.
Загоре́ться — тұтана, жана, өртене, күйе бастау.
Загороди́ть — қоршау, (шарбақпен, дуалмен т. б. бөгет жасау (кіретін, өтетін жерге); көп етіп үйіп тастау.
За́городный — қала сыртындағы.
Загото́вить — күн бұрын даярлау, даярлап қою.
Загото́вка — дайындық, дайындалған нәрсе.
Загради́тель — бөгегіш (мина бөгетін құратын ерекше соғыс кемесі).
Заградитель минный — *заградитель* деген сөзді қара.
Заградитель подводный — су астындағы бөгегіш, қоршағыш.
Загради́тельный — бөгеуші, бөгейтін, кедергі келтіретін.
Загради́ть — бөгеу, бөгет жасау.
Загражде́ние — бөгет, кедергі.
Заграждение воздушное — әуе бөгеті.
Заграждение искусственное — жасанды бөгет.
Заграждение минное — миналы бөгет.
Заграждение огневое — оқ бөгеті.
Заграждение проволочное — сым бөгет.
Грани́ца — шет ел, бөтен ел.
Загрaни́цей — шет елде.
Загранй́чный — шет елдің.
Загри́вок — шоқтық.
Задави́ть — басып өлтіру, таптап өлтіру; басу, жоқ қылу, жою.
Зада́ние — тапсырма; іс тапсыру, міндеттеу.
Зада́ча — мақсат, міндет.
Задво́рки — қораның, үйдің арты, артқы жағы.
Заде́лать — тығындау, бітеу, тегістеу бітеп жіберу, жамау.
Заделать пробоину — оқ т. б. нәрсе тесіп кеткен жерді жамау, бітеу.
Заде́ржанный — ұсталған; тоқтатылған, кешіктірілген.
Задержа́ть — тоқтата тұру, жібермей тұру, кешіктіру; ұстап алу.
Заде́ржка — кешігу, кедергіге ұшырау.
Заде́ть — тиіп кету, қағып кету.
За́дний — артқы, кейінгі, соңғы.
Задыми́ть — түтіндету, ыстау; түтей бастау.
Задыми́ться — тұтану, жана бастау; ыстану, бықсу.
Задыха́ться—тұншығу, тұншығып өлу.
Зае́хать — оралып келу, айналып келу, соға кету (жолай).
Зажа́ть — қысу, сығу.
Заже́чь — жағу, тамызу, тұтандыру.
Зажива́ние раны — жараның жазылуы, бітуі.
Зажига́тельный — жандырғыш тұтандырғыш, тамызғыш.
Зажи́м — қысым, қысу; қысқыш.
Зажи́ть — жазылу, біту (жара).

Заземле́ние — жермен тұтастыру.
Зазо́р — саңлау (екі нәрсенің арасындағы ашық қалған жер).
Зазу́брина — кетік, кертік, ойық.
За́имка — заимка (отардағы қора, үй).
Закалённый в бою — соғыста, ұрыста шыныққан.
Закали́ть — шынықтыру, шыйрату, шыдамды ету.
Зака́лка — шынығу, пысып қату, шынықтыру, шыдамды ету, шыйрату.
Зака́т — бату (күн, ай); күн бататын уақыт.
Закати́ть — домалатып орау; дөңгелек, жұмыр нәрсені үстінен жүргізіп тегістеу.
Закла́дка — төсем.
Закла́дывать — төсеу, салу.
Заклеи́ть — желімдеу, желімдеп жапсыру.
Заклепа́ть — шегелеп тойтару.
Заключа́ть — қамау, еркінен айыру, тұтқынға алу; жасау (бітім т. б.).
Заключе́ние — қортынды.
Заколоти́ть — шегелеп қағып бекіту; қағып кіргізу.
Заколо́ть — шаншып өлтіру, түйреп өлтіру.
Зако́н — заң.
Закон об обязательной военной службе — әскерлік қызметтің міндетті түрде өтеу туралы заң.
Зако́нный — заңды.
Законопа́тить — мүкпен, кендірмен т. б. тығындау, бітеу.
Зако́нчить — аяқтау, бітіру.
Закопа́ть — көміп тастау, көміп жіберу.
Закопа́ться — қазып кіру, көмілу.
Закоу́лок — кішкене, қараңғы, жым-жырт көше; үйдің түпкірі.
Закра́ина — өзендегі, көлдегі мұздың шетімен жағаның арасындағы қатпаған су.
Закра́сться — жасырынып, бұғып, ұрланып кіру.
Закре́па — бір нәрсені шегелеу үшін, бекіту үшін жұмсалатын нәрсе (болт, шеге т. б.).
Закрепи́ть — бекіту, шегелеу.
Закрути́ть — бұрап-бұрап кіргізу.
Закры́тый — жабық.
Закры́ть — жабу, жауып тастау.
Заку́порить — тығындау, аузын бітеу.
Залепи́ть — сылау, сылап бітеу, тегістеу, жапсырып тастау.
Залете́ть — ұшып тым жоғары көтерілу, тым алысқа ұшып кету; ұшып кіру.
Залечи́ть — емдеп жазу, бітеу (жараны).
Зале́чь — 1) жасырынып бұғып жату; 2) кісі өте алмайтын, жүре алмайтын болу (бітіп кеткен жол жөнінде); 3) бітеліп қалу (мұрын т. б.).
Зали́в — шығанақ, иін, қолтық.
Зали́ть — 1) сумен сөндіру, өшіру; 2) құйып жамау; 3) жайылу (су).
Зало́жник — кепіл тұтқын.
Залп — залп (команда бойынша бірнеше мылтықтың, зеңбіректің бірден атуы).
За́лпом — залппен (бірнеше мылтықтан я зеңбіректен бірден ату).
Зама́зать — сылау, сылап тастау; бояп тастау; былғап, кірлеп тастау.

Заманить — алдап шақыру, алдап қолға түсіру.
Замаскированный — жасырын құпияланған.
Замаскировать — бүркеу, жабу, жасыру.
Замаскироваться — бүркену, жамылу.
Замахнуться — қолын көтеріп біреуді ұруға даярлану.
Замедлить — ақырындату, кешігіп қалу, ұсталып қалу.
Заменить — алмастыру, орнын басу.
Замести — құм басып қалу.
Заметить — көріп қалу, байқап қалу; еске алу, еске алып қою.
Заметка — белгі, таңба; бір нәрсе жөнінде қысқа ғана етіп жазылған жазу.
Замечаться — байқала бастау, көріне бастау.
Замеченный — байқалған, көрінген, көзге түскен.
Замешательство — сасу, сасып қалушылық, адасу, абдырау.
Замкнуть — құлыптау; жан-жағынан қоршап алу.
Замолкнуть — үн шығармау, дыбыс шығармау, тым-тырыс болу, жым-жырт болу.
Замолчать — үндемей жүру, айтпай жасырынып жүру, ішкімге білдірмеу.
Замыкать отряд — отрядтың соңында тәмамдай жүру.
Замыкающий — колоннаның артында жүруші (командир яки әскер).
Замысел — ындын, ниет.
Занести — басып қалу (құм, қар т. б.); жоғары көтеру (ұруға, жүруге қолын, аяғын даярлау).
Занос — күртік, боран, дауыл үйіп тастаған қар, құм т. б.
Занятие стрелковое — атыс оқуы.
Занятый — алынған, алынып қойған, жаулап алынған, басып алынған, күшпен алынған.
Занять — күшпен тартып алу, басып алу, жаулап алу.
Запад — батыс, күнбатыс.
Западный — батыстың, күнбатыстың.
Западня — қапқан, тор, тұзақ, ау.
Запаздывать — кешігу, кешігіп қалу.
Запал — запал (жарылатын затқа от беретін, жарылатын затты тұтататын құрал).
Запалить — жандырып, өртеп жіберу; ата бастау.
Запас — запас: 1) қор; 2) әскер қызметін өтеген я әскер қызметінен босатылған, бірақ керек болған кезде әскер қызметіне шақырылатын адамдар.
Запасной, запасный — запастағы, запаста тұрған.
Запасти — запастап алу, қорландырып алу.
Запах — иіс.
Запереть — жан-жағынан қоршап алу, жабу.
Запечатать — печаттап бекіту; жапсыру, желімдеу (конвертті).
Записать — жазып қою.
Запломбировать — пломбылау; қорғасынмен печаттау.
Заплыть — өте алыс жүзіп кету; жүзіп бір нәрсенің аржағына өтіп кету.
Заподозрить — шектену, сезіктену.
Запоздалый — кешіккен.
Запоздание — кешігу.
Заполночь — түн ортасы ауған кез (де).

Запо́мнить — ұмытпау, есте ұстау.
Запрети́ть — тыю.
Запрещённый — тыйым салынған, рұхсат берілмеген.
Заприме́тить — белгілеп қалу, байқап қалу.
Запруди́ть — бөгет салу, бөгеп су жыйнау.
Заража́емость — жұққыштық.
Заражéние — жұқтыру.
Заражённая ОВ местность — уландырғыш зат жұққан жер.
Заражённый — жұққан.
Зара́нее — күн ілгері, алдынала.
За́рево — өрттің жалыны, күннің батардағы шапағы.
Заре́чье — өзеннің аржағы.
Заровня́ть — үстіне бір нәрсе төгіп тегістеу.
За́росль — қалың бұта мен шөптер баттасып өсіп кеткен жер; баттасқан қалың бұта мен шөптер.
Заруби́ть — шауып өлтіру (қылышпен, балтамен).
Зару́бка — балтамен я болмаса басқа нәрсемен салған белгі, кертік, таңба.
Зару́бленный — шауып тасталған.
Зары́ть — көму, көміп тастау.
Зары́ться — көмілу, көміп таслау; бүркеніп жату.
Заря́д — оқ-дәрі, оқпен атуға керекті мөлшердегі дәрі; бір нәрсені жару үшін белгілі мөлшердегі керекті жарылғыш заттар.
Заряд боевой — соғыс дәрісі.
Заряд разрывной — жарғыш дәрі.
Заряд холостой — құр дәрі.
Заряди́ть — оқтау.
Заряди́ться — оқталу.
Заряжéние — оқтау (мылтықты).
Заря́женный — оқталған.
Заса́да — засада: 1) бір жерге жасырынып, тасаланып отырып, күтпеген жерден, аяқ астынан, қапыда жауды басып алу әдісі; 2) жауды қапыда, күтпеген жерде аяқ астынан басып алу үшін, жасырынып, тасаланып тұратын жер; 3) жауды қапыда, күтпеген жерден басып алу мақсатымен бір жерге тасаланып, жасырынып отырған әскер тобы, отряді.
Засе́ка — ағашпен бөгелген кедергі; кесінді (ағашты кескеннен кейін қалған түбірлі, бұтақты жері).
Засекре́тить — құпыя түрге айналдыру, жасырын, құпыя түрде жіберу.
Засекре́ченный — құпыяланған, құпыя түрде жіберілген.
Засе́сть — жасырынып қалу, тығылып қалу.
Засло́н — жаудың жолын тосатын отряд.
Заслони́ть — бөгеу, бөгеп тастау.
Засма́тривать — сығалап көз жіберу, көз салу, сығалап қарау.
Засо́в — сүқпа, тиек, қақпаны, есікті жабатын бастырық.
Заста́ва — застава: 1) қалаға кіретін және қаладан шығатын орын, жер; 2) шекарадағы қарауыл.
Застава боковая — жанама застава.
Застава сторожевая — демалыс заставасы (демалған кезде күзетіп бақылайтын әскер тобы).

Заставить — кіретін, жүретін жерді бекітіп, бөгеп тастау; бір нәрсені істеу, мәжбүр ету, бір нәрсені істеуге міндеттеу.
Заставить замолчать батарею противника — жаудың батареясын үндетпей тастау.
Застать — үстінен шығу, ұшырау, тура келу.
Застигнуть врасплох — қапылықта, аяқ астынан, күтпеген жерден басып алу, үстінен шығу.
Застрелить — атып тастау, атып өлтіру.
Застрять — ішінде қалу, алынбай қалу, шыға алмай қалу.
Засыпать — толтыру, толтырып тастау, көму (орды т. б.).
Затвор — затвор (түрлі машинаның, қарудың, құралдың жабатын, бекітілетін механизмі).
Затвор винтовки — винтовканың оқты ствол ішіне салып, атып, атылған гильзаны шығарушы затворы.
Затемнение — қараңғылау, қараңғылану.
Затихать — тыныштану.
Затишье — тыныш, тыныштану, тып-тыныш болу.
Затон — затон (өзеннің ағынсыз шұңғыма шығанағы).
Затонуть — батып кету, суға кету.
Затор — затор: 1) үйіліп, тығылып қалған сең; 2) іріле, іріліп, тығылып қалу.
Затруднение — қыйыншылық, қысаңшылық.
Затруднительный — қысылшаң.
Затруднить — қыйыншылыққа салу, қыйындату, қысаңшылыққа салу.
Затыльник винтовки — винтовканың дүмінің қаптама темірі.
Затяжной — ұзаққа созылған.
Захват — басып тартып алу, күшпен тартып алу.
Захватить — күшпен тартып алу, жаулап алу.
Захватить трофеи противника — жаудың қару-жарақтарын, азық-түліктерін тартып алу.
Захватническая политика фашистской Германии — фашистік Германияның баска елдерді жаулап алу саясаты.
Захватчик — басып алушы, жаулап алушы.
Захваченный — күшпен тартып алынған, жаулап, зорлап алынған.
Зашифровать — шифрмен жазу.
Защита — қорғау; қорған.
Защитник — қорғаушы.
Защитный — қорғайтын; сарықоңыр (түс).
Защищать — қорғау.
Защищаться — қорғану.
Защищенный — қорғалған, қорғанған, қорғанып сақтанған.
Заявить — мәлімдеу, білдіру, хабар беру.
Звание — атақ, дәреже.
Звено — звено (әскердің ең кішкене бөлімшесі).
Звено авиационное — авиация звеносы.
Звено стрелковое — атыс звеносы.
Звено танковое — танк звеносы.
Зверство — хайуаншылық, өте қаттылық, жауыздық, мейірімсіздік.
Звонить — телефон соғу; бір нәрсені ұрып дыбыс шығару, қоңрау соғу.

Звук — дыбыс, үн, дауыс.
Звукоулавливатель — дауыс тұтқыш (ұшып келе жатқан самолеттің дауысын тұтатын құрал).
Здание — ғымарат, үй,
Зигзаг — ирек, ирек-ирек.
Злоумышление— қылмыс істеуге бел байлаушылық, жауыздық ойлаушылық.
Злоумышленник — жауыз ниетті кісі.
Злоумышленно — жаман ниетпен, жауыздық оймен.
Знак — белгі, таңба.
Знак опознавательный — тану белгісі.
Знак отличия— дәреже белгісі.
Знак сигнальный — сигнал белгісі.
Знаменосец— ту ұстап жүруші.
Знамя — жалау, ту.
Знание — білім.
Значок — значок (белгі).
Зона — зона (белгілі соғыс әрекеті болып жатқан жер).
Зона заградительного огня — оқпен бөгейтін жер.
Зона военных действий — соғыс болып жатқан жер.
Избавитель — құтқарушы.
Избавить — құтқару, босату, құтқарып алу.
Избавиться — құтылу, босау, құтылып кету.
Избегать — қашу, аулақ болу, жоламау; құтылу, құтылып қалу.
Изверг — өте жауыз, зұлым, қатал кісі.
Известие — хабар.
Известить — хабарландыру, хабар жеткізу, білдіру.
Известь гашеная — сөндірілген известь.
Извилистый — иректі, бұрама.
Извлечь — шығарып алу (деneden оқты алу), үлгі, өнеге алу.
Извне — сырттан, шеттен.
Изгиб — бұрылыс, айналма, иіліс.
Изгнать — қуу, қуып жіберу.
Изгородь — қаша, шарбақ (ағаштан).
Изгородь живая — бұтақты ағашты өте жиі етіп отырғызып жасалған қоршау, дуал.
Издавать — шығару (иіс, дауыс).
Издалека, издали — алыстан, алыс жерден.
Издевательство — қорлаушылық, кемсітушілік.
Издеваться — қорлау, кемсіту.
Изжить — жою, жоқ қылу (кемшілікті).
Иззябнуть — қатты тоңу, жаурау, усу.
Излучина реки — өзеннің бұрылған жері, шығанағы.
Измена — сатылу (дұшпанға), опасыздық.
Изменить — дұшпанға сатылу, опасыздық ету.
Изменник — дұшпанға сатылушы, опасыз.
Измерение — өлшеу.
Измерить — өлшеу.
Изморить — жүдетіп, әлсіретіп тастау.
Измотать — әлсірету, өте шаршату, жүдету.
Измотаться — болдыру, шалдығу, әлі құру.
Измученный — азап тартқан, жапа шеккен.
Измучить — азаптау, азап тарттыру, жапа шектіру.
Изнеможение — әбден шаршау, дымы құру, халден таю.

Износ орудий — қарудың тозуы.

Изнурить — шаршату, болдырту, әлсірету.

Изнуриться — шаршау, әлсіреу.

Изнутри — іштен, ішкі жақтан.

Изобретатель — жаңадан табушы, түрлі қару-жарақ, машина ойлап табушы, ойлап шығарушы.

Изобретение — түрлі қару-жарақ, машина ойлап табу, ойлап шығару; жаңадан ойлап тапқан қару, машина т. б.

Изолированный — аулақтанған, жекеленген, айрылған.

Изолировать — оңашалау, аулақ қою, айырып қою; қамап қою; оқшаулау.

Изоляция — оңашалау, айыру, жекелеу; қатыстырмау, оқшаулау.

Изранить — тегіс жаралау, сау жерін қалдырмай жаралау.

Израсходовать — жұмсап бітіру.

Изредка — анда-санда, кей-кейде, оқта-текте.

Изрезать — турау, кескілеу.

Изрешетить — тескілеп бітіру, шұрқ-шұрқ қылып тастау.

Изрешетиться — шұрқ-шұрқ болу, тескіленіп қалу.

Изрубить — шапқылау, шауып өлтіру, шауып тастау.

Изрубленный — шабылған, шауып тасталған, шауып өлтірілген.

Изрыть — қазып, шұңқырлап тастау.

Изувечить — мертіктіру, мерт қылып тастау, зағиптандыру.

Изуродовать — мертілдіру, мерт қылып тастау, зағиптандыру.

Изучать — зерттеу, зерттеп білу; назар салып бақылау, танысу, біліп алу.

Изучение — зерттеу, білу.

Изученный — зерттелген.

Илистый — түнбалы, лайлы.

Иллюминатор — иллюминатор (теңіз кемесінде жарық түсіретін тығыз жабылатын дөңгелек терезе).

Иммигрант — иммигрант (басқа мемлекеттен келіп қоныстанған адам).

Иммиграция — иммиграция (басқа мемлекеттен көшіп келіп қоныстану).

Иммигрировать — басқа мемлекеттен көшіп келіп қоныстану.

Имущество — мүлік.

Инвентарь — мүлік, құрал-саймандар.

Инициатива — инициатива (талап, істі өзі біліп, өзі бастаушылық).

Инициативный — инициативті (іске, әрекетке, жаңалыққа бастаушы).

Инициатор — инициатор (бастаушы).

Иностранец — шет мемлекет адамы.

Иностранный — шет мемлекеттік, шет елдік.

Инспектировать — инспекциялау, бақылау, тексеру.

Инспектирующий — инспекциялаушы, тексеруші.

Инспектор — инспектор (тексеруші, бақылаушы; соғыс басқармасының бір тарауының басындағы адам).

Инспектор армии — армия инспекторы.

Инспектор кавалерии — кавалерия инспекторы.

Инспекция — инспекция (тексеру, бақылау).

Инспекция авиационная — ави-

ация инспекциясы.
Инспекция санитарная — санитария инспекциясы.
Инспира́ция — инспирация (азғыру, айдап салу, арандату).
Инспири́ровать — *инспирация* деген сөзді қара.
Инста́нция — инстанция (баспалдақ, саты, біріне-бірі бағынатын орындар).
Инстанция высшая — жоғарғы инстанция.
Инструкта́ж — инструктаж (түсіндіру, нұсқау беру, үйрету).
Инструкти́вный — нұсқаулық.
Инструкти́ровать — инструкциялау, түсіндіру, нұсқау беру.
Инструкти́роваться — инструкция алу, түсінік алу, нұсқау алу.
Инстру́ктор — инструктор (нұсқаушы).
Инстру́кция — инструкция (нұсқау).
Инструме́нт — аспап, құрал.
Инсурге́нт — инсургент (көтерліске қатысушы, бас көтеруші).
Интенда́нт — интендант:
1) РККАның әскери-шаруашылық және әкімшілік составына берілген жеке атақ; 2) шет ел армиясында-әскердің жабдық-саймандарын, мүлкін, азық-түлігін, ақшаларын басқаратын офицер яки әскери чиновник.
Интенси́вный — қарқынды, қатты, күшті.
Интерва́л — интервал: 1) ара, аралық; 2) әскер қатарларының арасындағы дистанция.
Интервал огня — атыс интервалы (орудияның атып тұрған арасы).
Интервал разрыва — жарылу интервалы (жарылған бомбаның арасы).
Интервени́ровать — интервенция жасау.
Интерве́нт — интервент (құралды күшпен бір елді басып алушы).
Интервенциони́ст — интервенционист (интервенцияны жақтаушы).
Интерве́нция — интервенция (басқа бір мемлекеттің ішкі ісіне қатысу, иелік қылу (көбінесе күш жұмсау арқылы).
Интере́с — мүдде, тілек.
Интересова́ться — қызығу, көңіл бөлу, мақсат ету.
Интерни́ровать — тыйым салу (ел ортасына келген шет елдің адамдарына, әскеріне кемесіне өз еркінше жүруге яки мемлекет шегінен шығуға рұхсат бермеу).
Информа́тор — информатор (информация жасаушы, мәлімет беріп тұрушы).
Информа́ция — информация (хабарландыру, білдіру; бір істің мән-жайымен таныстыратын хабар).
Информи́ровать — хабарландыру, білдіру, таныстыру.
Инциде́нт — инцидент (жанжал, шатақ, ұрыс-қағыс).
Иод — иод (қаракүрең кристалды химиялы заттардан істелген спиртті тұнба).
Ипри́т — иприт (адамның, малдың терісін ойып жара қылатын және жалпы уландыратын горчица иісті улы газ).
Искале́ченный — жарымжанданған, зағиптандырылған.

Искалечить — жарымжандандыру, зағиптандыру.
Искалечиться — жарымжандану, зағиптану.
Искать — іздеу.
Искрошить — турау, қылышпен шауып тастау.
Искусный — шебер, ұста, жылпос.
Искусственный — жасанды, жасалма.
Искусство военное — соғыс өнері.
Испепелить — күл қылу, күлге айналдыру, күлін көкке ұшыру, жоқ қылу.
Исподтишка — астыртын, білдірмей, жасырын.
Исполнение — орындау, атқару.
Исполненный — орындалған, атқарылған.
Исполнимый — орындаларлық, атқарарлық.
Исполнитель — орындаушы, атқарушы.
Исполнить — *исполнение* деген сөзді қара.
Использование — пайдалану, қолдану, тұту.
Использовать — *использование* деген сөзді қара.
Испортить — бұзу, бүлдіру, іске жаратпай тастау.
Испорченный — бұзылған, бүлінген, іске жарамай қалған.
Исправить — түзету, түзетіп жақсарту, жарамды қылу.
Исправление — *исправить* деген сөзді қара.
Исправленный — түзелген, түзетілген.
Исправный — жарамды, түзу, бүтін.
Испытание — сынау, сынап білу.
Испытанный — сыналған.
Испытатель — сынаушы.
Испытать — *испытание* деген сөзді қара.
Иссечённый, иссеченный — кесіліенген, көп жері шабылған (қылышпен).
Иссечь — шауып тастау (қылышпен).
Иссечься—шабылу (қылышпен).
Исследование — зерттеу, тексеру.
Исследовать — *исследование* деген сөзді қара.
Исстрелять — атып бітіру, атып тауысу (оқты); атқылау.
Иссушить — кептіру, құрғату (сазды).
Иссякать — біту, таусылу, дымы қалмау.
Истерзать — азаптау, жапа шектіру, қыйнап тастау.
Истечь кровью — қансырау.
Истина — шындық, ақыйқат.
Истинный — шын, ақыйқат.
Исток реки — өзеннің басы.
Истолкование — түсіндіру.
Истолковать — *истолкование* деген сөзді қара.
Истомить — әлсірету, халден тайдыру, шаршату.
Истомиться — әлсіреу, шаршау, халден таю.
Истомлённый — әлсіреген, шаршаған, халден тайған.
Источник — бұлақ, көз.
Истощать — жұмсап құрту, бітіру, тауысу; әлсірету.
Истощаться — жұмсалып біту, таусылу, әлсіреу.
Истощённый — әлсіреген, әлсізденген.
Истребитель — истребитель: 1) жаудың кемелерін жою үшін, қолданылатын торпедамен жабдықтанған тез жүретін кеме; 2) жаудың самолеттерін жою, қыру үшін, әдейі қолданылатын тез ұшатын самолет.

Истребитель легкий — жеңіл истребитель.
Истребитель ночной — түнде ұшатын истребитель.
Истребить — қырып жою, мүлде жойып тастау.
Истязание — жазалау, азап тартқызу, қыйнап тастау.
Истязатель — жазалаушы, қыйнаушы, азап тартқызушы.
Истязать — *истязание* деген сөзді қара.
Исход боя — соғыстың, ұрыстың аяқталуы, бітуі, белгілі бір нәтижеге жетуі.
Исходный — бастапқы, әуелгі.
Исчезать — ғайып болу, жоғалу, жоқ болу; жасырыну, тасалану.
Исчезновение — *исчезать* деген сөзді қара.
Итог — қортынды, жыйнақ.
Кабала — кабала (тәуелділік, құлдық, қатты езушілік, қанаушылық).
Кабалить — кабалада ұстау, құлдыққа салу.
Кабель — кабель: 1) жер астына және су астына орнатылатын ерекше электр проводы; 2) темір яки құрыш сымынан шыйратылған арқан.
Кабель телеграфный — телеграф кабелі.
Кабель телефонный — телефон кабелі.
Кабельтов—кабельтов: 1) флотта — ұзындық өлшеуі—100 теңіз сажені — 180 метр: 2) ұзындығы осымен тең кабель (кабель деген сөздің 2-мағнасын қара).
Кабина — кабина (самолеттағы, автомобильдегі будка тәрізді етіп жасаған кішкене үйшік, летчиктің, шофердің отыратын жері).
Каблограмма — каблограмма (су астына орнатылған кабель арқылы берілетін телеграмма).
Каботаж — каботаж: 1) жиекте, жағада жүретін товар тасыйтын және адам тасыйтын кеме; 2) жиекте, жағада жүзіп жүретін флот.
Кавалерийский — кавалериялық, кавалерияның.
Кавалерист — кавалерист (кавалерияда істейтін әскери қызметкер; атта жақсы жүретін, кавалерия өнерін жақсы білетін әскер).
Кавалерия — кавалерия (атты әскер).
Каверза — қыяңқылық, бұзық ниет.
Каверзный — қыяңқы, бұзық ниетті.
Кадр — кадр (әскер бөлімінің соғыс кезінде запастағы адамдарды әскер қызметіне шақыру арқылы толтырылатын тұрақты составы).
Кадровик — кадровик (әскердің кадрдағы қызметкері).
Казарма — казарма (әскерлер тұратын үй).
Каземат — каземат (артиллерия оғынан және әуе шабуылынан сақтану үшін бетоннан жасалған бекініс).
Казначей — казначей (әскер бөлімдерінде ақша, мүлік т. б. нәрселерді қабылдайтын және беретін адам).
Казнить — өлтіру.
Казнь — жазаның ең ауыры, өлім жазасы.
Каланча — каланча (өрт сөндірушілердің өртті бақылап тұратын мұнарасы).

Қалечить — мертіктіру, зағиптандыру.

Қалибр — калибр (атылатын құралдың аузының кеңдік мөлшері; оқтың яки снарядтың жуандығы).

Қалибровать — қарудың калибрін өлшеу, тексеру яки тиісті калибрге келтіру.

Қамбуз—камбуз (кемедегі кухня яки үстіне қазан орнатылған шойын печь).

Қаменистый — тастақ, тасты.

Қамня на камне не оставить — быт-шытын шығару, түгін қалдырмай тастау, түп орнымен жоқ қылу.

Қамера — камера: 1) аурухана-**да**, түрмеде — оқшаулап бөліп қойған арнаулы бөлме; 2) мылтықтың я зеңбіректің оқ салатын жері; 3) ауа толтырылған резинка қапшығы.

Қамера автомобильная — автомобиль дөңгелегінің ішіндегі камера.

Қамера окуривания — газды бөлме (противогазбен кіріп шығатын іші газға толған бөлме).

Қамуфлет — камуфлет (жаудың минасын қыйратуға яки саперлерін түтінмен тұншықтыруға қойылған минаның жарылуы).

Қамуфляж — камуфляж (қаруларды) мысалы танкті (түрлі түсті етіп бояу арқылы маскировка жасаудың бір жолы, әдісі).

Қанава — ор.

Қанал — канал: 1) су жіберу үшін қазылған жер; 2) екі судың жырып қосылған жері; 3) құрлыста болатын үлкен труба; 4) оқ снаряд шығатын мылтықтың, орудияның тесігі.

Қанат — арқан.

Қаннибал — каннибал (кісі жейтін адам, мейрімсіз адам).

Қаннибализм — каннибализм (қаталдық, мейрімсіздік).

Қанонада — канонада (зеңбірекпен атқылау).

Қанонерка — *лодка канонерская* деген сөзді қара.

Қанонир — канонир (артиллериядағы жай әскер, зеңбірек атушы).

Қапитан — капитан: 1) соғыс яки сауда кемесінің начальнигі; 2) армияда — майордан кейінгі атақ.

Қапитулировать — капитуляция жасау, жауға берілу.

Қапитулянт — капитулянт (бірінші жауапқа шыдамай, жаудың ырқына көнгіш қоянжүрек).

Қапитуляция — капитуляция: 1) тізе бүгу, жаудың қойған шарттарына көну; 2) жауға берілу.

Қапот — капот (автомобиль, аэроплан т. б. моторының ашпалы қақпағы).

Қапрал — капрал (бірнеше шет ел әскерлерінде — звено командирі сыяқты чин).

Қапсуль — капсуль (мылтық, артиллерия, мина оқтарының пистоны).

Қапсуль подрывной — ішіне өте күшті жарылғыш зат толтырған ұзындығы 55 мм. түтік (жару ісінде қолданылады).

Қаптенармус — каптенармус (армияның әскер бөлімдерінде азық-түлік, мүлік және жабдық — саймандарды қабылдау, сақтау

және беру ісінің бастығы, басқарушысы).

Капюшо́н — капюшон (күлапара, жепен).

Караби́н — карабин (қысқа стволды винтовка).

Кара́бкаться — өрмелеп шығу.

Каранти́н — карантин (індетпен байланысты тыйым).

Кара́тельный — жазалайтын.

Кара́ть — жазалау, жазғыру.

Кара́ться — жазалану.

Карау́л — қарауыл (құралды күзетшілік қызметі, орны; қарауылда тұрған адам).

Караул гарнизонный—гарнизон қарауылы.

Караул лагерный — лагер қарауылы.

Карау́лить — қарауыл болу, күзету.

Карау́льный — қарауыл, қарауылшы, қарауылда, күзетте тұрған.

Карау́льная — караульная, қарауыл бөлмесі, қарауыл тұратын үй.

Карбони́т — карбонит (күшті жарылғыш зат).

Карка́с — каркас (қаңқа, негіз).

Каркас танка — танканың каркасы қаңқасы.

Ка́рта — карта (жер бетінің чертежі).

Карта топографическая — топография картасы (жердің егжей-тегжейі ерекше белгілермен көрсетілген карта).

Карта морская — теңіз картасы.

Карте́чь — картечь (атылғанда жан-жаққа шашырап кететін оқ толтырылған, жақын дистанцияға (араға) атылатын артиллерия снаряді).

Ка́ска — каска (шлем формасындай етіп металдан яки басқа метериалдан жасалған бөрік (бұл өрт сөндіру командасында және әртүрлі армиялардың әскер бөлімдерінде болады).

Катастро́фа — катастрофа (бәлеге ұшырау, ойран болу, апат).

Категори́ческий — үзілді-кесілді.

Катего́рия — категория (дәреже).

Ка́тер — катер (жақын маңайда жүретін жеңіл кеме).

Ка́тер буксирный — буксир катері.

Катер торпедный — торпеда катері (1 — 3 торпедамен қаруланған ең тез жүргіш кішірек соғыс кемесінің бірі (сағатына 74,16 километр жүреді), су жағасындағы әрекеттерді орындағанда, қолданылады.

Каю́к — каюк (екі ескекті, түбі жалпақ кішкене қайық; ескекпен жүретін және желкеннің күшімен жүретін жүк тасыйтын палубасыз жабық кеме).

Каю́та — каюта (кемедегі пассажирлерге яки кеме командасына арналған бөлме).

Каю́т-компа́ния — кают-компания кемедегі пассажирлерге арналған жалпы бөлме, соғыс кемесінде команда составына арналған жалпы бөлме (тамақ ішетін дем алатын).

Кварти́ра — пәтер.

Квартира главная — соғыс кезінде бас командашымен штабтың тұратын жері.

Квартирме́йстер — квартирмейстер (әскер бөлімдерін азық-түлікпен қамтамасыз ету ісін басқаратын және

эскерлерді пэтерге орналастыру ісін басқаратын кісі).

Квартиро-бивак — квартиро-бивак (жорықтағы эскерлердің табырға, квартираға бөлініп түсуі).

Квартировать — эскерлердің қандайда болса бір жерде орналасып түруы.

Квартирьер — квартирьер (эскерлер бір жерден екінші жерге көшкенде, оларға пэтер тауып беру ісін орындайтын кісі).

Кингстон — кингстон (кеменің ішіндегі қазандарға су толтыру үшін және кеменің үстіне су шығару үшін кеменің астыңғы жағынан орнатылған клапан).

Кирка — кирка (хайла).

Кислород — кислород (һауаның составына кіретін және дем алу үшін керекті газ).

Кислота — кислота (қышқыл).

Кислота азотная — азот қышқылы.

Кислота синильная — синиль қышқылы (ащы миндаль (бадам) иісті улы, түссіз сүйық зат).

Кислота пикриновая — пикрин қышқылы (артиллерияда қолданылатын жарғыш улы кристалды зат).

Кислота серная — күкірт қышқылы.

Кисть руки — қолдың басы.

Кладбище — беит, зират, мола.

Клапан — клапан (механизм жүріп түрғанда, механизмнің тесігін ашып-жауып түратын қақпақ).

Клапан выдыхательный — противогаздың дем шығаратын клапаны.

Клещи — тістеуік.

Клика — саяси бүзық жүмыс істеуге ауыз жаласқандар тобы.

Климат — климат (һауа райы).

Клинок — қылыштың я пышақтың жүзі.

Клипер — клипер (үш мачталы тез жүретін желкенді кеме).

Ключ местности — соғыста белгілі бір жерді меңгеріп алуға мүмкіншілік беретін қолайлы жер.

Клятва — ант, серт.

Коалиция — коалиция (бір мемлекеттің күшіне я эсеріне қарсы түру үшін, екі я бірнеше мемлекеттің одақтасуы).

Кобура — кобура: 1) тапанша қабы; 2) ерге бекітілген былғары сумка (қоржын).

Коварный — зүлым, залым.

Код — код (телеграфта — сигнал бергенде қолданылатын қысқартылған шартты белгілер тізімі).

Кожух — ағаштан я темірден жасалған қап, футляр (машинаның үстін жауып түратын).

Кожух орудия — қарудың қабы, футляры.

Кожух пулемета — пулеметтің қабы.

Козел — козел (үстінен секіріп ойнайтын төрт аяқты екі қанатты ағаш).

Козел мостовой — үш аяқты козел.

Козлы ружейные — мылтықты үстіне қойып, атуға керекті сыйрақ.

Козырек окопа — окоп қалқаны (окоптың алдынан жасап қойған қалқан).

Кол — қазық.

Колесо — дөңгелек.

Колесо дисковое—дискелі (табақша) дөңгелек.

Колесо зубчатое — тісті дөңгелек.

Колея́ — колея (қатар салынған екі рельстен құралған теміржол).

Коли́чество — сан, мөлшер.

Коло́дец — құдық.

Коло́дка прицельная — көздеуіш қалыбы.

Коло́нна — колонна: 1) әскерлердің бірінен соң бірі белгілі тәртіппен сафқа тізілген қатары; 2) бір-біріне тізбектелгендей түп-түзу қатарласқан кемелер.

Колонна автотранспортная — автотранспорт колоннасы.

Колонна главных сил — басты күштің колоннасы.

Колонна наступающая — шабуыл жасап бара жатқан, жасайтын колонна.

Колонна обходная — айналып өтетін колонна.

Колонна пехотная — пехота колоннасы.

Колонна танковая — танктер колоннасы.

Колонна по два! — колонна по два («екі-екіден тізілің-дер!» деген команда).

Кольт — кольт (айрықша системалы тапанша мен пулемет).

Кома́нда — команда: 1) ауызша қысқа бұйрық; 2) қандай да болса бір әскер бөлімін басқару, командалау, команда беру; 3) айрықша единицаға бөлінген әскер бөлімшесі; 4) айрықша бір істі атқару үшін, уақытша бөліп шығарылған әскер бөлімі; 5) кеменің матростары мен бастықтары; 6) өрт сөндірушілер тобы.

Команда дегазационная — дегазация командасы (газдың әсерін жою командасы).

Команда наблюдательная — бақылау командасы.

Команда пулеметная — пулемет командасы.

Команда саперная — саперлер (инженерлік әскерлер) командасы.

Команда танковая — танк командасы.

Команда химическая — химия командасы.

Команда подрывная — бүлдіру, жару командасы.

Команда́рм (командующий армией) — командарм (армия командашысы).

Комади́р — командир (әскер бөлімінің я соғыс кемесінің бастығы, начальнигі).

Командир полка — *комполка* деген сөзді қара.

Командир роты — рота командирі.

Командир танка — танк командирі.

Командир звена—звено командирі.

Командир корабля — кеме командирі.

Командир младший — кіші командир.

Командир старший—аға командир.

Командир отделения — бөлім командирі.

Кома́ндный — командалық, команданікі (команда деген сөздің 1, 4, 5, 6 мағнасын қара).

Кома́ндование—1) *командовать* деген сөзді қара; 2) әскерді немесе әскердің бөлімін басқаратын кісілер.

Командование главное — бас команда.

Командование дивизии — дивизия командасы.

Командование фронта—майдан командасы.

Командовать — 1) ауызша команда, бұйрық беру; 2) әскери бөлімді басқару.

Командор — командор (авиация отрядының бастығы).

Командующий — командашы (әскери начальник, бастық).

Командующий армией—*командарм* деген сөзді қара.

Командующий войсками — әскер командашысы.

Командующий флотом — флот командашысы.

Командующий эскадрой — эскадра командашысы.

Комбат (командир батальона, командир батареи) — комбат (батальон командирі, батарея командирі).

Комбинация — комбинация (жауға қарсы күресте қолданылған бір әдіс).

Комбинезон— комбинезон (летчиктердің, дегазация жүргізушілердің киетін пенджегі мен шалбары тұтас киімі).

Комбинированный — комбинацияланған, біріктірілген, қосылған.

Комбинированный удар по противнику — авиация, танк, артиллерия т. б. қарулардың күштерін біріктіріп жауға соққы беру.

Комбриг (командир бригады)— комбриг (бригада командирі).

Комвзвод (командир взвода)— комвзвод (взвод командирі).

Комдив (командир дивизии) — комдив (дивизия командирі).

Комендант — комендант (әскери қамалдың я қалалық гарнизонның бастығы).

Комендатура — комендатура (коменданттың және оның кеңсесінің тұрған үйі).

Комендор — комендор (теңіз артиллеристі).

Комиссар — комиссар (саяси, әкімшілік яки шаруашылық лауазімді атқаратын жауапты кісі).

Комиссар армейский — армия комиссары.

Комиссар батальонный — батальон комиссары.

Комиссар военный — *военком* деген сөзді қара.

Комиссар дивизионный — дивизион комиссары.

Комиссар корпусной (корпусный) — корпус комиссары.

Комиссар полка — полк комиссары.

Комиссариат — комиссариат (комиссар басқарған мекеме).

Комиссариат военный — *военкомат* деген сөзді қара.

Комиссия — комиссия (арнаулы бір мақсатты және тапсырманы шешу үшін және орындау үшін, қандай да болса бір мекеменің жанында уақытша не тұрақты етіп белгіленген, сайланған адамдар).

Комиссия врачебная — дәрігерлік комиссия.

Комиссия призывная — әскери қызметке шақыру комиссиясы.

Комкор (командир корпуса) — комкор (корпус командирі).

Коммуникация — коммуникация (бір жермен екінші

жердің байланысы, байланыс жасауы).

Коммута́тор — коммутатор (электр тогін тоқтату, жіберу үшін және олардың бағытын өзгерту үшін керекті аспап).

Ко́мпас — компас (құбланама, стрелкасы үнемі терістікті көрсетіп тұратын аспап).

Компле́кт — комплект (қандай да болса бір нэрсенің, заттың толық жыйыны).

Комплект обмундирования — формалы киімнің комплектісі.

Комплект перевязочных материалов—жараны таңу үшін керекті заттардың комплектісі.

Компо́лка́ (командир полка) — комполка (полк командирі).

Компре́ссор — компрессор: 1) һауа, газ қысқыш аспап; 2) тамыр қысқыш.

Компрессор орудийный — орудия компрессоры.

Комсо́став (командный состав) — комсостав (команда составы, командирлер).

Кона́рмия (конная армия) —атты армия.

Конво́ир — конвоир, конвойшы, айдаушы; теңізде соғыс кезінде сауда кемесін күзетіп баратын соғыс кемесі.

Конве́нция — конвенция (мемлекеттер арасында ерекше мэселе жөнінде, техникалы мэселе жөнінде жазылған шарт).

Конвойировать— айдау, тұтқынға алынғанды айдау, конвойлау.

Конво́й — конвой: 1) сақшы, айдаушы отряд; 2) соғыс кезінде сауда кемелерін күзетіп баратын соғыс кемелері.

Конво́йный — конвойшы, айдаушы.

Ко́нница — атты эскер.

Коново́д — атшы, атты қарап тұратын эскер.

Консе́рвы — консерв (бұзылмайтын етіп қаңылтыр сауытқа салынған тамақ).

Конспирати́вный — жасырын.

Конспира́ция — конспирация (үкметке қарсы жасырын жұмыс, жасырын сыр; жасырын құпыя).

Конспири́ровать — жасыру, бүркеу, астыртын жұмыс істеу.

Констру́ктор—конструктор (бір нэрсенің конструкциясын жасаушы).

Констру́кция — конструкция (машинаның, құрылыстың структурасы, планы, түзілісі).

Континге́нт новобранцев — жаңадан эскерге шақырылған кісілердің контингенті (саны).

Контраба́нда — контрабанда (шекарадан, басқа мемлекеттен тыйым салынған товар өткізу).

Контрадмира́л — контрадмирал (адмиралдан екі басқыш төмен чин).

Контрата́ка — контратака (эскердің жауға қарсы шабуылы, шабуыл жасаушыға қарсы шабуыл жасау).

Контрбатаре́я — контрбатарея (жаудың батареясына қарсы батарея).

Контрибу́ция — контрибуция (соғыста жеңілген елге жеңген елдің тарапынан салынған ақша, алым; басып алынған жердің елінен

жау әскердің зорлықпен алған ақшасы, алымы).

Контрмане́вр — контрманевр (жаудың маневріне қарсы маневр).

Контрма́рш — контрмарш (жаудың марш-маневріне қарсы, марш-маневр).

Контрми́на — контрмина (жаудың құрған миналарын іздеп тауып алып, жойып жіберу үшін жау тұрған жерге (жаққа), апаратын жер астындағы жол).

Контрме́ры — шараға қарсы шара.

Контрнаступле́ние — жаудың шабуылына қарсы шабуыл.

Контрразве́дка — контрразведка (шет мемлекеттердің шпиондық жұмысына және пропагандасына қарсы іс жүргізетін және жаудың тылында разведка жұмысын жүргізетін мекеме).

Контруда́р — соққыға қарсы соққы.

Конту́женный — зағып болған.

Конту́зить — зағыптандыру; зақым келтіру.

Конту́зия—зағып (дененің сырты сау тұрып, жаралану, кемтарлану).

Концентра́ция — концентрация (бір жерге жыйнау, жыйналу).

Концентрация войск — әскерді бір жерге жыйнау, әскердің бір жерге жыйналуы.

Концентрация огня — оқты негізгі бір жерге қарай жаудыру.

Концентри́ровать — бір жерге жыйнау.

Концентри́роваться —бір жерге жыйналу.

Координи́рование военных сил — соғыс күшін біріктіру.

Концла́герь (концентрационный лагерь) — соғыста ұсталған тұтқындарды, әлеуметтік хауыпты кісілерді қамап қоятын лагерь, орын).

Копа́ть — қазу.

Ко́пия — көшірме.

Копьё — найза.

Кораблекруше́ние — кеменің харап болуы, апатқа ұшырауы.

Кора́бль — кеме.

Корабль военный — соғыс кемесі.

Корабль линейный (линкор) — ең ірі артиллерия мен жабдықталған және бронясы қалың соғыс кемесі.

Корабль сторожевой — күзетші кеме.

Корабль воздушный — *дирижабль* деген сөзді қара.

Корвра́ч (корпусный врач) — корпус дәрігері.

Корди́т—кордит (түтінсіз мылтық дәрісі).

Кордо́н — кордон: 1) шекара күзетіндегі отряд; 2) бір жерге баратын, өтетін жолды бөгеп тұратын отряд; 3) жау жолындағы отрядтар.

Корма́ — кеменің артқы жағы.

Кормово́й— кеменің артқы жағы; кеменің артқы жағында қызмет ететін матрос.

Ко́роб пулемета — пулеметтің коробы (пулемет жәшігі).

Коро́бка — коробка (футлярдағы машинаның әртүрлі бөлімдерінің аттары).

Коро́бка магазинная — магазин коробкасы (мылтықтың

оғын салып қоятын мылтықтың ішіндегі сауыт).

Коро́бка ствольная — ствол коробкасы (стволдың затвор тұратын қуысы).

Коро́бка скоростей — тездік коробкасы.

Коротковолнови́к — қысқа толқын арқылы радиомен хабар алушы, хабар беруші кісі.

Ко́рпус — корпус: 1) кеуде, көкрек (адамның), көкрек (аттың); 2) тұлға, қара (кеменің); 3) бір механизмнің металл қабы, сауыты (мысалы минаның); 4) жалпы бір участкаға салынған үйлердің бірі; үлкен үйдің оқшауланған бір бөлімі; 5) составына әскердің барлық түрлері кіретін ең жоғарғы әскери құрама; 6) бірдей мамандықтағы кісілердің бір мекеменің жанында ұйымдастырылған бірлестігі.

Корпус армейский — армия корпусы.

Корпус бомбы —бомбаның корпусы.

Корпус корабля — кеменің корпусы.

Корпус танка — танканың корпусы.

Корректи́ровать стрельбу — атушыларға снарядтың қалай тиіп жатқанын көрсету.

Корректи́рование огня — *корректировать стрельбу* деген сөзді қара.

Ко́ртик — кортик (теңіз флотының және әуе флотының команда составы асынып жүретін жіңішке ұзын қанжар).

Корчева́ть — тамырын жұлу, түбірін жұлу (ағаш туралы).

Коси́ть пулеметным огнем — пулемет оғымен қыру, жайпау, қырып жіберу, жайпап жіберу.

Ко́шка — кошка: 1) жерден берген пакетті самолет іліп әкетуі үшін асып қоятын кергіш; 2) табанына ұшты темірлер қағылған аяқ кийм (бағанаға шығу үшін).

Косого́р — төскей, тау баурайы.

Косты́ль — балдақ.

Котело́к — котелок (тұтқасы бар кішкентай металл шелекше).

Котлови́на — тау үстіндегі қазан тәрізді үлкен шұңқыр.

Кра́ги — краги (етіктің былғарыдан жасалған алмалы-салмалы қонышы).

Край — 1) өлке; 2) шет; 3) ел.

Край города — қаланың шеті.

Кран — кран (шүмек; жүк көтеруге, жүк тасуға ұсталатын механизм).

Кра́сная Армия — Қызыл Армия.

Красноарме́ец — қызыл әскер.

Красногварде́ец — қызыл гвардеец (қызыл гвардияға қатнасқан кісі).

Краснознамёнец — Қызыл Ту орденін алған кісі.

Краснознамённый — наградқа қызыл ту орденін алған.

Краснофло́тец — қызыл флотшы, ССРС флотындағы әскери қызметкер.

Крах — быт-шыт болу, апатқа ұшырау, күйреу.

Кре́йсер — крейсер (үлкен жүрдек соғыс кеме; бұл кеменің негізгі мақсаты — разведка жүргізу, байланысты қорғап тұру және байланысқа жәрдемдесу).

Крейсер вспомогательный — жәрдемші крейсер.

Крейсер линейный — броны онша қалың емес; калибрі линкор кемесінің артиллериясының калибрімен бірдей ауыр артиллериямен жабдықталған кеме (линкор кемесіне қарағанда, бұл кеменің артиллерия қарулары аз, бірақ линкордан тез жүреді). Бұл кеменің мақсаты — жаудың линкор кемелерін жою, тез жүруді керек қылатын маневрді орындау және жеңіл крейсерлермен миноносецтерге жәрдемдесу.

Крейсер легкий — жеңіл крейсер (бұл кеменің максаты — разведка қызметін атқару, линкор кемелерін миналы атакадан қорғау және теңіздегі кеме жүретін жолдағы операцияны орындау. Жеңіл крейсерлер өте тез жүреді, орта калибрлі артиллериямен қаруланған).

Крейсировать — 1) екі арада жүріп тұру (кеме туралы); 2) соғыс кемесінің теңіздің белгілі жерінде жүруі (бақылау үшін).

Крен — кеменің, ұшқыш аппаратының жантаюы.

Кренить — жантайту (кемені),

Крениться — жантаю (кеме).

Крепить — берік қылып байлау (кеменің арқанын т. б.); нығайту, күшейту.

Крепкий — берік; төзімді, күшті.

Крепость — қамал.

Крепость приморская — теңіз жағасындағы қамал.

Кризис боя — ұрыстың, соғыстың ең қыйын, ең ауыр кезі.

Кровавый — қанды, қан жоса (соғыс, ұрыс).

Кровожадный — қанқұмар, канішер, залым.

Кровопийца — қанішер, қансорғыш, залым.

Кровопролитие — қан төгу, қырылып қалу.

Кровоточить — қанау, қан сорғалау.

Кроки — кроки (топографияда — көзбен байқап қана асығыс салынған план (жердің планы).

Круг манежный — манеж кругі (ат ойыны болатын жер).

Кружиться — айналу.

Кружка — кружка.

Круп — сауыр (ат туралы).

Крупнокалиберный — үлкен калибрлі.

Крутизна — тік жер, тік орын.

Крутой — тік.

Крушение — апат, ойран болу.

Крыло — қанат.

Крыло автомобиля — автомобильдің қанаты.

Крыло самолета — самолеттің қанаты.

Крючок спусковой — мылтықтың тартпасы.

Кубик — кубик (текше).

Крышка — қақпақ.

Крышка вентилятора — вентилятордың қақпағы (желдіктің қақпағы).

Крышка потника — терліктің тысы.

Кузов — кузов (арбада я автомобильде адам отыру үшін жасаған қуыс жәшік; кеменің каркасы).

Кузов броневой — броняланған кузов.

Кулачок взвода — взводтың құлағы.

Курга́н — қорған, қорым.
Куро́к — курок (мылтықтың құлағы, шаппасы).
Курок взведенный — кайырылған, қайырып қойған курок.
Курс — курс (кеменің, аэропланның алған бағыты).
Курс боевой — кеменің, самолеттің шабуыл жасайтын объектке қарай жүруі.
Курс обратный — кеменің барған жерінен кейін қайтуы.
Курса́нт — курсант (әскери мектептің команда составын дайындайтын курстың оқушысы).
Курси́ровать — белгілі маршрут бойынша екі арада үзбей жүріп тұру (кеме, аэроплан).
Куст — бұта.
Куста́рник — бұта.
Ку́хня походная — жорық кухнясы (ас пісіретін арба я машина).
Кюве́т — кювет (қамал жиегіндегі ішіне су толтырылған ор).
Ла́ва — лава (атты әскердің лап бере шабуыл жасауы).
Лава военная — соғыс лавасы.
Лави́на — көшкін.
Лави́ровать — бір оңға, бір солға бұрыла желге қарсы жүру (кеме).
Лаг — лаг: 1) кеменің жүріс тездігін өлшейтін аспап; 2) кеменің ернеуі, шеті.
Ла́герь—лагерь: 1) әскердің көбінесе уақытша далада шатыр тігіп жататын орны; 2) тұруға қорғануға қолайланған ұзақ срокты әскери позиция.
Лагерь дивизионный — дивизиондық лагерь.
Лагерь для военнопленных — әскери пледдер тұратын лагерь.
Лагерь концентрационный — *концлагерь* деген сөзді қара.
Лагерь укрепленный — бекініс лагерь (айналасына зеңбірек — құрал орнатылған. берік мықты лагерь).
Лагерь учебный — үйреншік лагерь
Ла́дно — жарайды, хұп.
Лазаре́т — лазарет (әскер бөлімінің жанындағы ауруханa).
Лазарет ветеринарный — ветеринар лазареті (мал ауруын қарайтын лазарет).
Лазарет войсковой — әскери лазарет.
Лазарет корабельный — корабльдегі лазарет.
Лазарет полевой — жорық лазареті.
Ла́зить — өрмелеп, тырмысып шығу.
Лазу́тчик — дұшпан тылына өтіп кеткен шолғыншы.
Ла́йба — лайба (бір я екі мачталы, кейде палубасы бар, үлкен қайық).
Ла́мпа детекторная — детектор лампасы (радиоприемникте болатын лампа).
Ла́мпа сигнальная — сигнал лампасы.
Ла́мпа электронная — электрон лампасы.
Ландша́фт — ландшафт (бір жердің жалпы көрінісі).
Ландшту́рм — ландштурм (тек мылтық алып жүруге жарайтын, әскер қызметінен тыс битарап адамдар).
Ланса́да — лансада (салт атпен шұғыл жоғары қарғу).
Лафе́т — лафет (артиллерия

орудиясының астындағы станок).
Лафет гусеничный — жыланбауыр лафет.
Разогна́ть — 1) қуып жіберу; 2) таратып, жойып жіберу; 3) барынша айдау, барынша тез жүргізу (ат, машина).
Разогре́тый — қызған.
Разогре́ться — қызу, қызып кету.
Разойтись — тарау, бытырау, жан-жаққа бытырап, таралып кету.
Разойтись! — разойтись («таралыңдар, таралып кетіңдер!» деген команда).
Разомкну́ть — арасын алшақтату.
Разомкну́ться — арасы алшақтану, алшақтау.
Разорва́ть — жарып жіберу.
Разорва́ться — жарылу, жарылып кету.
Разоруже́ние — құралсыздану, құралсыздандыру, қарусыздандыру.
Разоружённый — құралсыздандырылған, қарусыздандырылған.
Разоружи́ть — құралсыздандыру, қаруын тастау.
Разоружи́ться — құралсыздану, қаруын тастау.
Разосла́ть — тарату, әр жерге жіберу.
Разре́з — кесу; кесік, кесілген жер.
Разре́зать — кесу, күшпен бөліп тастау, кесіп өту.
Разреше́ние — рұхсат; шешу.
Разреши́ть — рұхсат ету, шешу.
Разровня́ть — тегістеу.
Разро́зненность — бытыраңқылық.

Разро́зненный — бытыраңқы, шашыраңқы.

Разруби́ть — бөлшек-бөлшек етіп, шауып тастау, қылыштау, кескілеп тастау.

Разруше́ние — қыйрату, бүлдіру.

Разруше́ние доро́г — жолды бүлдіріп тастау, бұзып тастау.

Разрушение мостов — көпірді қыйратып, бұзып тастау.

Разруши́тельный — қыйратқыш, қыйратып тастағыш.

Разру́шить — қыйрату, қыйратып тастау.

Разру́шиться — қыйрау, бүліну.

Разры́в — 1) *разорваться* деген сөзді қара; 2) жарылған жер; 3) үзілу, үзілген жер.

Разрыв линии фронта — майдан линиясының үзілуі.

Разрыв снаряда — снарядтың жарылуы.

Разрывно́й — жарылғыш, жарылатын.

Разря́д — 1) *разрядить, разрядиться* деген сөздерді қара; 2) дәреже, топ.

Разряди́ть — оғын алып тастау.

Разряди́ться — оғы алыну, жасауы алыну.

Разря́дка — разрядка (оғын алып тастау, жасауын алып тастау).

Разряжённый — оғы алынған, жасауы алынған.

Разузна́ть — сұрастырып білу, анығына жету.

Разу́ть — аяқ киімін шешу (біреудің).

Разу́ться — аяқ киімін шешу (өзінің).

Разъе́зд — разъезд: 1) разведкаға, шолуға жіберілетін яки қорғау үшін жіберілетін атты әскерлер (бір эскадрон шамасында); 2) бір колеялы теміржолдың екіге айрылуы (екі жақтан кездесетін поезға жол беру үшін); осындай екіге айрылған жолдың поезд тоқтайтын жері.

Разыска́ть — іздеу, іздеп табу, зерттеп барып табу.

Райо́н — аудан.

Район артиллерийских позиций — артиллерия позициясының ауданы.

Район боя — ұрыс ауданы, соғыс жүріп жатқан жер.

Район военных действий — соғыс әрекеті болып жатқан аудан.

Район оборонительный — қорғау ауданы.

Район обстрела — оқ астына алатын аудан.

Район операции — соғыс әрекеті жүргізілетін аудан.

Район пограничный — шекара ауданы.

Район прикрытия — оқпен тасалау ауданы, оқпен бүркеу ауданы.

Район прорыва — үзіп өткен, үзіп өтетін аудан.

Район разведки — шолу ауданы.

Район расположения — орналасу ауданы, тұрған, орналасқан жер.

Район сторожевой — күзет ауданы, бекініс ауданы.

Район укреплённый — бекінген аудан, бекіністі аудан.

Ракета — ракета (ішіне жанғыш дәрі салынған, соғыста сигнал беру үшін аспанға атылатын снаряд).

Ракета зажигательная — жанғыш ракета.

Ракета осветительная — жарықтаушы ракета; жарқылды ракета.

Ракета сигнальная — сигнал беретін ракета.
Рáмка прицельная — көздеуіш рамкасы, дәлдеу рамкасы.
Рáна — жара, жараланған жер, жарахат.
Ранг — ранг (әскери атақ дәрежесі).
Ранéние — жарақаттану, жаралану, жараландыру, жаралау, жарақаттау.
Рáненый — жараланған, жаралы болған.
Рáнец — дорба.
Рáнить — жараландыру, жаралау, жарақаттау.
Рáно утром — таңертең.
Рáньше — ертерек, бұрын, бұрынырақ.
Рáпорт — рапорт (жоғарғы инстанцияға, бастықтарға ауызша я жазба түрде берілген арыз, ресми баяндама).
Рапортовáть — рапорт беру.
Расквартировáть—қонуға жайғасу, жайғастыру, әскерлерді пәтерлерге орналастыру.
Раскúдистый—бұтақтары жан-жаққа кең жайылған (ағаш).
Раскопáть — қазбалау, қазу, қазып тауып алу.
Распечáтать — печатін алып тастап ашу (пакетті, хатты).
Расписáние — расписание (бір нәрсенің қай уақытта келетінін, кететінін, болатынын көрсете жазылған кесте).
Распознáть — белгілі бір белгісінен танып алу, білу, белгілерін қарап айырып тану, біреудің ойын, ниетін білу, соған көзі жету, сезу.
Расположéние — әскердің тұрған жері, орналасқан жері.
Располóженный — белгілі бір жерде тұрған, белгілі бір жерге орналасқан (әскер).
Расположúть—белгілі бір жерге орналастыру.
Расположúться — белгілі бір жерге орналастыру, тұру.
Распорядок — тәртіп, ереже.
Распоряжéние — бұйрық.
Распределéние—бөлу, үлестіру.
Распýтье — торау (екі жолдың яки бірнеше жолдың түйіскен, қосылысқан жері, айрығы).
Распылúтель — шашыратқыш, сұйық затты шашырататын аспап.
Рассвéт—таң сәрісі, елең-алаң, құланиек.
Расседлáть — ерін алу (аттың).
Рассéивание огня пулемета — пулемет оғының бытырап түсуі.
Рассéивание снарядов — снарядтардың жан-жаққа шашырап кетуі, бытырап түсуі.
Рассéять противника — жауды бытырату.
Рассмотрéть — анықтап қарап, байқап көру.
Рассмотреть окрестности в подзорную трубу — айналаны дүрбімен қарап шығу.
Рассредотóчение — *рассредоточить* деген сөзді қара.
Рассредотóчить — топтап әр жерге бөліп қою.
Рассредотóчиться — тобы жазылу, топ-топқа бөлініп әр жерге қойылу.
Расстáвить — орын орнына бөліп қою.
Расстояние — ара, аралық.
Расстрéл — атып тастау, ату.
Расстрелять — атып тастау.
Расстрóить — сафын бұзу, берекесін кетіру, ойран салу.

Расстро́иться — сафы бұзылу, берекесі кету, ойрандалу.
Расстро́йство— бұзылу, бүліну әрекетіне ұшырау, әлегі шығу.
Рассчита́ть — 1) санау, есебін білу; 2) бір істің іске асырылуының мүмкіншілігін білу, анықтау; 3) бір нәрсенің жағдайын есіне алып, бір пікірге, ойға, қортындыға келу; 4) қайтадан стройға тізу үшін стройға тұрған әскерлерді номер-номерге бөлу.
Рассчита́ться — санау, стройды қайтадан құру үшін, тізу үшін, стройда тұрған әскерлерді номерлерін айттырып санау.
Рассчи́тывать — сену, дәмелену, сүйену, үміттену.
Рассы́пать — шашу, жаю, әскерлерді жайып жіберу, бытыратып жіберу.
Рассы́паться — жайылып жату, бірінен бірі алшақтап, шашырап, бытырап жату.
Раство́р — ертінді.
Растяже́ние фронта — соғыс майданының созылысы.
Растя́нутость фронта—майданның созаланқылығы, созылысы.
Растя́нутый — созылған, созаланқы.
Расформирова́ть — қайта түзу, қайта құру.
Расхо́д огнеприпасов — патрондардың, снарядтардың шығындалуы, шығындалған патрондар, снарядтар.
Расчёт — расчет: 1) қаруда, пулеметта қызмет ететін кісілер; 2) ниет, белгілі бір мағлуметке негізделген болжау; 3) уақ бөлімдерге бөлу (мысалы, эскадронды звеноға бөлу).
Расчет марша — марш есебі.
Расчет на взрыв — жару расчеті, есебі.
Расчет орудийный — орудиеде (қаруда) істейтін кісілер.
Расчет пулеметный — пулеметта істейтін кісілер.
Расчлени́ть — бөлу, талдау, жіктеу.
Расчленённо — бөлектеніп, бөлініп, жіктеліп, бөлінген, жіктелген күйде.
Расчленя́ться — бөлшектену, бөлім-бөлімге жіктелу.
Расши́рить—кеңейту, күшейту, ұлғайту.
Расши́риться — кеңею, күшею, ұлғаю.
Расшифрова́ть — шифрмен жазылғанды оқып айту, айырып оқу.
Расще́лина — таудың арасындағы тар құз, ағаштың терең жары, қуысы.
Ра́ция — *радиостанция* деген сөзді қара.
Рвану́ть—орнынан атылу, ырғу.
Рвать — жырту, үзіп алу, жұлып алу.
Рва́ться — 1) жыртылу, 2) жарылу, айрылу, 3) ұмтылу, қатты ұмтылу.
Рева́нш — реванш, кек алу (жеңілгендіктің есесін, қаруын қайтару).
Ревко́м (революционный комитет) — ревком: 1) октябрьдегі қозғалысқа дайындықты басқарған және октябрьдегі қозғалыстың өзін басқарған әскери-революциялық комитет; 2) азамат соғысы дәуірінде совет өкіметінің төтенше органы, революциялық яки

эскери-революциялық комитеті.
Револьвер — тапанша.
Регулирование — реттеу, ретке салу.
Регулярный — тұрақты (армия).
Редеть — сиректеу, сиректену, саны азаю, андыздау.
Редкий — сирек, сирек кездесетін.
Редут — редут (төрт я көп бұрышты сырты орланған қамал).
Редюит — редюит (бекінген пункт, гарнизонның ең соңғы, ақырғы таянышы болып пайдаланылатын қорған, қамал).
Реже шаг! — реже шаг («сирек адымда!» деген команда).
Резать — кесу, қырқу.
Резерв — резерв: 1) начальниктің қарамағына қалдырылған әскер бөлімі; 2) қор; 3) әскер қызметін өтеген және керек болған кезде армияға шақырылатын кісілер.
Резервист — резервтегілер.
Резервный — резервтегі.
Резкий (о движениях) — шұғыл.
Результат — нәтиже.
Рейд — рейд: 1) атты әскерлердің, самолеттердің жаудың тылына, я флангасына жасаған шабуылы; 2) гаваньның аузындағы, кіре берістегі жел мен толқыннан қортылған кеме тоқтайтын жер.
Рейдировать — рейд жасау (жаудың тылына шабуыл жасау).
Рейс — рейс (кеменің, болмаса машинаның т. б. сапар шегіп қайтқан жолы).
Река — өзен.
Реквизировать — реквизиция жасау, мүлікті біреуден еріксіз тартып алу.
Реквизиция — реквизиция (үкмет орындарының жеке кісілердің я қоғам ұйымдарының меншікті малмүлкін зорлап алып өзіне қарату).
Рекогносцировать — рекогносцировка жасау (жердің соғыс әрекетіне жарамдылығын ашу, анықтау; жердің жарамдылығын бағалау).
Рекогносцировка — рекогносцировка (жердің соғыс мақсатына жарамдылығын анықтау, тексеру).
Реле — реле (сигнал беретін аппараттың әрекетін басқаратын электромагнитті аспап).
Рельеф — жер бетінің құрылысы, келбеті.
Рельеф местности — жердің рельефі (жер бетінің келбеті)
Рельс — рельс (теміржол табаны).
Ремень — 1) қайыс бау, 2) қайыс белбеу, белдік.
Ремилитаризация — ремилитаризация (халықаралық шарт бойынша әскерден босатылған жерге қайтадан әскер апару, енгізу).
Ремилитаризировать — ремилитаризация жасау.
Ремонт — ремонт: 1) бұзылған нәрсені түзеу, жамау, жаңалау; 2) әскер бөлімдерінің кеміген аттарының орнына ат алу, аттардың санын толтыру.
Ремонтёр — ремонтер (әскерге ат алушы, әскери аттардың санын толтырып тұратын кісі).

Ремонти́ровать — ремонт жасау, түзету, жамау (бұзылған нәрсені); әскерге ат салу, әскери аттардың санын толтыру.
Реоргани́за́ция — қайта құру, қайта ұйымдастыру.
Реорганизова́ть — қайта құру.
Репре́ссия — тыйым, қысым, маза.
Репресси́ровать — жазалау, жазаға тарту, тыйым салу, жаза қолдану.
Репроду́ктор — репродуктор (радио хабарын жарыялайтын құрал).
Респира́тор—респиратор (ауызды, дем алу мүшелерін улы газдардан, тозаңнан қорғайтын аспап).
Ресу́рс — ресурс (мүмкіншілік, керек уақытта іске жарататын запас, байлық).
Ретира́да — ретирада: 1) шегіну, шегініс; 2) қамал құрлыстарында шегінген кезде пайдаланатын бекініс орын.
Ретрашеме́нт — ретрашемент (қамал ішіндегі қорғану үшін жасалған бөгеу).
Рефо́рма — реформа (қайта құрылыс).
Реформи́ровать — қайта құрастыру, қайта құру.
Реша́ющий — шешуші, негізгі, маңызды, ең басты.
Реше́ние — шешу.
Решение боевое — әскери шешім (соғыс кезінде не істеу керектігі жөнінде алғаш шешім).
Реши́тельность — бел байлағыштық, батылдық, тайынбаушылық, өттілік; үзілдікесілділік, тұжырымдылық.
Реши́тельный—1) батыл, өжет, шешуші; 2) тұжырымды, үзілді-кесілді, ада-жүде; 3) ең маңызды, ең күшті.
Реши́ть — шешу.
Ржа́веть — тоттану.
Ржа́вить — тоттандыру, тот бастыру.
Ржа́вление — тоттану.
Ржа́вчина — тот.
Ржа́вый — тот басқан, тоттанған.
Ржать — кісінеу.
Рикоше́т — рикошет (оқтың лағып, қаңғып барып түсуі, қаңғып барып тию).
Ри́нуться — кенет лап беру, лап қою, бас салу, өте түсу.
Риск — тәуеккел, хауып-хатер.
Риско́ванный — хауып-хатерлі, тәуекелдікпен істелген.
Рискова́ть — тәуекелдік ету.
Риф — риф (кеме жүруге кедергі болатын қыя тас).
Ро́бость — қорқақтық, жалтақтық, жүрексіздік, жасқаншақтық.
Ров — ор.
Ров замаскированный — жасырын ор, құпияланған ор.
Ров крепостной — қамал оры.
Ро́вик — окоптың түзге отыратын бөлімі.
Ро́вно — тегіс, жазық, дәл.
Ровно в шесть часов — сағат дәл алтыда.
Ро́вный — тегіс, теп-тегіс, жазық.
Ровня́ть — тегістеу.
Ровнять строй — стройды, сафты түзеу.
Ровня́ться — тегістелу, тегістеліп, қатарды түзету.
Рога́тка — рогатка (керме, кедергі, айқастырып істелген кедергі бөгеу).
Род — түр.
Род войск — әскер түрі.

Рожо́к — рожок (ауызбен тартатын сырнай).
Рожок сигнальный — сигнал рожогі.
Ро́зыск — іздеу, іздестіру.
Ро́кот — дүңкіл, дүрсіл.
Рокота́ть — дүңкілдеу-дүрсілдеу.
Роль—роль (бір іске, әрекетке, уақыйғаға қатнасудың дәрежесі, маңызы, алатын орны).
Ромб — ромб (қыйғаш төрт бұрышты әскери дәрежені білдіретін белгі).
Рост — бой.
Ро́та — рота көбінесе жаяу әскердегі батальонның бір бөлімі (бірнеше взводтан құралады).
Рота авиационная — авиация ротасы.
Рота автомобильная — автомобиль ротасы.
Рота головная — алдағы рота.
Рота запасная—запастағы рота.
Рота понтонная — понтон ротасы.
Рота противотанковая —танкыға қарсы рота.
Рота пулеметная—пулемет ротасы.
Рота разведывательная — шолғыншы рота, шолушы рота.
Рота саперная — сапер ротасы.
Рота связи — байланыс ротасы.
Рота стрелковая — атқыштар ротасы.
Рота танковая — танк ротасы.
Рота химическая — химия ротасы.
Ро́тный — 1) рота командирі; 2) ротаның.
Ро́ща — кішкентай тоғай.
Рубе́ж—1) шек, шекара, 2) жер.
Рубеж исходный — шыққан жері.

Рубеж оборонительный — қорғанатын жер.
Руби́ть—шабу (қылышпен т. б.).
Ру́бка — 1) шабу, шауып тастау, 2) кеме палубасының үстіне салынған кішкентай үй; 3) дирижабльдің басқару аспаптары тұратын және командирі тұратын бөлме.
Рубка командирская — командир рубкасы.
Рубка саблей — қылышпен шабу.
Рубка штурманская — штурман рубкасы (штурман үйі).
Ружьё — мылтық.
Ружье автоматическое — автоматты мылтық (өзі атылғыш мылтық).
Рука́ — қол.
Ру́ки вверх! — руки вверх! («қолыңды жоғары көтер, беріл!» деген бұйрық).
Рука́в реки — өзеннің айрығы.
Руководи́тель — жетекші, басшы, жолбасшы, басқарушы.
Руководи́ть — басқару, жетектеу.
Руково́дство — басқарушылық, жолбасшылық.
Рукопа́шный (бой) — қолдасып (ұрысу).
Рукоя́тка — тұтқа.
Рукоятка затвора — затвордың тұтқасы.
Рулево́й — рульші, руль ұстаушы.
Руле́тка — рулетка (ұзындық өлейштін аспап).
Рули́ть — 1) рульді бұру; 2) самолетті жермен жүргізу; 3) жермен жүру.
Руль — руль (машинаны, қайықты басқаратын тұтқа, күрек),

Ру́пор — рупор (дауыс күшейткіш труба).
Ру́сло реки — өзеннің арнасы.
Ручѐй — жылға.
Ру́чка — сап, тұтқа.
Рысь — желіс.
Рысь крупная — қатты желіс.
Рысь мелкая — бүлкіл жай желіс.
Рысью! — рысью («желіп жүріңдер!» деген команда).
Рыть — қазу.
Рюкза́к — рюкзак (арқа қоржыны).
Ряд — қатар, рет,
Рядово́й — жай, қарапайым.
С колена (положение для стрельбы) — бір тізерлеп (ату).
С фланга — флангадан (әскердің бір жақ қанатынан, шетінен).
Са́бля — қылыш.
Сабота́ж — саботаж (қасақана, ісін өндірмеу, жөндеп істемеу).
Сагайда́к — қорамсақ.
Садись! — садись («мін!» деген команда).
Сади́ться — 1) отыру, 2) міну, аттану (атқа).
Саква — жем дорба, атдорба.
Са́ло — май (сары майдан басқасы).
Сало говяжье — сиыр майы.
Сальник пулемета — пулемет сальнигі (коробкаға су жібермес үшін орап байлаған жіп).
Салю́т — салют (құрмет, сәлем ретінде зеңбірек я винтовканы бірден ату).
Салют орудийный — орудия салюті.
Салют ружейный — мылтық салюті.
Салю́товать — салют жасау.
Самолѐт — самолет (аэроплан).
Самолет артиллерийский — артиллерия самолеті.
Самолет боевой — ұрыс самолеті.
Самолет бомбардировочный — бомбалау самолеті.
Самолет гоночный — жарыс самолеті.
Самолет двухместный — екі кісілік самолет, екі орынды самолет.
Самолет истребительный — жойғыш самолет.
Самолет многоместный — көп орынды самолет.
Самолет одноместный — бір орынды, бір кісілік самолет.
Самолет пассажирский — пассажирский самолет (кісі тасийтын самолет).
Самолет почтовый — почта самолет.
Самолет разведывательный — шолғыншы самолет.
Самолет с высоко расположенным крылом — жоғары қанатты самолет.
Самолет с двойным управлением — қос басқарғышты самолет.
Самолет с низко расположенным крылом — төмен қанатты самолет.
Самолет санитарный — санитариялық самолет.
Самолет сопровождения — нөкерлік самолет.
Самолет сопровождения пехоты — жаяу әскер нөкерлігіндегі самолет.
Самолет транспортный — транспорт самолеті.
Самолет тренировочный — жаттығу самолеті.
Самолет управляемый без пи-

лота — пилотсыз басқарылатын самолет.

Самолет учебный — үйрену самолеті.

Самолет цистерна — цистерна самолет (сұйық заттарды құйып алуға тасуға қолайланған самолет.)

Самолет штурмовой — штурмдау самолеті.

Самооборо́на — қорғау (өзін).

Самоока́пывание — қазыну, окоп қазып алу.

Самоотве́рженность — жанын аямаушылық, жан қиярлық.

Самопоже́ртвование — құрбан болушылық; өзін құрбан қылушылық.

Самостоя́тельно — өздігінен.

Самостре́л — өзі атылатын.

Са́мый — нағыз, ең, аса, тым.

Самый быстроходный — ең тез жүргіш.

Самый необходимый — ең керекті, нағыз керекті, ен хажетті.

Санато́рий военный — әскери санаторий (әскери емхана)

Са́ни — шана.

Санитар — санитар: жаралыларды күтуге тағайындалған әскер қатарындағы адам.

Санитар ротный — роталық санитар.

Санита́рный — санитарды (н).

Са́нкция — санкция (ризалық).

Сантиме́тр — сантиметр (метрдің 100 ден бірі).

Са́па — сапа (жаудың бекінісіне жақындау үшін, қазылған жол).

Сапа блиндированная — блиндажданған сапа (артиллерия бомбасынан сақтану үшін, окопте жасалған ирек бекіністер).

Сапе́ры — саперлар (әскери инженерлік бөлім).

Сбереже́ние материальной части — материалдық бөлімді сақтау.

Сбить — түсіру, атып түсіру.

Сбить с направления — бағытынан адастыру, бұру.

Сби́ться с курса — бағытынан шатасу, адасу.

Сближа́ться (с противником) — таяну, жақындау (жаумен).

Сближение (с противником) — таялу, жақындау (жаумен).

Сбор (коня) — жыйнау, топтау.

Сбор лагерный — лагерлық жыйын.

Сбор учебный — үйрену жыйыны.

Сборка (оружия) — жыйнау (мылтық бөлшектерін қайтадан орнына салу).

Сборы (поверочные) — жыйын (түгендеу).

Сбруя — ат-тұрман.

Сва́ливать — *свалить* деген сөзді қара.

Свали́ть — құлату, жығу.

Свали́ться — 1) бір нәрседен құлау, жығылу; 2) бір нәрсенің үстіне ауу, құлау. 3) (кеме) соқтығысу.

Сва́ривать — *сварить* деген сөзді қара.

Свари́ть — пісіру: 1) (ас) пісіру; 2) (темірді) пісіру, қосып пісіру.

Свари́ться — пісірілу: 1) астың пісірілуі; 2) темірдің пісірілуі (пісіру арқылы бірбіріне қосылуы).

Сва́рка — пісіру, пісірілу (пісіру арқылы темірдің екі қосылуы).

Сва́рщик — пісірілгіш (темір пісіргіш ұста).

Сва́я — балка, бөрене (құрылысқа тас кірпішпен ара-

лас қолданылатын ұзын темір, ағаш).
Сведение — мәлімет, хабар.
Сведение о противнике — дұшпан жөніндегі мәлімет, хабар.
Свезти — бастап бару, алып бару, жетекшілік ету.
Сверить — салыстырып анықтау (алынған мәліметті салыстырып қарау, тексеру, дұрыстығын ашу).
Сверкание — жалтырау, жалтылдау.
Сверкать — жалтырау, жалтылдау, жылтылдау.
Сверление — бұтылау, бұрғылап тесу.
Сверлить—сверление деген сөзді қара.
Сверлиться — бұрғылану, тесілу.
Сверло — бұрғы.
Сверхсрочнослужащий — міндетті қызмет срогінен артық істеуші қызметкер.
Сверху вниз — жоғарыдан төмен (ге).
Сверхштатный — штаттан тыс.
Свет — жарық.
Светосигнальщик — жарықпен сигнал беруші.
Свеча — шам.
Свеча сальная — майшам.
Свеча дымовая — түтінді шам.
Свеча ядовитая — улы шам.
Свидетельство воинское — әскери куәлік.
Свидетельство о поведении — мінез-құлқы туралы куәлік.
Свидетельство об окончании учебного заведения — мектепті бітіргендік туралы куәлігі.
Свинец — қорғасын.
Свистать — ысқыру.
Свисток — свисток.
Свита — нөкер.
Свобода — ерік, бостандық, еркіндік.
Свобода маневра — маневр еркіндігі.
Свобода оперативная — операция еркіндігі.
Свод — жыйнақ.
Свод стратегических данных— стратегиялық деректер жыйнағы.
Сводка — мәлімет, хабар.
Сводка метеорологическая — метеорологиялық мәлімет.
Сводка оперативная — операциялық мәлімет.
Сводка политическая — саяси мәлімет.
Сводка разведывательная — шолу мәліметі.
Сводный — жыйнақ, қортынды.
Своевременно — деркезінде, тұсында.
Свойство — қасиет.
Свойства баллистические — баллистикалық қасиет (оқтың ұшына байланысты қасиет).
Связист — хабаршы, қатнасшы.
Связка ручных гранат — гранатты байлау (бірге лақтыру үшін).
Связной — начальниктің, командирдің басқамен байланысына керекті әскер.
Связывать — 1) байламақ, 2) қатнас байланысын жөндеу.
Связь — байланыс, қатнас.
Связь воздушная — әуе қатнасы.
Связь дуплексная — дуплекс байланысы (бір сым арқылы екі жаққа бірдей байланыс жасау).
Связь емкостная — қуыс зат арқылы байланыс.
Связь живая — жанды қатнас.

Связь индуктивная — индуктивті қатнас.

Связь конная — атты қатнас, байланыс.

Связь лафета лобовая — артиллерия орудиясының мандайлық байланысы.

Связь между контурами — контур арасындағы байланыс.

Связь обратная — кері қатнас.

Связь огневая — от қатнасы, атыс қатнасы.

Связь передовая — алдағы қатнас.

Связь переменная — ауыспалы байланыс.

Связь по радио — радио қатнасы, байланысы.

Связь постоянная — тұрақты қатнас.

Связь проволочная — сымды қатнас.

Связь прямая — төте байланыс.

Связь телеграфная — телеграмма байланысы.

Связь тесная — тығыз байланыс.

Связь техническая — техникалық байланыс.

Связь фельдъегерная — фельдъегерлік қатнас.

Связь шифрованная — шифрлы байланыс.

Сгиб — бүкіс, имек.

Сгибатель — бүгуші, июші.

Сгибать — бүгу, ию.

Сгребать — күреу, күреп жыйнастыру, тақырлау.

Сгружать — *сгрузить* деген сөзді қара.

Сгрузить — жүк түсіру, босату.

Сгрести — күреп бір жерге жыю, тастау.

Сгустить — қоюлату, қоюландыру.

Сгущать — қойылту, қоюландыру.

Сгущение — қойылу, қоюлану.

Сдавать — беру, өткізу, тапсыру.

Сдавать позиции — позициядан таю; шегіну.

Сдаваться — берілу, жеңіліп қолға түсу.

Сдаваться в плен — тұтқынға берілу.

Сдать — тапсыру, тиісті орынға апарып беру.

Сдача — беру, қайырып беру, есесін қайыру.

Сдваивание — екі еселеу.

Сдваивать — қосарлау; қабаттау, екі еселеу.

Сделать перелет — асыра ату (снарядті оқты).

Сделать полный оборот — толық оборот жасау.

Сделать прививку — егу.

Сдержанность — ұстамдылық, сабырлылық, шыдамдылық.

Сдержать — ұстау; шыдау; тоқтату; кідірту.

Сдержаться — өзін өзі басу, тоқтату, сабырлылық қылу.

Сдерживаться — *сдержаться* деген сөзді қара.

Сдирание — сыдыру, тонау.

Сдирать — сыпыру, сыдыру.

Сдирать кожу — терісін сыпыру.

Север — терістік солтүстік.

Северный — терістік.

Северо-восток — терістік шығыс.

Северо-запад — терістік батыс.

Седёлка — шыршақ, ершік.

Седло — 1) ер; 2) айыр жер.

Седловина — кезет, таудың шоқысының ой жері.

Седок — 1) жалдама экипажда келе жатқан кісі; 2) салт атты (адам).

Секира — айбалта.

Секрет — секрет (дұшпанды бақылау үшін заставтан жіберілген әскер).
Секретно — құфия, жасырын.
Секретный — *секретно* деген сөзді қара.
Сектор — сектор (радиалды сызықтармен қоршалған участок).
Сектор наблюдения — бақылау, байқау секторы.
Сектор обстрела — атыс секторы.
Секунда — секунд.
Секундомер — секундомер (секундтап өлшейтін аспап).
Селение — селен, ауыл.
Селитра — селитра (калый, натрый, аммоний т. б. азотқышқылы тұзы).
Семафор—семафор (поезд жолының ашық-жабығын көрсететін аспап).
Сено — шөп.
Сенсация — сенсация: 1) атышулы істен, уақыйғадан болған әсер; 2) адамға зор әсер беретін хабар, уақыйға.
Сера — күкірт.
Серёжка — сережка (автомашина рессорларының екі шеткі шығыршығы).
Сержант — сержант: 1) шет елдерде — унтер-офицер; 2) НКВД әскерінде—жеке әскери атақ; 3) әскерде кіші бастық состав.
Серпантин (дороги) — серпантин (жылан сықты ирең деген жіңішке жол).
Серый — сұр; боз.
Сестра медицинская — медицина сестрасы (дәрігерге жәрдемші, орта дәрежелі білімді медицина қызмет кері (әйел).
Сесть — 1) отыру; 2) міну (атқа, поезға, машинаға т. б.).
Сесть на самолет — самолетке міну.
Сесть на мель — қайырлау (кеменің қайырлауы).
Сети заграждения — қоршау торы.
Сети противоторпедные — торпедаға қарсы тор (суға жіберілген торпеданы бөгеуге, ұстауға арналған тор).
Сети тральные — траль торы (су астындағы минаны алуға арналған қапшық сияқты тор).
Сетка — тор.
Сетка маскировочная — бүркеу торы.
Сетка экранирующая — экран шілдерді (электр аспаптарын сыртқы әсерден қорғайтын тор).
Сетка электронной лампы — электрон лампасының торы.
Сеть — 1) тор, ау; 2) орын; 3) тармақтары.
Сеть агентурная — агентура сеті (орны).
Сеть воздушного наблюдения— аспанды бақылау орындары.
Сеть дорог — жол тармақтары.
Сеть маскировочная — бүркену, жасырыну орны.
Сеть постов инструментальной разведки — инструментті шолушылар постарының орны.
Сеть проволочная — сым тор.
Сеть проволочных заграждений — сымды кедергілер торы.
Сеть связи — байланыс сеті (тармақ).

Сеть телеграфная — телеграф сеті (тармағы).
Сеть телефонная — телефон сеті.
Сечѐние — кесу, кесіп тастау.
Сѐчка — 1) кесу, кесіп тастау; 2) шапқыласу, кескілесу.
Сжа́тие — қысу, сығу.
Сжа́тый — қысылған, сығылған.
Сжать — 1) қысу, сығу; 2) басу, жаншу.
Сжига́ние — жағу, өртеу.
Сжига́ть — жағып, өртеп жіберу.
Сжига́ться — жағылып, өртеніп кету.
Сжима́ние — қысылу, сығылу.
Сжима́ть — қысу, сығу.
Сжи́тый — бір жерден қуылған, сүрілген.
Сжить — қуу, сүргіндеу.
Сза́ди — арттан, артжақтан, кейінгі жақтан.
Сигна́л — сигнал (ишарат, ишаратты белгі).
Сигнал автомобильный — автомобиль сигналы.
Сигнал бедствия — апат сигналы.
Сигнал боевой — ұрыс сигналы.
Сигнал воздушной тревоги — әуе табылы сигналы.
Сигнал дымовой — түтін сигнал.
Сигнал звуковой — дыбыстық сигнал.
Сигнал о помощи — жәрдем туралы сигнал.
Сигнал огневой — от сигналы.
Сигнал опознавательный — таныту сигналы.
Сигнал «отбой» — «қайтарма» сигнал.
Сигнал «подъем», — «тұру» сигналы.
Сигнал позывной — шақыру сигналы.
Сигнал рукой — қол сигналы.
Сигнал сбора — жыйналу сигналы.
Сигнал световой — жарық сигналы.
Сигнал «тревога» — «дабыл» сигналы.
Сигнал химической тревоги — химиялық дабыл сигналы.
Сигнализа́ция — сигнализация, сигналдау, сигнал беру.
Сигнализация ночная — түнгі сигнализация.
Сигнализация оптическая — оптикалық сигнал (жарық арқылы берілетін ишарат).
Сигнализация полотнищами — полотналы сигнализация (үлкен шүберек кенеп арқылы берілетін ишарат).
Сигнализация ракетами — ракетамен сигнализациялау (ұшін жанғыш зат арқылы ишарат).
Сигнали́ст — сигналист (сигналшы).
Сигна́льщик на флажках — флагпен (кішкене жалаушамен сигнал беруші).
Сидѐнье — отыру; отыратын орын.
Сиденье наводчика — наводчиктің отыратын орны.
Сидѐть — 1) отыру; бір жерде болу; 2) ағызып алу, ертіп алу.
Си́ла — қуат, күш.
Сила ветра — желдің күші.
Сила давления — қысу, басу күші (атмосфераның күші).
Сила движущая — қозғайтын күш.
Сила живая — жанды күш.
Сила инерции — екпін күші, инерция күші.
Сила лошадиная — ат күші.

Сила лошадиная тормозная — ат күшіне шағылған тормоз күші.
Сила материальная— материалдық күш.
Сила моральная — моральдық күш.
Сила нагрузки — жүктеменің күші.
Сила огня — оттың, оқтың күші.
Сила оружия — мылтық күші.
Сила подсасывания — сору күші.
Сила притяжная — тарту күші.
Сила пробивания — тесу күші.
Сила разрушительная — бұзу, қыйрату күші.
Сила тока — токтың күші.
Сила тяги винта —винттің тарту күші.
Сила тяговая — көлік күші (жүк тартатын күштер).
Сила тяжести самолета — самолеттің салмақ күші.
Сила удара — соққы күші.
Силàч — күшті, әлді, балуан.
Сńлиться — күшену, тырысу.
Силкóм — күшпен, зорлықпен.
Силуэт — силуэт (бір нәрсенің қаракөлеңкесі, сәулесі; тек қарамен түсірген суреті, кескіні).
Силы воздушные — әуе күштері.
Силы главные флота — флоттың басты күштері.
Силы действующие — әрекеттегі күштер.
Силы десантные — десанттық күш.
Силы значительные — едәуір күштер.
Силы карательные — жазалаушы күштер.
Силы морские —теңіз күштері.
Силы наземные — жер бетіндегі күштер.
Силы подвижные — жылжымалы күштер.
Силы превосходные — басым күштер.
Силы центробежные — айналмалы күштер, ортаға тырысқақ күштер.
Сńльный — күшті, әлді.
Симпàтия — 1) көңіл ауу, жарату; 2) жаратқан, сүйген нәрсе.
Симулянт — симулянт (сылтаушыл, нәуетек).
Симуляция — симуляция (сылтаулату, нәуетектену, өтірік айтып алдау).
Синевá — көгерген жер, көгілдір (ұрғаннан, соққаннан еттің көгерген жері).
Синèть — көгеру, көгеріп көріну.
Синхронńзм — синхронизм (уақыйғалардың бір мезгілде, қатар болуы).
Синхронист —синхронист (синхроникамен шұғылданушы).
Сирèна—сирена (катты дауысты сигнал беретін аппарат).
Систèма — система (жүйе, тәртіп).
Система зажигания — жандыру, от алдыру системасы.
Система наблюдения — байқау, бақылау системасы.
Система набора — жыйнау, алу системасы (кеме жасалатын орында кеменің бөлшектерін құрастырып жыйнап бүтіндеу системасы).
Система обороны — қорғану системасы.
Система оповещения — хабарлау системасы.
Система освещения — жарықтандыру системасы.

Система охранения — қорғану системасы.
Система подрессоренная — рессорланған система (артиллерия арбасы).
Система связи — байланыс, қатынас системасы.
Систематизировать — системалау, системаға келтіру.
Систематический — системалы, үздіксіз.
Ситуация — ситуация: 1) жай-жағдай; 2) картаға түсірілген жердің рельефі (тау-төбе, жол, көл-өзендер, орман, т. б.).
Сифон — сифон (паровоздың отын қыздыратын аспабы).
Скакать — секіру, шабу (ат).
Скала — қыя, тас, тік тас.
Скалистый — таулы-тасты.
Скалить — шықырлату; қайрау.
Скалить зубы — тіс қайрау; кіжіну; тістену.
Скапливать — бір-бірлеп, аз-аздап жыйнай беру, жыйнастыра беру.
Скат — құлама, тайқы, еңку.
Скат обратный — кері құлама.
Скат передний — ілгері құлама.
Скафандр — скафандр (су астына түсуге, дем алуға, жұмыс істеуге бейімделген бітеу, су кірмейтін киім).
Скачки — 1) бәйгі; 2) пәрменімен шабу.
Скачки с препятствием — кедергілер арқылы шабу (ат)
Скверно — жаман.
Скидать — бір жерге лақтырып тастау, лақтырып бір жерге үю.
Скидать камни в кучу — тастарды үйіп тастау.
Скирд — скирд, мая.
Склад — склад (қойма).
Склад авиационный — авиация склады.
Склад артиллерийский — артиллерия склады.
Склад вещевой — нәрсе склады.
Склад взрывчатых веществ — жарылатын заттар склады.
Склад военно-инженерного имущества — әскери-инженерлік мүлік склады.
Склад военно-химический — әскери химиялық склад.
Склад военный — әскери склад.
Склад дивизионный — дивизиондық склад.
Склад корпусной — корпустік склад.
Склад оружия — қару-құрал склады.
Склад полевой продовольственный — жорық азық-түлігінің склады.
Склад полковой — полктік склад.
Склад продовольственный — азық-түлік склады.
Склад санитарный — санитар склады.
Склад местности — жер қатпары.
Складно — 1) бүктемелі; 2) жатық.
Складный — жарамды, мінсіз, жатық.
Складывать — жыйнау, үю (тәртіптеп).
Склеивание — желімдеу, жапсыру.
Склеивать — *склеить* деген сөзді қара.
Склеить — желімдеу, жапсыру, желімдеп қосу.
Склепка — көмкеру, тойтару, қаңылтыр, сыяқты заттарды қосып шегелеп тойтару.

Склон — ылдый, еңкіш.
Склонйть — ию, еңкейту.
Склонность — бейімділік.
Скоба — скоба, тұтқа (винтовканың қайырмасын айнала сақтап тұратын тұтқа сыяқты темір).
Сковать — 1) қыспаққа алу (әскерді жыйнап жауды матау, жайылуына мүмкіндік бермей қыспаққа алу); 2) соғып шығару; соғып біріктіру.
Сколачивать — *сколотить* деген сөзді қара.
Сколотить — жыйнау, ұйымдастыру, басын қосу.
Скольжение — *скользить* деген сөзді қара.
Скользить — 1) сырғанау сырғу; 2) таю; 3) жылжу, тез жүру.
Скользить на крыло — жанына қыйсаю (самолет туралы).
Скользкий — 1) тайғақ; 2) ұстамсыз; 3) тұрақсыз, табансыз.
Скомбинировать — құрастыру, құрау, құрап жасау.
Скомкать — бүктеу, жұмарлау.
Сконцентрировать — бір жерге жыйнау, топтау.
Скончаться — өлу, біту.
Скопление — топтану; жыйналу.
Скорее —тезірек, шапшаңырақ.
Скоро — тез.
Скорострельность — шапшаң, тез атылғыштығы.
Скорострельность теоретическая—теориялық тез атылғыштығы.
Скорострельный — шапшаң атылғыш.
Скорость — жылдамдық, шапшаңдық, тездік.
Скорость большая — қатты жүріс.
Скорость в узлах — узельдік шапшаңдық.
Скорость ветра — желдің қаттылығы.
Скорость вращения — айналу шапшаңдығы.
Скорость горения — жану жылдамдығы.
Скорость горизонтальная — горизонтальды шапшаңдық (көлденең шапшаңдық).
Скорость движения — қозғалыс шапшаңдығы.
Скорость крейсерская — крейсер шапшаңдығы.
Скорость максимальная — ең жылдам (жүріс).
Скорость малая — ақырын жүріс.
Скорость наибольшая — ең қатты жүріс.
Скорость начальная — алғашқы шапшаңдық.
Скорость нормальная — бір қалыпты жүріс.
Скорость относительная — относительді шапшаңдық.
Скорость падения — құлау шапшаңдығы.
Скорость передняя — ілгері шапшаңдық.
Скорость пикирования — шүйілу шапшаңдығы.
Скорость подводная — су астындағы шапшаңдығы.
Скорость подъема — көтерілу шапшаңдығы.
Скорость полета — ұшу шапшаңдығы.
Скорость посадочная — қону шапшаңдығы.
Скорость постоянная — тұрақты жүріс.

Скорость предельная — ең барып тұрған шапшаңдық.
Скорость проектная — мөлшерлі жүріс
Скорость самолета — самолеттің ұшу шапшаңдығы.
Скорость средняя — орта жүріс.
Скорость стрельбы — ату шапшаңдығы.
Скорость течения — ағыс жылдамдығы.
Скорость хода — жүріс шапшаңдығы.
Ско́рый — тез, шапшаң, жылдам.
Скот — қара мал, мал.
Скот порционный — соғым малы.
Скребни́ца — 1) ат тарағы; 2) тырнауыш.
Скребнуть — қырып алу; тырнап алу; атты тарау.
Скребо́к — қырғыш.
Скре́па (скоба) — қырғыш, ұстатқыш.
Скрепи́ть — бекіту, нығайту, қысып тістетіп қою.
Скре́щивать — айқыш-ұйқыш салу, ерсілі-қарсылы салу.
Скриви́ть — қыйсайту, қыйсайтып жіберу.
Скриви́ться — қыйсайып кету.
Скрип — сықыр.
Скрипеть — сықырлау.
Скругли́ть — 1) дөңгелектендіру, дөңгелек түрге келтіру; 2) бас-аяғын жыйнап тастау.
Скрыва́ть — жасыру, бүркеу.
Скрыва́ться — көрінбей кету, жасырыну, көзге түспеу.
Скры́тность — тұйықтық.
Скры́тый — жасырылған, тығылу.
Скры́ть—жасыру, бүркеу, тығу.
Скры́ться — жасырыну, бүркену көрінбеу.
Сла́бо — 1) бос; 2) нашар, әлсіз.
Сла́бнуть — 1) әлсіздену, нашарлану; 2) босау.
Сла́бость — әлсіздік, күшсіздік, жұмсақтық.
Слабоу́мие — кемақылдылық, жарыместік.
Слабоу́мный — кемақыл, жарымес.
Сла́бый — бос; нашар.
Сла́ва — даңқ, атақ, дәріп.
Сла́виться — даңқы шығу, атағы шығу.
Сла́вный — атақты, даңқты, қадірлі.
Сле́ва — солдан.
Слега́ -- жуан бөрене.
Слегка́ — аздап, ақырындап, жеңілдеп.
След — 1) із; 2) белгі, нышан.
Следи́ть — 1) ізіне түсу, артынан байқау, бағу; 2) байқау, абайлау.
Сле́довать — 1) артынан еру, ізімен жүру; 2) қарау, бағып жүру.
Следовать взятым курсом — алған бетпен жүру.
Сле́дом — ізінше, іле шала, ізімен, ізбе-із.
Следопыт — ізші, ізшіл,
Слеза́ — жас (көздің жасы).
Слеза́й! — слезай («түс!» деген команда).
Слеза́ть — түсу; аттан түсу; биіктен түсу.
Слези́ться — көзден жас ағу, соралану.
Слезоточи́вый — жас ағатын, жас ағызатын.
Слезоточи́ть —жас агу, жасаурау.
Слепе́ц — соқыр, көрмес.

Слепота — соқырлық.
Слесарь — слесарь, ұста.
Слететь — ұшып кету, ұшып түсу.
Сливать — 1) төгу, құю, қосу; 2) біріктіру.
Сливаться — қосылу, тұтасып кету.
Слишком — аса, өте, тым, өте-мөте.
Слияние — 1) қосылу, бірігу; 2) қосылыс.
Сложить — 1) үю, қосу, жыйналу; 2) салу.
Сложить оружие—құралын беру, құрал тастау.
Сложность — күрделілік, қыйыншылық.
Сложный (об обстановке) — қыйын, шиеленіскен (жағдай).
Слом — 1) сынық, сынған жері; 2) сындыру.
Сломать — 1) қыйрату, сындыру; 2) бұзу, мертілдіру.
Сломаться — 1) қыйратылу, сындырылу; 2) мертілу, бұзылу.
Сломить — сындыру, қыйрату, бұзу.
Сломить сопротивление — қарсылығын жою, бетін қайтару.
Служащий — қызметкер.
Служба — қызмет, жұмыс, қызмет орны.
Служба авиации — авиация қызметі.
Служба автомобильная — автомобиль қызметі.
Служба агентурная — агенттік қызмет.
Служба артиллерийская — артиллерия қызметі.
Служба аэронавигации — аэронавигация қызметі.
Служба вахтенная — вахта қызметі.
Служба внутренняя—ішкі қызмет.
Служба военная —әскери қызмет.
Служба гарнизонная — гарнизон қызметі.
Служба генерального штаба — бас штаб қызметі.
Служба движения — жол қызметі.
Служба действительная — әскери қызмет.
Служба дозорная — болжау қызметі.
Служба жандармская — жандармдық қызмет (шет елде).
Служба заграждения — бөгет қызметі.
Служба информации — информация қызметі.
Служба караульная — қарауыл қызметі.
Служба лагерная — лагерлік қызмет.
Служба метеорологическая — метеорологиялық қызмет, (һауа райын байқау қызметі).
Служба минная — мина қызметі.
Служба минно-тральная — минді-траль қызметі.
Служба морской авиации — теңіздегі авиация қызметі.
Служба наблюдения — бақылау қызметі.
Служба нестроевая — стройдан тыс қызмет.
Служба оповещения — хабарлау қызметі.
Служба охранения — күзет қызметі.
Служба пограничная — шекара қызметі.
Служба подводных лодок — сүңгуір қайық қызметі.

Служба подслушивания — тыңдау қызметі.
Служба разведывательная — шолу қызметі.
Служба санитарная — санитарлық қызмет.
Служба саперная — саперлік қызмет.
Служба сверхурочная — мезгілінен тыс қызмет.
Служба связи — қатнас қызметі.
Служба сторожевая — күзет қызметі.
Служба техническая — техникалық қызмет.
Служба тыла — тыл қызметі.
Служба штабная — штаб қызметі.
Служба этапная — этап қызметі.
Служе́бный — қызметтін, қызметтегі, қызмет бабындағы.
Служи́ть — қызмет ету; жұмыс қылу.
Слух — хабар, лақап, аңыз.
Слу́чай — уақыйға.
Случа́йно — кездейсоқ, әлде қалай.
Случа́йность — кездейсоқтық.
Слу́шать — 1) тыңдау, құлақ қою есіту; 2) тіл алу.
Слы́шать — есіту, есітіп білу.
Слы́шаться — есітілу.
Слы́шимость — естілетіндік, естілуі.
Слы́шимость хорошая — естілуі жақсы.
Смазать — майлау, жағу, сүрту.
Смазно́й — майланатын.
Сма́зочный — майлайтын.
Сма́зчик — майлаушы.
Сма́зывать — майлау, жағу, сылау.
Сме́жный — шектес, шендес, аралас.
Сма́чивать — сулау, жібіту.
Смека́лка — зеректік, түсінгіштік, тапқырлық.
Смека́ть — түсіну.
Смеле́ть — батылдану, батыл болу.
Сме́ло — батыл.
Сме́лый — батыл, жүректі.
Сме́лость — жүректілік, батылдық.
Смельчак — батыл, жүректі, жаужүрек.
Сме́на — алмасу, ауысу.
Смени́ть — ауыстырылу, алмастыру.
Смени́ться — ауыстырылу, алмастырылу.
Сменя́емость — алмасушылық ауыспалылық.
Сменя́ть — ауыстыру, алмастыру, айырбастау.
Сме́рить — өлшеу, өлшеуін алу.
Смерка́ться — қаранғылану, ымырт жабылу.
Смерте́льный — өлтіретін, ажалды, қыйрайтын; тіпті күшті.
Сме́ртность — өлім-жітім.
Сме́ртный — ажалды, өлімді.
Смертоно́сный — қаза тапқызатын, өлтіретін.
Смерть — өлім, ажал.
Смерть врагам — жауға өлім.
Смерч — смерч (қатты құйын).
Смести́ — сыпырып тастау; жоқ қылу; құрту.
Смести с лица земли фашистов — фашистерді жер бетінен құрту, жою.
Смесь — қоспа, аралас, араластырылған.
Смесь № 1 — қоспа № 1 (арнаулы жандырғыш арқылы тұтанатын, жану шапшаңдығы 40—50 секундтан аспайтын, қызуы 700—800°, қара түтінді, жандырғыш бутылкаға құятын қоспа сұйықтық).

Смесь № 3—қоспа № 3, *смесь № 1* деген сөзді қара.
Смётка—тапқырлық, зеректік.
Сметливость — тапқырлық, ұққыштық, зеректік.
Смешанный — аралас, ортақ.
Смешать — араластыру, араластырып жіберу.
Смешаться — араласу, араласып кету; ұйқы-тұйқы болу; шатасу.
Смешивать — араластыру, араластырып жіберу.
Смещать — орнынан ауыстыру; орнынан алып тастау.
Смещение — ауыстыру, орнын алмастыру; орнынан алып тастау.
Смирение — 1) жуасу, бой ұсыну; 2) жуасыту, басу.
Смирить — жуасыту, басу.
Смирно! — смирно (стройда тұрған әскерлер денесін түзеп, жөнделіп тұру үшін берілетін команда).
Смирно — тыныш, тыныштал.
Смирный — жуас, тыныш.
Смотр — қарау, қарап шығу.
Смотреть — қарау, көз салу, көзбен шолу.
Смотритель — қараушы.
Смотря по обстоятельствам — жағдайға қарай.
Смочить — сулау, дымдау, жібіту, суға салу.
Смута — бүліншілік, тәртіпсіздік.
Смутный — бүліншіліктің, бүліншілікке байланысты.
Смывать — жуу, жаю; ағызу.
Смыкать — қабыстыру, қосу.
Смыкаться — қабысу, қосылу, бірігу.
Смягчать — жұмсату, босату; кеміту.
Смягчающий — жұмсататын, жеңілдететін.
Смягчение — жеңілдету, жұмсарту.
Смятение — әбігер болу; сасып қалу.
Смятость — 1) әбігерлік, сасып қалушылық. 2) жұмарланып қалғандық, бүктеліп қалғандық.
Снабдить — жабдықтау, жетістіру, жеткізу.
Снабжать — *снабдить* деген сөзді қара.
Снабжение — жабдықтау, жетістіру.
Снабжение авиационное — авиация жабдығы.
Снабжение артиллерийское — артиллерия жабдығы.
Снабжение боеприпасами — оқдәрімен жабдықтау.
Снабжение военно-хозяйственное — әскери-шаруашылық жабдығы.
Снабжение путевое—жол жабдығы.
Снабжение химическое — химиялық жабдық.
Снабженец — жабдықтаушы, жетістіруші.
Снадобье — дәрі-дәрмек.
Снайпер — снайпер (асқан мерген).
Снайпинг — көздегіштік.
Снаружи — сыртынан, тыстан.
Снаряд — снаряд (жарылып атылатын бомба).
Снаряд агитационный — агитация снаряды.
Снаряд бронебойный — броня тескіш снаряд (асыл темірмен қапталған құралды, машиналарды қыйрататын, тесіп өтетін бомба).
Снаряд газометный — газ ататын снаряд.
Снаряд дымовой — түтін шашар снаряд.

Снаряд зажигательный — өртейтін снаряд.

Снаряд картечный — картечті снаряд (жақын жерден ататын, оқ толтырылған артиллерия бомбасы).

Снаряд неразорвавшийся — жарылмаған снаряд.

Снаряд обтекаемый — жылмағай снаряд.

Снаряд овальный — сопақ снаряд.

Снаряд осветительный — жарқылдақ снаряд.

Снаряд остроконечный — өткір ұшты снаряд.

Снаряд отравляющий — уландыратын снаряд.

Снаряд ракетный — ракета снаряді (сигналға қолданылатын, от болып түрлі түсте көрінетін снаряд).

Снаряд с уменьшенным зарядом — дәрісі азайтылған снаряд.

Снаряд светящийся — жарқылдайтын снаряд.

Снаряд связи — байланыс снаряді.

Снаряд сигнальный — сигнал снаряді.

Снаряд специальный — арнаулы снаряд.

Снаряд трассирующий — із қалдыра ұшатын снаряд.

Снаряд ударного действия — екпінді әрекет снаряді.

Снаряд удушающий — тұншықтырғыш снаряд.

Снаряд универсальный — универсальді снаряд (түрлі жағдайға қолайланған снаряд).

Снаряд фугасный — фугасті снаряд.

Снаряд химический — химиялық снаряд.

Снаряд бризантный — жарылғыш снаряд.

Снаряжáть (оснащать) — жабдықтау.

Снаряжение — жабдық; керекжарақты даярлау.

Снаряжение альпинистское — альпинистік жабдық.

Снаряжение боевое — әскери жабдық.

Снаряжение возимое — тасылатын жабдық.

Снаряжение горное — тау жабдығы.

Снаряжение конское — ат тұрман.

Снаряжение лыжное — шаңғы жабдығы.

Снаряжение людское — адам жабдығы.

Снаряжение носимое — алып жүретін жабдық.

Снаряжение офицерское — офицерлік жабдық (шет елдер).

Снаряжение пехоты — жаяу әскер жабдығы.

Снаряжение походное — жорық жабдығы.

Снаряжение седельное — ертоқым жабдығы.

Снаряжённый — жабдықтанған.

Снáсти военные — әскери саймандар.

Снастúть — жабдықтау; керекжарақты жеткізіп беру.

Снасть — құрал, сайман.

Снáшивать — 1) тасып үю; 2) киіп тоздыру.

Снег — қар.

Снеговóй — қардан істелген.

Снéжный — қарлы.

Снестú — 1) апару; 2) төмен тасу; 3) жұлып әкету.

Снестись — қатнасу, хабар алысу.
Снижать — төмендеу, аласару.
Снижаться — төмендеу, аласару.
Снижение — төмендеу, аласару; төмендету, аласарту.
Снизить — төмен түсіру, аласарту.
Снизиться — төмендеу, аласару, төмен түсу.
Снизу — төменнен, төменгі жақтан, астан.
Снимать — алу, алып тастау (орнынан); түсіру (суретке).
Снимать противника с поста — дұшпанды постынан алу.
Сниматься — 1) алыну, алынып тасталу; 2) түсу, түсірілу (суретке).
Сноп (пучок) — бау (астықтың); шоқ (күн сәулесі); топ.
Сноп лучей прожектора — прожектор сәулесінің шоғырмағы.
Сноп пуль снарядов — топ болып шашыраған снаряд оғы.
Сноп разлета осколков — топ болып шашыраған бомба сынықтары.
Сноп траекторий — троектория тобы (ұшқан бомбаның жолы).
Сноровка — ептілік, оңтайлылық.
Сносливость — шыдамдылық, көнбістік, төзімділік.
Сносный — ұнарлық, сыйымды.
Сношение — қатнас, қатнасу.
Снятие — алу, жыйнап алу; жою.
Снять — 1) алу, жыйнап алу, үстінен алу; 2) шешіндіріп алу.
Снять противогазы — противогазды шешу.
Снять часового — қарауылды алу, құрту.
Сняться — 1) бөліну, айрылу, бөлшектену; 2) суретке түсу.
Сняться с якоря — якоры алыну.
Собака — ит.
Собака военная — әскери ит.
Собака дозорная — дозор ит.
Собака посыльная — шабарман ит.
Собака санитарная — санитар иті.
Собака связная — қатнас иті.
Собака служебная — қызмет иті.
Собака сторожевая — күзетші ит.
Собака упряжная — жегілетін ит.
Собирать сведения — мәлімет жыю, жыйнау.
Собираться — жыйналу.
Соблазн — 1) алдағыш, қызықтыратын; 2) еліктіретін.
Соблазнить — 1) қызықтыру; 2) ерту, азғыру.
Соблюдать — орындау, сақтау.
Соблюдать порядок — тәртіп сақтау.
Соблюдаться — орындалу, сақталу.
Собор — собор (үлкен шеркеу).
Собрат — жұмысы бір, кәсібі бір; істес.
Собрать — 1) жыю, жыйнау; 2) жыйып алу; 3) жыйнап қою; 4) құрастыру.
Собраться — 1) жыйналу; үйілу; 2) жыйналып қалу; 3) киіну, буынып-түйіну.
Собственность — меншік.
Собственность государственная — мемлекет меншігі.
Событие — уақыйға.

Событие историческое — тарихи уақыйға.
Совершать — істеу, жасау.
Совершаться — істелу, жасалу, болу.
Совершить—істеу, жасау, болғызу.
Совесть — ұят, ар, ұждан, инсаф.
Совет — 1) совет; 2) кеңес, ақыл.
Советизировать — советтендіру.
Советизироваться — советтену.
Советник — советник: 1) кеңесші; 2) шет ел үкметінде — ірі чин.
Советовать — кеңес беру, ақыл айту.
Советоваться — кеңесу, ақылдасу.
Совещание — мәжіліс.
Совещание тайное — құфия мәжіліс.
Совещаться — мәжіліс құру; ойласу, ақылдасу.
Совместно — бірге, бірлесіп.
Совместный — бірге, бірлескен.
Совокупить — қосылу, бірігу.
Совокупиться— 1) қосылу, бірлесу; бірігіп кету; 2) толып кету.
Совокупление — қатыстыру; жыйнау, қосылу.
Совокуплять — қосылдыру, қосылыстыру.
Совокупность — жыйнақ, барлығы; бәрін жыйнағандағысы.
Совокупный — қосылған, біріккен.
Совпадать — 1) дәл келу, тура келу, үйлесу; 2) кездесу.
Совпадение— 1) тура келу, үйлесу; 2) кездесу.
Современник — тұстас, замандас, замандастық.
Современность — осы замандық.
Современный — осы замандағы, осы күнгі.
Согласие — ризалық, келісім, жарасу; татулық.
Согласиться — 1) ризаласу, ризалық білдіру, риза болу, келісу; 2) қосылу, көну.
Согласно приказу — приказ, бұйрық бойынша.
Согласование — ризаласу, келісу, үйлесу.
Согласованность — келісушілік, үйлесушілік, жарасушылық.
Согласованный — келісілген, жарастырылған, үйлестірілген.
Согласовать — үйлестіру, келістіру, сөйлесіп алу, ризалығын алу.
Согласоваться — үйлесу, келісу, ризаласу.
Соглашатель — ымрашыл, келісімшіл.
Соглашение — келісім.
Соглашение мирное — татулық, бейбітшілік келісім.
Соглашение о невмешательстве — кіріспеу туралы келісім.
Соглашение о ненападении — шабуыл жасаспау, туралы келісім.
Соглядатай — шпион, тыңшы, жансыз.
Согнать — 1) қуып жіберу; 2) құрту, бітіру.
Согревание — қызу, қыздыру, жылыну.
Согреть — жылыту, қыздыру.
Содействие — жәрдем, көмек.
Содействовать — көмек көрсету, жәрдем беру.

Содержа́ть — 1) ұстау; 2) асырау; 3) ішінде сақтау.
Соедине́ние — құрама, қоспа.
Соединение авиационное — авиация құрамасы.
Соединение войсковое — әскери құрама.
Соединение дорог — жолдың торабы.
Соединение кадровое — тұрақты әскер құрамасы.
Соединение крупное — кесек құрама.
Соединение мелкое — ұсақ құрама.
Соединение моторизированное— моторланған құрама.
Соединение оперативное —оперативтік құрама.
Соединение стратегическое — стратегиялық құрама.
Соединение тактическое — тактикалық құрама.
Соедине́нный — құралған, қосылған, біріктірілген, тұтасқан.
Соедини́тель — тұтастырушы, тұтастырғыш, жалғастырушы, дәнекер, қосқыш.
Соедини́ть — 1) қосу, біріктіру; 2) жалғау, жалғап біріктіру; 3) байланыстыру, жалғастыру (хабарластыру).
Соедини́ться — 1) қосылу; 2) жалғану, бірігу; 3) байланысу, жалғасу.
Соединя́ть — 1) бірлестіру; 2) қосу, араластыру; 3) жалғау, байланыстыру.
Сожже́ние — өртеу, өртеп жіберу, жағып жіберу.
Сожже́нный — өртелген, өртеп жіберілген.
Создава́ть — жасау, құрау; жаңадан шығару.
Созда́ние — жасау, құру, ойлап шығару.
Созда́тель — жасаушы, құраушы, тудырушы.
Созда́ть — жарату, жасау, құру; жаңадан шығару, тудыру.
Созна́ние — сана.
Созна́тельно — саналы.
Созна́тельность — саналылық, түсінушілік, аңғарғыштық.
Созна́тельный — саналы, санасезімі бар.
Созрева́ние — пісу, жетілу, толу.
Созрева́ть — пісу, жетілу; пісіп, толып жетілу.
Созы́в — шақырылыс, жыйналыс.
Созыва́ть — шақыру, жыйнау.
Сократи́ть — қысқарту, ықшамдау.
Сокраще́ние — қысқару, қысқартылу; ықшамдану.
Сокращённо — қысқаша, қысқартып.
Сокращённый —қысқартылған, қысқарған; азайтылған.
Сокруша́ть — қыйрату, бұзу.
Солда́т — солдат.
Солёный — 1) тұзды, ащы; 2) тұздалған.
Солеро́д — тұз тегі.
Солида́рность — тілектестік, пікірлестік.
Соли́дный — маңызды, ірі, берік, айта қаларлықтай.
Соли́ть — тұздау, тұз дәмін келтіру.
Со́лнечный — күнжақ, күнге тиісті.
Со́лнце — күн.
Солнцепёк — күн шуақ.
Соло́ма — сабан.
Солонча́к — 1) сор, сортаң, ащылы жер; 2) татыр.
Соль — тұз.
Соль двууглекислая — екікөмір қышқылды тұз.
Соль простая — жай тұз.

Соль столовая — ас тұзы.
Сомкнись! — сомкнись («араларыңды тығызда!» деген команда).
Сомкнуть ряды — сафты тығыздау.
Сомнение — шүба, шек, күдік.
Сомнительно — шүбәлі, күдікті, дүдәмал.
Сомнительный — шүбәлі, күдікті, дүдәмал.
Сон — ұйқы.
Соображать — байқау, ұғу, түсіну.
Соображение — байқау, ұғынысу, пікір.
Сообразительность — аңғарғыштық, зеректік, түсінгіштік.
Сообразительный — аңғарғыш, зерек.
Сообщение — қатнас, байланыс; мәлімет, хабар.
Сообщить — хабар беру, хабар ету; білдіру.
Сообщить метеорологические данные — метеорологиялық мәлімет беру.
Сообщить о появлении дыма— түтін көрінісін хабарлау.
Соорудить — салу, орнату.
Сооружение (оборонительное) — құрлыс (бекініске керекті).
Сооружение ложное — жалған құрлыс.
Соотношение сил — күш қарым-қатнасы.
Соперник — күндес, бақталас.
Сопка — төбе (көтеріңкі жер).
Соподчинение — қоса бағыну.
Сопоставить — салыстыру, салыстырып қарау.
Сопоставление — салыстыру, салыстырып қарау.
Соприкасаться — тию, жанасу, тиіп жүру.
Соприкосновение — жанасу, тию, тиіп тұру.
Соприкосновение (с противником) — тиісу, түйісу (жаумен).
Сопровождать — шығарып салу, еріп жүру.
Сопровождение — шығарып салу, еріп жүру.
Сопротивление — қарсылық көрсету, қарсы тұру (соғысу).
Сопротивление воздуха — һаваның карысуы.
Сопротивление лобовое — маңдай тірескен карсылық.
Сопротивление переменного тока — ауыспалы токтың қарысуы.
Сопротивление волны — толқынның кедергісі.
Сопротивляться — қарсыласу, қарсы тұру.
Соревнование — жарыс.
Соревнование лыжное — шаңғы жарысы.
Соревнование на первенство — бас бәйге таласы.
Соревнование воздушное — әуе жарыстары (самолет жарыстары).
Соревнование индивидуальное — жеке жарыс.
Соревноваться — жарысқа түсу, жарысу.
Сосать — 1) ему; 2) сору, сорып тастау.
Сосед — көрші.
Соседний — көршілес.
Соскакивать — атып тұру, секіріп түсу.
Соскальзывать — тайып құлау. тайғанақтау.
Соскоблить — қыру, қырып тастау, қырып тазарту.
Соскочить — қарғып түсу, секіріп түсу; ұшып кету.

Сосредоточенность — топталғандық, жыйналғандық.
Сосредоточенный — топталған, жыйнақталған.
Сосредотачивать — топтану, бір жерге жыйнақтау.
Сосредотачиваться — бір жерге топталу, жыйналу.
Сосредоточить — жыйнау, топтау.
Сосредоточить войска — әскерді жыйнақтау, топтастыру.
Состав — состав (коллективтың, ұйымның кісілері; бір паровозға тіркелген вагондар).
Состав военного времени — соғыс кезіндегі состав.
Состав высший командный — жоғарғы команда составы.
Состав летный — ұшқыштар составы.
Состав личный — қызметкер составы.
Состав начальствующий — *начсостав* деген сөзді қара.
Состав переменный — ауыспалы состав.
Состав подвижной — жылжымалы состав (паровоз, вагон т. б.).
Состав политический — саяси состав.
Состав рядовой — жай әскер составы.
Составить — 1) жасау, құру, шығару; 2) біріне бірін қосып біріктіру.
Составить программу — программа жасау.
Состояние — 1) жағдай; 2) күй, жай; 3) дәулет, байлық.
Состояние здоровья — денсаулық жайы.
Состояние моральное — моральдық күй.
Состояние политико-моральное — саяси моральдық күй,
Состоящий — тұратын.
Состоящий на действительной службе — тұрақты қызметтегі.
Сотрясение — 1) қағу, сілку; 2) тітірету, қалтырату.
Сохранение — сақтау.
Сохранить — сақтау.
Сохраниться — сақталу.
Сохранность — бүтіндігі, амандығы.
Сохранный — сақтаулы, бүтін.
Сохранять — сақтау.
Сошка — сошка: 1) мылтық сыйрағы; 2) мылтық сүйеп қоятын ағаш.
Сошник — сошник (артиллерия құралында болатын жалпақ темір).
Союзник — союзник (одақтас).
Спайка — татулық, ауызбірлік.
Спалить — 1) өртеу, күйдіру; 2) қатты бомбалау.
Спасать — құтқару, құтылдыру, сақтап қалу.
Спасаться — құтылу.
Спасение — 1) құтылу; 2) құтқару.
Спасти — құтқару.
Спаянность — бірауыздылық, татулық.
Спастись — құтылу.
Спасть — 1) түсу; 2) қайту.
Спать — ұйықтау.
Спектр — спектр (күн сәулесінің призмадан өтіп, шынымен түрлі түсті болып көрінуі).
Специалист — специалист (маман).
Специалист военный — әскері маман.
Специалист морской — теңіз маманы.
Спешенный — аттан түсірілген.

Спе́шить — аттан түсіру, құлату (аттан).
Спеши́ть — асығу, асығып-үсігу, асықтыру.
Спе́шка — асығыс.
Спе́шно — асығыс, тығыз.
Спе́шность — асығыстық.
Спидо́метр — спидометр (механизммен жүретін машиналардың жүру тездігін көрсететін аспап).
Спира́ль — спираль (алғашқы шыққан орыннан оралыс арқылы алыстай беретін пружина сыяқты бұранда).
Спира́льный — спиральді, бұрамалы, оралған.
Спирт — спирт.
Спирто́ванный — спирттелген.
Спиртова́ть — спирттеу.
Спиртова́ться — спирттелу.
Спирто́вка — спирт шам.
Спирто́вый — спиртті.
Спиртомер — спиртомер (сұйық затқа араласқан спирттің қанша екенін айырып білетін аспап).
Спи́сок — тізім, список.
Список арматурный — арматур тізімі (зат бергендік туралы әрбір әскери қызметкерлер тізімі; кеме жабдығы).
Список именной — аты-жөні жазылған тізім.
Список общий — жалпы тізім.
Список призывной — шақыру тізімі.
Спи́ца — спица (мотоциклдің, велосипедтің дөңгелек шабағы).
Спи́чка спициальная — арнаулы спичка (шырпы сыяқты өн бойы күкірттелген, тисе-ақ жанатын, жандырғыш бутылканың екі жағына қыстырылып, тұтандырылатын, лақтырылған бутылканы тұтататын, барып түскенше сөнбейтін шырпы).
Сплав — 1) ағызу, сал ағызу; 2) бірнеше еритін заттардан ағызып жасалған заттың қосындысы.
Спла́вить—1) сал ағызу; 2) еріліп ағызу (металды).
Сплани́ровать — жоспарлау.
Сплоти́ться — ұйымдасу, бірлесу.
Сплочённость — ұйымдасушылық, ауызбірлік.
Сплошно́й — жаппай.
Сплошь — жаппай, тегіс, тұтас.
Сплошь и рядом — әрдайім, үнемі.
Сплыва́ться — бір жерге ағылып қосылу, сарқылып қосылу.
Сплы́ться — бір жерге ағып жыйналып қосылу.
Сподо́бить — лайықтау, сәйкестеу.
Сподру́чный — 1) қолайлы, оңай, қолдан келерлік; 2) жәрдемші, қолқабысшы.
Споко́йно — тыныш.
Споко́йный — 1) тыныш; 2) сабырлы, хауып-қатерсіз.
Споко́йствие — тыныштық, сабырлылық.
Сполза́ть — жорғалап, өрмелеп түсу, жылжып түсу.
Сползти́ — жорғалап жылжу, жылжып түсу.
Спорт — спорт (дене шынықтыру ойыны).
Спорт водный — су спорты.
Спорт горный — тау спорты.
Спорт зимний — қысқы спорт.
Спорт стрелковый — атыс спорты.
Спорт лыжный — шаңғы спорты.

Спортсмен — спортсмен (спортшы).
Способ — әдіс, тәсіл, жол.
Способ выполнения — орындау жолы.
Способ движения — жүріс әдісі.
Способ действий — әрекет тәсілі.
Способ использования — пайдалану жолы.
Способ отдачи приказа — приказ беру жолы.
Способ применения — қолдану жолы.
Способ противодействия — қарсы әрекет жолы (әдісі).
Способ рассылки приказов — приказ жіберу жолы.
Способность — қабілеттілік, зеректік, алғырлық.
Способный — қаблетті, алғыр.
Способствовать — себепші болу; болысу; көмектесу.
Споткнуться — 1) сүріну; 2) қыйыншылыққа кездесу, істемей тоқтап қалу.
Спотыкаться — 1) сүріну; 2) қыйыншылыққа кездесу, істемей тоқтап қалу.
Споткнуться о камень — тасқа сүріну.
Справа — оңнан, оң жақтан.
Справа налево — оңнан солға.
Справа по одному — оңнан бірбірден.
Справедливость — әділдік, дұрыстық, туралық.
Справедливый — әділ, тура.
Справить — 1) түзеу, түзету; 2) орындау.
Справиться — 1) сұрап білу, хабар алу; 2) меңгеріп алу; 3) шама келу.
Справлять — 1) түзеу, түзету; 2) істеу, әзірлену.
Справляться — *справиться* деген сөзді қара.
Справочник — анықтама (жол сілтегіш).
Спрашивать — сұрау.
Спрашиваться — сұрану.
Спрессовать — престеу, басқышпен сығу, сығып біріктіру.
Спринт — спринт (жақын дистанцияға жүгіру).
Спринтер — спринтер (спринтші, жақын дистанцияға жүгіруші).
Спринцевать — шаю, шайып жуу, насоспен шаю.
Спровадить — қуып шығару, қуып жіберу; шығарып жіберу.
Спровоцировать — арандату, азғыру, құтырту; өсек тарату.
Спросить — сұрап алу.
Спроситься — сұрану, рұхсат алу.
Спрыгивать — секіріп түсу, қарғу.
Спрыгнуть — секіріп түсу, қарғып түсу.
Спрыскивать — себу, бүрку.
Спрятать — жасыру, жасырып қою, тығып қою, бүркеп қою.
Спрятаться — жасырыну, тығылу, бүркену.
Спуск — 1) түсіру, босату, жіберу, салу; 2) түсетін жер; 3) мылтықтың құлағы.
Спуск судна в море — кемені теңізге түсіру, суға салу.
Спускаться — түсу, төмендеу.
Спускной — түсірмелі, қайырмалы.
Спустить — түсіру, босату.
Спустить курок — курокты босату.
Спуститься — түсу, босау.
Спутанный — шырмалған, матаулы, байлаулы, ұстаулы.

Спу́тать — 1) шырмау, матау; 2) шатастыру; 3) түсау.

Сравне́ние — 1) салыстыру; 2) теңеу.

Сравни́тельно — салыстырғанда, салыстыра келгенде.

Сравни́ть — 1) салыстыру; 2) теңдестіру, теңеу.

Сража́ть—қатты жарақаттау, өлімші ету, қарумен ұрып жығу, өлтіру.

Сража́ться — соғысу (қолына құрал алып, аянбай соғыс салу).

Сраже́ние — соғыс, ұрыс.

Сражение генеральное — ұлы майдан.

Сражение морское — теңіз соғысы.

Сражение пограничное — шекара соғысы.

Сражение решительное — шешуші соғыс.

Срази́ть — өлтіру; өлтіре соққы беру.

Срази́ться — соғысу, қырқысу.

Сра́зу — бірден, біржолата.

Срами́ть — масқаралау, қорлау.

Среди́на — орта, ара.

Среднекали́берный — орта калибрлі (мылтық).

Сре́дний — орта, орташа.

Средото́чие — бір жерге жыйналу, топталу.

Сре́дства — 1) шара; 2) құрал; 3) қаржы.

Средства боевого восстановления — әскери қалпына келтіру шаралары.

Средства боевого заграждения — әскери бөгет құрылыстары (жабдықтары).

Средства боевые — соғыс құралдары.

Средства броневые — бронялы құралдар.

Средства вспомогательные — жәрдемші құралдар.

Средства дымовые — түтіндендіру құралдары.

Средства защитные — қорғану құралдары.

Средства звуковые — дыбыстау құралдары.

Средства индивидуальные — жеке қолданатын құралдар.

Средства колесные — дөңгелекті құралдар.

Средства коллективной защиты — коллектив болып қорғану құралдары.

Средства крепления — бекіту құралдары.

Средства маскировки механические — механикалы бүркеніс құралдары.

Средства маскировочные — бүркеніс құралдары.

Средства моторизированные — моторланған құралдар.

Средства наблюдения — бақылау құралдары.

Средства наступления — шабуыл жасау құралдары.

Средства обороны — қорғану құралдары.

Средства огневые — атыс құралдары.

Средства передвижения — көлік.

Средства переправочные — өткел жабдықтары.

Средства подслушивания — тыңдау құралдары.

Средства питания — азық-түлік.

Средства пловучие — жүзгіш құралдар.

Средства приданные — меншігіндегі құралдар.

Средства радио — радио құралдары.

Средства рассылки — тарату құралдары.
Средства связи — байланыс құралдары.
Средства технические — техникалық құралдар.
Средства транспортные — транспорт жабдығы.
Средства удара — соққы құралы.
Средства управления — басқару құралдары.
Средства химические — химиялық құралдар.
Средства химической защиты — химиядан қорғану құралдары.
Срез дульный — оқ жолы ойындысы (стволдың ішіндегі оқ айналып шығу үшін жасаған жол).
Срез казенный (ствола) — қазналық ойынды (стволдың арт жағындағы ойық).
Срезать — кесіп алып тастау, кесіп тастау; ойып тастау.
Срезок — ойынды.
Срок — срок, мерзім.
Срок военной службы — әскери қызмет срогі.
Срок мобилизации — мобилизация срогі.
Срок носки (обмундирования) — әскери киімдермен пайдалану мерзімі.
Срок службы — қызмет срогі.
Срок явки к призыву — прызывка (шақыру) келу срогі.
Срочно — тығыз.
Срочность — тығыздық.
Срыв (операции) — болдырмау, кедергі.
Срывать — 1) бір нәрсені болдырмау; 2) жұлу, үзіп алу; 3) бүлдіріп, талқандап жою.
Ссылать — айдап жіберу, жер аудару.
Ссыпать — құю, төгу; құмды, астықты және басқаларды бір жерге беру.
Стабилизатор — стабилизатор: 1) аэропланның, дирижабльдің құйрығы; 2) кемені шайқалтпайтын аппарат.
Ставить (часовых) — қою, тұрғызу.
Ставить на лыжи — лыжаға қондыру.
Ставить ружья в козлы — мылтықты ұяға қою.
Ставить столбы — бағана отырғызу.
Ставка последняя германского фашизма — герман фашизмінің ақтық сенетіні.
Стадион — стадион (спорт ойынына арналған кең алаң).
Стадия — стадия (басқыш, саты).
Стаж — стаж (қызмет еткен уақыты).
Стакан снаряда — снарядтың кеудесі.
Стакан шрапнельный — шрапнел стаканы.
Стаканчик — стаканша. кішкене стакан.
Сталкиваться — соқтығысу, қағысу, түйісу.
Сталь — құрыш (асыл темірдің бір түрі, болат).
Сталь инструментальная — сайман құрышы.
Сталь литая — құйған құрыш.
Сталь нержавеющая — тоттанбайтын құрыш.
Сталь нетемнеющая — қараймайтын құрыш.
Сталь никелевая — никельді құрыш.
Сталь орудийная — орудия құрышы.
Стальной — құрыштан істелген.

Стандáрт — стандарт (белгілі бір өлшеуге керек қалып, сол қалыппен істелген заттар).
Становúться на якорь — якор салып тоқтату.
Станóк прицельный — көздеу станогі.
Станок пулемета—пулемет станогі.
Станок сверлильный — бұрғылау станогі.
Станок строгательный — сүргілеу станогі.
Стáпель — стапель: 1) кеме жасайтын жердегі суға қарай салынған, кеме түсіруге қолайлы көпір; 2) самолет бөлектерін жыйнап жүргізіп жіберу үшін салынған жол.
Старáние — тырысу, иждағат.
Старáтельный — тырысқақ, иждағатты.
Старáться — тырысу.
Старт — старт: 1) жарысу, тартысу кезі; 2) самолет ұшып шығатын кез; 3) жарыс, бәйге басталатын отын.
Стáрший — аға; үлкен.
Старшинá — старшина (ротадағы шаруашылықты басқаратын адам).
Ствол — ствол (мылтықтың оқ шығатын өре темірі).
Ствол орудия — орудия мойыны.
Ствол подвижной — жылжымалы ствол.
Стéбель затвора — затвордың сабағы.
Стебель дистанционной трубки — дистанциялық трубканың сабағы (мөлшерлі жерге барғанда жарылуы үшін қойылған трубканың бойы).
Стеклó ветрозащитное — желден қорғайтын шыны.
Стекло небьющееся — сынбайтын шыны.
Стенá — стен (дуал).
Стéпень — дәреже.
Степень видимости — көріну дәрежесі.
Степень готовности — дайындық дәрежесі.
Степень инженерного оборудования (позиции) — инженерлік жабдықталу дәрежесі.
Степень облачности — бұлттылық дәрежесі.
Степень сжатия (горючего) — сығылу дәрежесі (жанар майдың).
Стерéть — 1) сүртіп тазартып жоқ қылу; 2) ысқылап, ұнтаққа айналдыру; 3) ысқылап бүлдіру.
Стéржень (ось) — кіндік, өзек.
Стирáть — 1) сабынмен жуу; 2) сүртіп тастау, кетіру.
Стирáться — 1) жуылу; 2) көшіріліп қалу.
Стóимость — құн.
Стоимость проектная — проектілік құн.
Стой! — стой («тоқта!» деген команда.)
Стóйка (подпорка) — 1) тірек, діңгек; 2) тік тұрыс.
Стойка дополнительная — қосымша тірек.
Стойка палатки—шатыр тірегі.
Стойка прицела — көздеуіш тірегі.
Стóйкий (о газе) — тұрақты (газ туралы).
Стóйкость — тұрақтылық.
Столб телеграфный — телеграф діңгегі.
Столбня́к — қатып қалған, сіресіп қалған, сіреспе (ауру).

Столкнове́ние — соқтығысу, түйісу; соғысу.
Столкновение вооруженное — құралды соқтығыс.
Столкну́ться — соқтығысу, түйісу.
Столпи́ться — үймелеу, топтану, жыйылу.
Сто́пор (орудия)—стопор (тоқтатқыш).
Сто́порить — стопорлау (жүріп тұрған механизмді тоқтатып қою).
Сто́рож — күзетші.
Сторожи́ть — күзету.
Сторона́—1) жақ; орын; 2) бүйір, шет; 3) беталыс; 4) көзқарас; 5) кісі, я бір топ кісі (басқа біреулерге қарсы қойылған).
Сторо́нник — жақтас, жақтаушы.
Сто́я (положение для стрельбы) — түрегеліп (ату).
Стоя́нка — 1) тоқталыс; 2) тоқтайтын орын, жер; 3) қонып, түсіп жүрген жері.
Стоя́ть на посту — поста тұру.
Стоя́ть на якоре—якорь тастап тұру.
Страда́ние — азап шегу, жафа көру; қыйналу.
Страда́ть — азап шегу, азаптану; қыйналу.
Страдать морской болезнью — теңіз ауруымен ауру.
Стра́жа — күзет.
Страна́ — 1) жақ; 2) ел.
Страте́г — стратег (соғыс әдісін жақсы білетін адам).
Страте́гия — стратегия: 1) соғыс жүргізу өнері; 2) соғыс жүргізу ғылымы.
Стратегия морская — теңіз стратегиясы.
Стратоста́т — стратостат (стратосферада ұшатын һауа шары).
Стратосфе́ра—стратосфера (атмосфераның жоғары қабаты).
Страх — қорқыныш.
Страши́лище — құбжық, қорқыныш.
Страши́ть — қорқыту, үркіту, құтын ұшыру.
Страши́ться — қорқу, зәресі ұшу, үрку.
Стра́шно — қорқынышты.
Стра́шный — қорқынышты, құт ұшыратын.
Страща́ть — қорқыту, зәресін алу.
Стрела́ (лучная) — масақ (садақтың оғы).
Стре́лка — стрелка: 1) сағаттың тілі; 2) жүрекше (тұяқтың); жолды я бір затты көрсеткіш.
Стрелка компасная — компас стрелкасы.
Стрелка магнитная — магнитті стрелка.
Стрело́к — атқыш.
Стре́лочник — стрелочник (темір жолда поезды жолға салып жіберіп тұратын кісі).
Стрельба́ — атыс.
Стрельба боевая — ұрыс атысы.
Стрельба в промежутки — аралық атыс.
Стрельба в цель — нысанаға ату.
Стрельба групповая — топтап ату.
Стрельба заграждения — бөгей атыс.
Стрельба залпами — қауырт атыс.
Стрельба зачетная — імтихандық, сынақ атыс.

Стрельба из лука — садақтан ату.
Стрельба меткая — дәл атыс.
Стрельба на индивидуальное первенство — дара озып шығу атысы.
Стрельба навесная — тік атыс.
Стрельба одиночная — бірен-сарандаған атыс.
Стрельба орудийная — орудия атысы.
Стрельба очередями — кезек-кезек атыс (автоматпен).
Стрельба по заранее подготовленным данным — күн бұрын белгілі орынға ату.
Стрельба практическая — практикалық атыс.
Стрельба призовая — бәйгелі атыс.
Стрельба рикошетная — рикошетті атыс (тиген жерінен екінші жерге аттатып түсіру атысы).
Стрельба с закрытых позиций — жабық позициядан ату.
Стрельба синхронизированная — бір мезгілде басқалармен бірге ату.
Стрельба учебная — үйреншік атыс.
Стрельба учебно-боевая — жауынгерлік үйреншік атыс.
Стрельба химическая — химиялық атыс.
Стрельба через головы войск — әскердің басынан асыра ату.
Стре́льбище — атыс орны (пулемет, мылтық ататын орын).
Стреля́ть — ату.
Стрелять в цель — нысанаға ату, көздеп ату.
Стреми́тельность — қарқындылық, екпінділік.
Стреми́ться — тырысу, талаптану.
Стре́мя — үзеңгі.
Стереотруба — стереотруба (өзі көрінбей жатып алысты байқайтын аспап).
Стри́жка волос — шаш алдыру.
Стробоско́п — стробоскоп: 1) қозғалыстағы нәрселердің суретін салып алатын аспап; 2) қозғалатын механизмдердің және оның бөлімдерінің ісін бақылайтын аспап.
Стро́гий — қатал, қатаң, қатты.
Стро́гость — қаталдық, қатаңдық, қаттылық.
Строеви́к — 1) стройға жарамды әскер; 2) строй ісіне жетік адам.
Строе́ние — құрылыс.
Стро́ить — құру, жасау.
Стро́иться — 1) құрылу, жасалу; 2) стройға тұру.
Строй — строй (әскердің жүріске, әрекетке кірісерде бірлестігін қамту үшін, уставтағыдай сафқа тұруы).
Строй двухшереножный — екі шеренгелі строй (екі қатарлы саф).
Строй для атаки — атака (жасау) стройы.
Строй для похода — жорық стройы.
Строй кильватерный (судов) — кильватер стройы (бірінің артынан бірі жүрген кеме стройы).
Строй конный — аттылар стройы.
Строй летный — ұшқыштар стройы.
Строй маневренный — маневр стройы.
Строй пеших — жаяулар стройы.

Строй походный — жорық стройы.
Строй развернутый — жазылыңқы строй.
Строй развернутый (судов) — таралыңқы строй.
Строй разомкнутый — сиреңкі строй (стройда тұрған екі әскердің арасы кеміне бір қадам алыс болуы).
Строй рассыпной — шашыраңқы строй.
Строй расчлененный — бөлшектенген строй.
Строй сомкнутый — тығыз строй (қатар тұрған әскерлердің шынтақтары арасының алыстығы бір алақан шамасындай болып тұруы).
Строй уступа — жалтару строй (кельбатер линиясынан кеменің тая жүруі).
Стру́сить — қорқу, батылы бармау.
Сту́жа — қатты суық; аяз.
Сту́пѐнь — басқыш, саты, баспалдақ.
Ступѐнька стрелковая — атыс дәрежесі.
Ступи́ца колеса — дөңгелек шабағы.
Стык — түйіскен жер.
Стык двух дивизий — екі дивизияның түйіскен жері.
Стык рельсов—рельстердің түйіскен жері.
Сты́чка — соқтығысу.
Стычка разведывательная — шолғыншылар соқтығысы.
Стяг — ұзын таяқ, қада, сырғауыл.
Суд военный — әскери суд (сот).
Суд военно-полевой — әскери жорық суды.
Суд военный высший — әскери жоғарғы суд.
Суд дисциплинарный — тәртіп суды.
Суд полковой — полк суды.
Суди́ть — судтау (соттау).
Су́дно боевое — әскери кеме.
Судно винтовое — винтті кеме.
Судно вооруженное — құралды кеме.
Судно вспомогательное — көмекші кеме.
Судно госпитальное — госпиталь кеме.
Судно гребное — еспелі кеме.
Судно грузовое — жүк кемесі.
Судно дозорное — байқаушы кеме.
Судно измерительное — өлшегіш кеме.
Судно каботажное — каботаж (жаға) кемесі.
Судно моторное — моторлы кеме.
Судно наливное — құйып алғыш кеме (цистерналы кеме).
Судно нефтеналивное — мұнай құятын кеме.
Судно патрульное — патруль кеме (қорғаушы кеме).
Судно пиратское —пират кемесі (талаушылар кемесі).
Судно посыльное — шабарман кеме.
Судно разведывательное — шолғыншы кеме.
Судно стационарное — стационар кемесі (жаға қызметін атқаруға я полициялық қызметке арналған кеме).
Судно тихоходное — ақырын жүрісті кеме.
Судовладѐлец — кеме хожасы, кеме иесі.
Судостроѐние — кеме құралысы, кеме жасау.
Судохо̀дный — кеме жүрерлік.

Судья́ военный — әскери судья.
Сума́ переметная — қоржын.
Су́мка — сумка (боқша).
Сумка гранатная — гранат сумкасы.
Сумка для подков — таға сумкасы.
Сумка для противогаза — противогаз сумкасы.
Сумка инструментальная — сайман сумкасы.
Сумка ремонтная—ремонт сумкасы.
Сумка санитарная — санитар сумкасы.
Суста́в — буын.
Сухожилие — сіңір.
Су́ша — құры, құрғақ жер.
Схвати́ться (врукопашную) — ұстасу, жағаласу.
Схва́тка — ұстасу, жағаласу.
Схватка рукопашная — қолма-қол ұрыс салысу.
Схватка смертельная — жаналқымға келісу.
Схе́ма — схема (кестелі жоба).
Схема боевых действий — жауынгерлік әрекет схемасы.
Схема заградительного огня — бөгеу оғының, атудың схемасы.
Схема мишенной обстановки (при боевой стрельбе) — нысана жағдайының схемасы.
Сцепле́ние — тіркеу.
Счита́ть — санау, есептеу.
Съё́мка — съемка (жердің картасын түсіріп алу).
Съемка глазомерная — көзбен шамалап съемка жасау.
Съемка инструментальная — сайман арқылы съемкалау.
Съемка перспективная — перспективті съемка.
Сыро́й (о погоде) —сылбыр, дымқыл.
Табли́ца — таблица (кесте).
Таблица боя — соғыс таблицасы.
Таблица влияния атмосферных условий — атмосфера жағдайының әсерін көрсететін таблица.
Таблица плановая — планды таблица.
Таблица плановая боя артиллерии — артиллерия тигіштігінің планды таблицасы.
Таблица плановая марша — планды жүріс таблицасы.
Таблица стрельбы графическая —атыстың графикалы таблицасы.
Таблица траектории графическая—траекторияның графикалы таблицасы (ұшқан оқ жолының графикалы кестесі).
Таблица тригонометрическая — тригонометрия таблицасы.
Таблица целей — **көздеу** (нысана) таблицасы.
Та́инственность — құпиялық, жасырындылық.
Та́инственный — жасырын, құпия.
Таи́ть — жасыру, іште сақтау.
Таить злобу — дұшпандығын жасыру, жаулығын жасыру, кек сақтау.
Таи́ться — 1) жасырыну, білінбеу; 2) тығылып тұру.
Таймý́н — таймун (ағаштан ойылып жасалған кішкене қайық).
Тайко́м — жасырынып; ұрланып, жасырып.
Та́йна — құпия сыр, жасырын сыр, сыр.
Тайна военная — әскери құфия
Тайни́к — құпия орын (адам

білмейтін, жасырын жер, сарай т. б.).

Такела̀ж —такелаж, кеме жабдығы (темір арқан сияқтылар).

Такела̀жить — такелаждау, такелажбен жабдықтау.

Та̀ктик — тактик (соғыс тактикасын, соғыс әдісін жақсы білуші).

Та̀ктика — тактика (соғыс өнерін, әдісін жақсы білдіретін ғылым).

Тактика авиации — авиация тактикасы.

Тактика артиллерии — артиллерия тактикасы.

Тактика бронесил — броннялы әскер күші тактикасы.

Тактика глубокая — терең тактика.

Тактика групповая — группалық тактика.

Тактика конницы — атты әскер тактикасы.

Тактика линейная — линиялық тактика (атыс линиясындағы әскерлерді орналастыру тактикасы).

Тактика мелких подразделений — кіші әскер бөліктері тактикасы.

Тактика морская — теңіз тактикасы.

Тактика общая — жалпы тактика.

Тактика огневая — атыс тактикасы.

Тактика пехоты — жаяу әскерлер тактикасы.

Тактика родов войск — әскер түрлерінің тактикасы.

Тактика танков — танктер тактикасы.

Тактика эшелонированная — эшелондау тактикасы.

Такти̇̀ческий — тактикалы, тактика жолымен.

Та̀львег — тальвег (ойпаң).

Танк — танк.

Танк амфибия — амфибия танк (таяз суда да, құрыда да жүре беретін танк).

Танк боевой — ұрыс танкісі.

Танк быстроходный — тез жүретін танк.

Танк десантный — десанттық танк (жаудың тылына әскер апарып түсіруге қолайланған танк).

Танк легкий — жеңіл танк.

Танк колесно-гусеничный — жыланбауыр дөңгелекті танк.

Танк малый — кіші танк.

Танк мостовой — көпірлік танк.

Танк орудийный — орудиялы танк.

Танк плавающий — жүзгіш танк

Танк прорыва — саф бұзғыш танк.

Танк пулеметный — пулеметті танк.

Танк пушечный — *танк орудийный* деген сөзді қара.

Танк разведывательный — шолғыншы танк.

Танк средний — орта танк.

Танк тихоходный — шабан танк.

Танк тяжелый — ауыр танк.

Та̀нкер — танкер (ыдыссыз сұйық зат тасыйтын кеме).

Танке̇̀тка — танкетка (пулеметті, кішірек жүйрік танк).

Танки̇̀ст — танкист (танкті жүргізуші).

Танкофо̀н — танкофон (танк дауыстарын айыратын аппарат).

Та̀ра — ыдыс.

Тара̀н — таран: 1) қорғанды дуалды бұзатын, басына темір орнатқан бөрене;

2) бір нәрсені көлденең тесу үшін, жасалған бөрене; 3) жау кемесін бұзу үшін жасалған, кеменің үшкір тұмсық жақ астыңғы қыры.

Таран минный — мина тараны.

Таранить — 1) кеменің тұмсығымен езу; 2) бір нәрсені (дуалды, қабырғаны, қарды т. б.) тесіп шығу; 3) жүк көтеретін машинаның бір түрі.

Тарелка клапана — клапан тарелкасы.

Таскать — тасу; сүйреу, алып жүру.

Тахеометр — тахеометр (жер өлшеуге, план түсіруге керекті аспап).

Тачанка пулеметная — пулемет арбасы.

Тащить — сүйреу, тасу, тарту.

Твердеть — қатаю, шынығу.

Твердить — нығайту.

Твёрдость — 1) тұрақтылық, табандылық; 2) қаттылық.

Твёрдый — 1) тұрақты, табанды; 2) қозғалмайтын.

Театр военных действий — соғыс әрекетінің майданы.

Тебеньки седла — ердің тебінгісі.

Текучесть — 1) ағушылық; 2) тұрақсыздық, жайы өзгеріп тұратындық.

Телевидение — дене көрініс (электр арқылы алыс жерден суретін көру).

Телега — арба.

Телеграмма — телеграмма (телеграф арқылы берілген хабар, сол хабар жазылған қағаз).

Телеграф — телеграф (сым арқылы электр қуатына сүйеніп сигнал беретін орын, құрылыс).

Телеграф беспроволочный — сымсыз телеграф.

Телеграф шестовой — бағаналы телеграф.

Телеграфировать — телеграмма беру.

Телеграфист — телеграфист (телеграмма алу, беру маманы).

Тележка катапультовая—аэроплан арбасы (кеме үстіндегі).

Телескоп — телескоп (өте алыстағы затты жақындатып, үлкейтіп көрсететін аспап).

Телефон — телефон (электр жәрдемімен сымға жалғасқан сөйлесу аппараты).

Телефон беспроволочный — сымсыз телефон.

Телефон индукторный — индукторлы телефон (ауыспалы токты телефон).

Телефон полевой — жорық телефоны.

Телефон форпостный — форпостық телефон (алдыңғы позициядағы телефон).

Телефонист — телефонист (телефоншы).

Телефотография — телефотография (алыстан үлкейтіп суретке түсіріп алатын аспап).

Телосложение — дене құрылысы.

Темляк пики — найзаның бүлдіргесі.

Темп — темп (қарқын).

Темп движения — жүріс қарқыны.

Температура — температура: 1) ыстықтық дәрежесі; 2) атыс дәрежесі.

Температура воспламенения —

жалындау, тұтану температурасы.

Температура вспышки — өртену, ұшқындау температурасы.

Температура застывания — қату, мұздау температурасы.

Тент (для спуска самолетов на воду) — тент: 1) желкен сияқты жамылтқы; 2) палубадағы сондай жамылтқы астындағы орын.

Тень — көлеңке.

Теодолит — теодолит (жер өлшеу жұмысында — бұрыштарды өлшейтін аспап).

Теплеть — жылый түсу.

Теплить — 1) өртеу, жағу; 2) еріту.

Теплиться — жану.

Тепло — жылы.

Теплота — жылылық.

Тереть — 1) ысу; 2) қажау; 3) сүрту, қыру.

Тереться — 1) ысылу; 2) қажалу; 3) сүртілу, қырылу.

Терзание — 1) дал-дұлын шығару, талдау; 2) жәбірлеу, азаптау.

Терзать — *терзание* деген сөзді қара.

Термит — термит (өте күшті қызу беретін, металл мен ұнтақ алюминий қосындыдысы).

Термометр — температураны өлшейтін аспап.

Термос — термос (ішіндегі ыстық затты суытпайтын аспап).

Территория — территория аймақ.

Террор — террор (саяси жікке қарсы, тек жеке кісіні өлтіру).

Терроризировать — террорлау (жеке адамдарды жасырын өлтіре беру).

Тесак — қанжар, кездік.

Теснина — соқпақ, жалғыз аяқ жол.

Теснить — 1) тарылту, қысу; 2) ығыстыру, сығу.

Теснить противника — жауды ығыстыру, қысу.

Тесниться — 1) тарылу, қысылу; 2) ығыстырылу.

Тетива — садақ бауы, жақтың бауы.

Техника — техника (тетік).

Техника военная — соғыс техникасы.

Течение — 1) ағыс, ағын; 2) ағым (заман ағымы).

Тир — тир (атыс орны).

Тиран — тиран: 1) ескі Грецияда — мемлекет билігін күшпен алушы адам; 2) ойына келгенін істейтін хияли бастық; 3) өлшеусіз, шексіз жауыз адам (мысалы Гитлер).

Тиранить — шексіз жауыздық істеу.

Тирания — шексіз жауыздық.

Тиски — қысқаш.

Тиф — сүзек.

Тиф сыпной — бөртпе сүзек.

Тиф брюшной — қарын сүзек.

Тиф возвратный — қайталама сүзек.

Тихий — жай, ақырын, жуас, тыныш.

Тихоход — жай жүріс, ақырын жүріс.

Тише — тыныш, жай.

Тишина — тыныштық.

Токсин — токсин (түрлі микробтар арқылы жіберілетін улы зат).

Толкать — итеру, түрту.

Толщина — қалыңдық.

Толщина брони — броняның қалыңдығы.

Тоннаж — тоннаж (кеменің

салмағы я көлемі; кеменің судан алған орны).
Тону́ть — бату, суға кету.
Топи́ть — суға батыру, ғарқ қылу.
Топи́ться — батып кету, ғарқ болу.
То́пка — жағу.
То́пливо — отын.
Топливо жидкое — сұйық отын.
Топогра́фия — топография (жердің келбетін планға я картаға түсіріп алу әдісі).
Топография военная — әскері топография.
Топо́р — балта.
Топор возимый — ұзын балта.
Топор носимый — қол балта.
Топори́ще — балта сабы.
Топор-кирка — шот-балта.
Топта́ть — таптау.
То́рба — торба.
Торжество́ — салтанат, сәулет.
Торжествова́ть — масайрау.
Торможе́ние — тормоздау, кедергілеу.
То́рмоз — тормоз (кедергі).
Тормоз автоматический — автоматты тормоз.
Тормоз гидравлический — гидравликалық тормоз (сумен тормоздайтын кедергі).
Тормоз дульный — желді тормоз.
Тормоз колесный — дөңгелектегі тормоз.
Тормоз колодковый — қалып тормозы.
Тормоз ножной — аяқ тормозы.
Тормози́ть — тормоздау (машина жүрісін кедергілеу, тоқтату).
Торопи́ть — асықтыру.
Торопи́ться — асығу.

Торопли́вость — асығыстық.
Торпе́да — торпеда (суда жүзіп кетіп, кемені қыйрататын снаряд).
Торпеда воздушная — әуе торпедасы.
Торпеда химическая — химиялық торпеда.
Торпеди́ст — торпедист, торпедашы.
Торпедоно́сец — торпедалы кеме (торпеда артып жүретін кеме).
Точи́ть — қайрау.
Точить саблю — қылышты қайрату.
То́чка — точка (атыс орны, жеке орын).
Точка взрыва — жарылу точкасы.
Точка вспомогательная — көмекші точка.
Точка командная — командалау точкасы.
Точка мертвая — өлі точка.
Точка наивысшей траектории — траекториялық ең жоғарғы точкасы (ұшқан оқтың ең жоғарылаған жері).
Точка нахождения — тұрған точкасы (жері).
Точка огневая — атыс точкасы.
Точка опорная — салмақ түскен точка.
Точка основного направления — негізгі беталыс точкасы.
Точка попадания — тию точкасы, тиетін жер.
Точка триангуляционная — триангуляционная точка (үшкілді есептеу жолы арқылы табылатын точкалардың ара мөлшері).
То́чность — дәлдік.
Точность попадания — тию дәлдігі.

Точность стрельбы — атыс дәлдігі.
Тра́верс — траверс: 1) флангалық оқтан сақтануға керекті окоптың екі жанына үйілген балшық; 2) кеменің беталысындағы перпендикулярлы бағыт; 3) аттың қырын шабысы.
Трави́ть — 1) қыру, жою; 2) улатып өлтіру.
Тра́вма — травма (сыртқы әсерлер арқылы тәнге түскен жара).
Тради́ция — традиция (ескіден келе жатқан салт, әдет).
Траекто́рия — траектория (ұшқан оқтың әуедегі жолы, ізі).
Траектория навесная — тік траектория.
Траектория наивысшая — ең жоғарғы траектория.
Траектория наинизшая — ең аласа траектория.
Траектория настильная — жербауырлаған траектория.
Траектория средняя — орташа траектория.
Трак — трак (жыланбауыр трактордың стальді звеносы).
Тракт — даңғыл жол.
Тра́ктор — трактор.
Трактор армейский тяжелый — армиялық ауыр трактор.
Трактор артиллерийский — артиллериялық трактор.
Трактор гусеничный — жыланбауыр трактор.
Трактор колесно-гусеничный — дөңгелекті жылан-бауыр трактор.
Трактор колесный — дөңгелекті трактор.
Трал — трал (теңіз астының тегістігін тексеретін аспап).
Тра́льщик — тральщик (су астындағы минаны ұстайтын кеме).
Трампли́н — трамплин (тығырық, тірек орнына жұмсалатын зат).
Тра́нспорт — транспорт (көлік).
Транспорт автомобильный — автомобиль транспорты.
Транспорт армейский — армия транспорты.
Транспорт вьючный — жүк арту транспорты.
Транспорт гужевой — арбалы (керуен) транспорты.
Транспорт десантный — десанттық транспорт.
Транспорт железнодорожный — теміржол транспорты.
Транспорт колесный — дөңгелекті (арбалы) транспорт.
Транспорт легкий инженерный — инженерлік жеңіл транспорт.
Транспорт моторизированный — моторланған транспорт.
Транспортёр — транспортер: 1) жүктің үздіксіз жүріп тұруына керекті құрлыс, конвейер; 2) автомобильді гаражға орналастыратын бұрылмалы арба; 3) транспортпен жабдықтайтын мекеме, адам.
Транспорти́р — транспортир (градусы көрсетілген бұрыш өлшегіш доға сияқты сызу аспабы).
Транспорти́ровать — тасу, тасып жеткізу.
Транспорти́роваться — тасыну, тасынып жету.
Тра́нспортник — транспортник (транспорт қызметкері).
Трансформа́тор — трансформатор: 1) қайта құрушы, қайта істеуші; 2) ауыспа-

лы токты азайтып, көбейтіп тұратын құрал.
Траншейный — траншеялық.
Траншея — траншея: 1) әсіресе, позициялық соғыста ұзын, терең окоп; 2) бір жерге қатысу үшін жасалған ор.
Трап — трап: 1) кемедегі арқаннан жасалған басқыш; 2) идендегі су ағызатын кішкене тесік; 3) дирижабльдің иденіне төселген төсем.
Трасса — трасса (жолдың, каналдың бет алысы).
Трассировать — трассалау (снарядтың, оқтың ұшқан жолына ақ із қалдыруы).
Трата — шығын.
Тратить — шығару, шығындау.
Тратить время — уақыт өткізу, жолдан қалу.
Тратиться — шығындалу.
Требование — талап ету, талап сұрау.
Требовательный — іске қатал, талап қойғыш.
Требовать — талап ету, керек қылу.
Тревога — дабыл.
Тревога боевая — соғыс дабылы.
Тревога воздушная — әуе дабылы.
Тревога газовая — газ дабылы.
Тревога ложная — жалған дабыл.
Тревога ночная — түнгі дабыл (түнде берілетін дабыл).
Тревога учебная — үйреншік дабыл.
Тревога химическая — химиялық дабыл.
Тревожить — 1) дабыл қағу; 2) мазалау; 3) қорқыту.
Тревожиться — 1) мазасыздану; 2) қорқу; 3) сасу; тынышсыздану.
Тревожный — 1) мазасыз, дабылды; 2) қорқытатын, састыратын.
Тренер — тренер (бір іске жаттықтандырушы, машықтандырушы).
Тренер служебных собак — қызмет иттерін үйретуші.
Трензель — ауыздық.
Трение — 1) қажалу, ысылу, үйкелу; 2) ерегес, керіс.
Тренироваться — жаттығу, дағдылану, әзірлену.
Тренировка — әзірлену, жаттығу.
Тренировочный — жаттықтыратын, жаттығыс.
Тренога — шідер.
Тренчик — қанжыға.
Трехпалубный — үшпалубалы.
Трепать — 1) жұлмалау, жұлқылау; 2) жалба-жұлба қылу.
Треск — 1) жарылу, шатнау; 2) шартылдау.
Трескаться — 1) жарылу, шатнау; 2) шартылдау, сартылдау.
Трескотня — сатыр-сұтыр, шатыр-шұтыр.
Трещать — 1) жарылу; 2) шартылдау.
Трещина — жарық.
Трибунал — трибунал (әскери жоғарғы суд).
Триплекс — триплекс (снаряд тигенде ұшып кетпес үшін арасы пластмасса арқылы беттестірілген қос шыны).
Триумф — триумф: 1) табысты, жеңіс, көрнекті, күрделі табысқа байланысты салтанатты қарсы алу; 2) көрнекті табысқа байланысты зор іс.
Тронуть — 1) қозғау; 2) бұзу.

Тронуться — қозғалу; 2) әсерлену; бұзыла бастау.
Тропа — соқпақ, сүрлеу.
Тропа горная — тау соқпағы.
Тропинка — жалғыз аяқ жол,
Трос — трос (құрыштан ескен темір аркан).
Трос буксирный — буксир тіркейтін трос.
Трос к ножному спуску (у танкового орудия) — төмен түсіретін трос (арқан).
Трос минный — мина тросы (мина арқаны).
Тростить — бұрау, есу (арқанды).
Тросы управления — басқару тросы.
Трофей — трофей (жаудан түскен олжа).
Труба — труба.
Труба аэродинамическая — аэродинамикалық труба.
Труба вентиляционная — вентиляция трубасы (үй һауасын жаңартқыш труба).
Труба выхлопная — жарамсыз газды шығаратын труба.
Труба дымовая — түтін трубасы.
Труба оптического прицела — оптикалы прицел трубасы.
Труба переговорная — сөйлесу трубасы.
Труба подзорная — дүрбі.
Трубач — трубач (кернейші).
Трубить — трубамен шақыру, айқайлау; қатты сөйлеу.
Трубка — трубка.
Трубка визирная — дәлдеу трубкасы.
Трубка дистанционная — дистанциялық трубка (аралық трубка).
Трубка зажигательная — тұтандыратын, оталдыратын трубка.
Трубка телефонная — телефон трубкасы.
Трубка ударная — соғатын, қағатын трубка.
Трубка ударно-детонаторная — соқпалы-детонатор трубка.
Трубопровод — труба өткергіш.
Труд — еңбек.
Трудиться — еңбектену, еңбек ету.
Трудно — қыйын, ауыр.
Трудность — қыйыншылық.
Труп — өлік.
Трус — қорқақ.
Трюм — трюм (кеме түбімен палуба арасындағы жүк қоюға арналған бөлек үй).
Трюм минный — мина трюмі.
Трясина — мибатпақ.
Туго — тар, тығыз, қатты, қыйын.
Туман — туман (қалың шаңыт).
Туман искусственный — жасанды туман.
Туманный — тұманды көмескі.
Туннель — туннель (өту, жүру үшін тесілген тау, жер).
Тупик — тұйық.
Тупой — өтпес, тұқыл, доғал.
Турбина — турбина (бу, су арқылы айналып тұратын двигательді машина).
Турель — турель (самолетке пулеметті, орудияны орнатуға қойылған бұранда).
Тыл — тыл.
Тыл глубокий — алыс тыл.
Тщательно — әбден.
Тягач — сүйреме (өзіне тіркелген құралды, арбаны сүйреуге арналған автомобиль, трактор).
Тяжёлый — 1) ауыр, салмақты; 2) қыйын.
Тяжесть — 1) төмен тартушы-

лық; 2) салмақ; 3) ауыр зат.
Тя́жкий — ауыр, қыйын.
Убавля́ть — кеміту, азайту.
Убавля́ться — кемітілу, азайтылу.
Убега́ть — қашып кету, қашып құтылып кету.
Убеди́ть — сендіру, нандыру, көзін жеткізу; көндіру.
Убежда́ть — *убедить* деген сөзді қара.
Убежде́ние — сенім, наным, ұғым, нану, ұғындыру.
Убе́жище — баспана, пана.
Убежище бетонное — бетонды пана.
Убежище минное — мина панасы (минадан сақтанатын орын).
Убежище санитарное — санитарлық пана.
Убива́ть — өлтіру; жоқ қылу; құрту.
Убива́ться — өлтірілу; жоқ болу; құртылу.
Убийство — өлтіру, кісіні өлтіру.
Убийца — қанішер, қанішкіш, кісі өлтіргіш.
Убира́ть — 1) жыйнау, жыйнап алу; 2) жыйып қою, жыйнастыру.
Убира́ться — 1) кету, шығып кету, тез кету; 2) сыйысу, сыйыстырылу.
Уби́тый — өлтірілген, жойылған, жоқ қылынған.
Уби́ть — *убивать* деген сөзді қара.
Убо́р головной — бас кийім.
Убра́ть — *убирать* деген сөзді қара.
Убыва́ть — 1) азаю, кету; 2) тартылу.
Убыло́й — кеміген, тартылған.
Убыль — кему, азаю, тартылу.
Убыстри́ть — тездету, жылдамдату.
Убы́ток — зиян, шығын.
Уважа́емый — хүрметті, сүйікті, қадірлі, қадірлеуге, сыйлауға тұрарлық.
Уважа́ть — сыйлау, қадірлеу, хұрметтеу.
Уваже́ние — қадір, хұрмет.
Ува́л — увал: 1) қыр, дөңес, дөң; 2) соқпа, оқап (жолдың).
Ува́ливать —1) жантайту, қыйсайту; 2) топтанып кетіп қалу; 3) басу, сүйрету (киізді); 4) аунатып былғау.
Ува́ливаться — жантаю, қыйсаю.
Увезти́ — 1) көлікпен алып кету; 2) ұрлап кету; 3) алып қашу.
Увеличе́ние — үлкею, арту, көбею; үлкейту; арттыру, көбейту.
Увели́ченный — үлкейген, артқан.
Увели́чивать — арттыру, үлкейту, көбейту.
Увели́чиваться — үлкею, арту, көбею.
Увели́чить — үлкейту, арттыру, көбейту.
Увеличить скорость — жүрісті тездету, жылдамдату.
Увере́ние — сенім, наным; сендіру, нандыру.
Уве́ренность — 1) сенімділік, көзі жетушілік; 2) батылдық.
Уверенность в себе — өзіне сенушілік.
Уве́чье — жарымжан болу, зағиптану.
Увида́ть — 1) көру; 2) алыстан көру.
Уви́деть — көру.
Увлека́ть — 1) алып кету;

2) қызықтыру, біріктіру, тарту.
Увольнение в запас — запасқа шығару.
Увольнение в резерв — резервке шығару.
Увольнять — босату, шығару (қызметтен).
Увольняться — босау, босап шығу (қызметтен).
Угадать — 1) шамалап табу. ойлап табу; 2) дер кезінде, уақытында істеу.
Угар — угар (иіс, моншада, үйде тиетін иіс).
Углекислота — көмір қышқылы (газ).
Углерод — көміртегі.
Угломер — бұрыш өлшеуіш.
Углубить—1) терендету; 2) сұғындыру.
Углубиться — 1) терендеу; 2) сұғыну, сүңгу, бату, ішіне ену.
Угол — бұрыш.
Угол атаки — атака бұрышы (самолеттің барып қайтатын жері).
Угол вертикальный — тік бұрыш.
Угол возвышения — биіктеу бұрышы (артиллерия бомбасының ең жоғары көтерілген жолы).
Угол вылета — ұшқан оқтың жоғары көтеріліп барып, төмен құлаған жері.
Угол горизонтальный — жазық (көлденең) бұрыш.
Угол крутизны — шұғылдық, бұрыш (оқтың түскен жеріндегі еңкіштігімен ату линиясы арасының қашықтығы, бұрышы).
Угол наблюдения — бақылау бұрышы.
Угол наклона—еңкіс бұрышы.
Угол обстрела — атыс бұрышы.
Угол обхвата — қамау бұрышы.
Угол острый — үшкір бұрыш.
Угол отклонения — тайсалыс, ауытқу бұрышы.
Угол падения — түсу бұрышы (оқ, бомба).
Угол пикирования — шүйілу бұрышы.
Угол преломления — бүктеліс бұрышы.
Угол прицеливания — көздеу бұрышы.
Угол прямой — тура бұрыш.
Угол тупой — доғал бұрыш.
Угол укрытия — бүркеу бұрышы.
Уголь — көмір.
Уголь активированный — тазартылған көмір, өнделген көмір, улы газды жұтқыш көмір (противогазда т. б. болады).
Уголь брикетный — брикетті көмір.
Уголь бурый — сұр тас көмір.
Уголь древесный — ағаш көмірі.
Уголь коксовый — коксті тас-көмір.
Угорать — иіс тию, угарлау.
Угробить — 1) өлтіру; 2) жок қылу, жою; 3) қыйрату.
Угрожать — қорқыту, хауыптөндіру.
Удаление — 1) жою (кемшілікті); 2) алыстату, алып тастау.
Удалять — алыстату, шеттету; алып тастау.
Удар — 1) удар, соққы; 2) кенет бас салу; 3) ауыр халге түсіру.
Удар в тыл—тылға соққы беру.

Удар во фланг — флангасынан ұру, соғу.
Удар главный — басты соққы.
Удар солнечный — күн өту.
Удар фронтальный — тұс-тұсынан болатын соққы.
Удар штыковой — найза соққысы.
Ударник — шаппа, шүріппе.
Ударить — *ударять* деген сөзді қара.
Ударный — екпінді.
Ударять — соғу, ұру.
Удариться — соғылу, ұрылу.
Удача — жолы болу, сәті түсу.
Удержать — 1) тоқтату, тыю; 2) ұстап қалу, жібермей қою.
Удерживать — *удержать* деген сөзді қара.
Удерживаться — 1) тоқталу, тыйылу; 2) ұсталу, жіберілмей қою.
Удила — ауыздық.
Удирать — 1) жұлу, сыдырып алу; 2) тез қашу ,тез кету, табанын жалтырату.
Удлинить — ұзарту, созу.
Удлинить фронт — майданды ұзарту.
Удобный — қолайлы, оңтайлы, жайлы.
Удобство — қолайлылық, оңтайлылық, жайлылық.
Удушать — тұншықтыру, буындыру.
Удушать газом — газбен тұншықтыру.
Удушающий — тұншықтырғыш.
Удушение — буындыру, тұншықтырғыш.
Удушливый — тұншықтырғыш.
Узел — 1) ілмек, түйін; 2) тарау, тармақ; 3) бір сағатта алатын теңіз линиясына тең теңіздегі жүріс тездігі.
Узкий — тар.
Узкость — тарлық, қысаңдық.
Узнавать — тану, білу.
Узнать — тану, білу.
Узость — *узкость* деген сөзді қара.
Уйти — 1) кету; 2) қашып кету, құтылу.
Указание — көрсету, сілтеу, нұсқау.
Указатель — көрсеткіш, жетекші.
Указатель вертикальной скорости — тік ұшу шапшаңдығын көрсеткіш аспап.
Указатель дороги — жол көрсеткіш.
Указатель поворота и крена — бұрылуды, аударылуды көрсететін аспап.
Указатель скорости — жылдамдықты көрсеткіш.
Указывание — көрсету.
Указывать — көрсету, сілтеу.
Укладка (корабля)—салу, үю.
Укладка наружная — сыртқы салма.
Укладывать — қою, үю, жыйнау, жатқызу.
Уклон (наклон) — еңкіс, ылдый; ауық.
Уклонение — ауа жайылу, қыйсаю; бас тарту.
Уклоняться — қыйсаю, ауа жайылу, бас тарту.
Укомплектовать — толықтырып алу, жыйнау.
Укорачивать — қысқарту.
Укороченный — қысқартылған.
Укрепление — бекініс, қамал.
Укрепление временное — уақытша бекініс.
Укрепление железобетонное — темірбетонды бекініс.
Укрепление ложное — жалған бекініс.
Укрепление предмостное — көпір жанындағы бекініс.

Укрепление полевое — жорық бекінісі.

Укрепление постоянное — тұрақты бекініс.

Укреплённый — бекітілген.

Укреплять позицию — позицияны бекіту, нығайту, күшейту.

Укреплять тело — денені бекіту, мықтау.

Укрепляться — бекіну.

Укрывать — 1) тығыну, қымталу; 2) тығу, жасыру, көрсетпеу.

Укрываться — тығылу, жасырыну.

Укрываться за щитом — қалқан жамылу.

Укрытие — 1) жасыру, тығу, қымтау; 2) таса, тығылатын орын.

Укрытие броневое — бронялы тасалайтын орын.

Укрытие естественное — тәбиғи таса.

Укрытие стрелковое естественное—тәбиғи атысу тасасы.

Укутывать — орау, құндақтау.

Укутаться — орану, құндақталу.

